

Кайкен Ж.Б Тахбаева Р.Ш Джандыбаева З. С

**КІШІ (МИКРО) ЖӘНЕ ҮЛКЕН (МАКРО)
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУЫ**

Семей 2018 ж

УДК 330

ББК 65.60я728

Пікір білдірушілер:

1. Зиядин С.Т –экономика ғылымдарының, докторы, профессор.
2. Айдарханов М.Х – экономика ғылымдарының кандидаты, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің экономика кафедрасының доценті.

Кіші және үлкен экономикалардың талдауы Оқулық .Семей 2018ж.

Қазақ инновациялық гуманитарлық- заң университетінің оқу-әдістемлеік кеңесінде талқыланып,баспаға беру ұсынылды.

Оқулықта алғашқылардың бірі болып қазақ тілінде кіші (микро) және үлкен (макро) экономикалардың негізгі тараулары берілген.

Қайталанбау ойластырылып кейбір тараулардың мазмұнын оқу үшін бұрын шығарған кейбір экономикалық пәндердің оқулықтары ұсынады. Оқулық экономика саласындағы басшы, мамандарға, доктарант, магистрант, жоғарғы, арнайы орта оқу орындарының ұстаздарына, жоғары оқу орындарының студенттеріне, экономикаға қызығушылық, танытатын жалпы қауымға ұсынылады.

ISBN 978-601-7166-76-9

Кайкен Ж.Б
Тахтаева Р.Ш
Джандыбаева З.С

ЕЛ БОЛУ СІЗДЕН!

АЛҒЫСӨЗ

Оқулық қазақ тілінде оқып, қазақтың, өзімді, елімді қазақ болып көтеремін деген талапкерлерге арналады.

Сөзді ел болудан бастағанымыз ондай ардақты атқа не болып, дүниежүзі сізді мойындап, сізбен санасу үшін қажетті көп мәселелердің екеуін ғана қозғайық.

Ол тіл, білім - бір елмен екенші елдің бірінші айырмашылығы тілі, сондықтан өз іші түгіл дүние жүзіне жаратуға барын салады. Алысқа бармай ағылшындарды алыңыз, тілін білуге ақшасын неге шашады, ықпалы артады. Біз өз елімізде, жанұясында аман- сәлем жасауға қиналамамыз. Бұл туралы бұрынғылар (алашордашылар), кәзірдегі "м" әрпінен аты басталатындар еститін құлақ болса аз айтып жатқан жоқ.

Оқулық экономика деп еді, оны шығарғандар неге тіл деп сайрайды деменізер. Мақсатымыз, асалаумағалейкумдерге әсер тілі келетін экономикамен шұғылданушылардың ел арасына барып өз ана тілінде, өндірісті жүргізіп, жұмыс орындайтын қарапайым қазаққа түсінікті тілмен не істеп, не қоятынын айтып түсіндіріп, оларды үйретіп, басшылық жасайтын мүмкіндігі болса екен деу, аудармашы жалдамай, елмен тіл табысса екен дейміз.

Екі, үш жүз жыл араласып орысша үйреніп қалдықпа дегеннің өзі негізгі еңбеккерлер, әсіресе ауылдағылар үшін әлі түсініксіздік көрсетуде, ол оның ішінде, жиі кездесетін басқа шетел сөздері құлақтарына түрпідей естіледі. Ол сөздерді орыстардың көбі бірі ұғып, бірі ұқпайды. Осындай шұбар тілмен, ұзағанда жартылай орыс тілімен сөйлейтін маман, басшыларды жұмысшылар, қарапайым халық ұға ма, ұқпаса қандай нәтиже тоспақпыз. Міне мәселе қайда?

Сондықтан ұсынып отырған оқулық таза қазақ тілінде, елге, ел болам десек, түсінікті болар деп үміттенеміз. Қоса кететін бір сөз шет ел сөздерінде қазақшалауға талпынып, оқулықтың соңында жеке қайталадық. Не нәрсені өз тілінде айтып, қазашалау мүмкін емес дейтіндер намысымызға тиеді. Қазақ жеке ел ретінде, кез келген мәселені, оның ішінде ғылыми жаңа туындыларда бар, айта алады. Тіпті болмаса, сөзбен айналысатындар, елмен ақылдасып, жаңа туынды ұсынар.

Біз алдымыз, жарт ғасыр бойы жоғары оқу орнында ұстаздық етіп, оның ішінде егемендік алғаннан бері шәкірттерге экономика пәндерінен сабақ беріп келеміз. Одақ кезінде, кейіннен Қазақстанда экономика мәселелерімен шұғылданып, бүге-шігесінен мағлұмат алған адамдармыз. Экономикаға байланысты мәселелердің қазақ тіліндегі мағынасын айыру мүмкіндігіне жетістік, бұған одақ кезіндегі ауылдарға барып қазақ тілінде дәрістер оқығандығымызда мүмкіндік берді.

Сөз басындағы қозғаған екінші сөз - білім. Таңдаған мамандықты игеру үшін бірнеше пәндерді оқып, берерін есіне сақтап, тәжірибеде, өндірісте пайдаланып іскер болады. Біздің ұсынып отырған оқулығымыз кіші

(микро), үлкен (макро) экономикалардың талдауы. Аңғарған шығарсыздар білім және ғылым министрлігінің бағдарламасында пәннің аты «Микро, макроэкономикалық талдау». Қазақ тіліндегі оқулық шет ел сөздерін (микро,макро) ана тіліне аударғандағы мағынасына жатады. Жалпы «экономика» деген сөз де шеттікі (ойкос, nomos), қазақша шаруашылықты білдіреді. Елдің көбіне түсінікті болу үшін өзгеріссіз қалдырылды.

Ағылшындардың жіктелуінде экономика екі бөліктен тұрады: кіші (микро), үлкен (макро), бұдан әрі осы сөздермен ауыстырылады. Бұлай бөлінуі көлеміне, қарайтын мәселелеріне, оған араласып, шешушілеріне байланысты.

Кіші экономика өмірге келген әрбір адам, үлкен-кішілі кәсіпорындар туралы, солардың өмір сүруіндегі жағдайлары, оның өзгерісі, жақсартуындағы әрекеттері, қимыл-шаралары туралы айтады.

Мысалы әрбір адам өмір сүруі үшін өзіне қажетті жағдайларды жасайды, ол ауа, су, тамақ, жылылық, денсаулық, көңіл-күй. Бұлармен қамтамасыз етілуі үшін әрекет жасайды, еңбек етеді, амал-айлалар қолданады. Ол үшін бастапқыда ата-анасы, қоғам, одан кейін өзін дайындайды.

Өсе келе білім алып, тәжірибе жинақтап, жанұя құрып кәсіппен, кәсіпкерлікпен шұғылданады. Осыларға байланысты мәселелердің бәрі кіші экономика қарамағында, оның негізгі шешушісі өзі, адам. Өмір қажеттілігін шешу үшін оның бәрі сатулы, бос жатқан дүние жоқ, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға мәжбүр, алыс-беріс, еркіндік, тәуелсіздік, саналылық туындайды.

Адамзаттың өмір сүруіндегі жағдайларды шешуді оқытатын пәндердің көпшілігінде бірін-бірі қайталау жиі кездесетін мәселе, сол сияқты ағылшындардың кіші экономика сұрақтарының бірсыпырасы бізде жеке пән ретінде оқытылады. Мысалы, кәсіпорын экономикасы, бағаның туындауы, экономикалық талдау. Сондықтан ұсынып отырған оқулыққа олардың тараулары енгізілмей, аталған пәндерден қазақ тілінде бастырылып шығарған кітаптары ұсынылады, олар қолданылған әдебиеттер тізімінде келтірілген.

Үлкен экономика мемлекет, дүниежүзі жағдайларымен шұғылданады. Мысалы, елдің жай-күйі, ақшаның құнсыздануы, жұмыссыздық сияқтылар. Оның түбегейлі шешімі үкімет қарамағында, болмағанда төңкеріс туындайды, ел егемендігінен айырылуы да мүмкін, халықаралық жағдай шеленіседі. Оқулықтың тараулары келтірілген.

Семейдің жоғары оқу орындарында аталған пәннен қазақ тілінде оқулық жоқ, шәкіртер орыс тіліндегі кітаптарды пайдалануға мәжбүр, оның өзіндік қиыншылықтары бар, мағыналары да әрқилы.

Аталған оқулық «кіші, үлкен экономикалардың талдауы» жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарға, докторанттарға, оқытушыларға, экономикамен шұғылданатын маман, басшыларға ұсынылады.

Пікірлеріңізді Семейдегі Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің экономика және менеджмент кафедрасына жіберулеріңізді сұраймыз. Назарларыңызға рахмет.

Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің профессоры Жабайхан Кайкен.

I - тарау. Үлкен-кішіэкономикалық талдаудың мәні, мағынасы, қолданылатын әдістер.

1.1. Экономика, үлкен-кішіэкономика мағынасы, қамтитын сұрақтары, олардың қажеттілігі.

Адамзат жаратылғаннан бері экономика бар. Жазу, сызу қолданғаннан бастап оның аты, қажеттілігі, дамуы, жіктелуі, зерттелуі, жүргізіле бастаған. Атын білмесе де оның қажеттілігін сезініп әртүрлі әрекеттер жасалғаны тарихта бар. Ғылым ретінде кейінгі 300-350 жылдан бері тұжырымдар туындап, іліми көзқарастар баспаға шығарыла бастады.

Экономика – грек сөзі. Ол екі бөліктен тұрады: oikos, nomos. Oikos-үй, шаруашылық, nomos - ереже заң. Екеуін біріктірсек - шаруашылықты жүргізу ережесі болып шығады. Б.А.Раизберг, Л.Ш.Лозовкий, Е.Б.Стародубцевалардың осы заманғы экономикалық сөздіктерінде (М.Информ, 1996 ж) экономикаға екі түрлі түсінік береді. Бірінде адамзаттың өмір сүруіне қажетті жағдай туғызатын шаруашылық, құрал-жабдықтың, еңбек жасайтын дүниесінің, оны тудыратын жұмыстардың жиынтығы дей келе, екіншісінде шаруашылық, оны жүргізу, өндірістегі адамдардың қарым-қатынасы, оның заңдылығы туралы ғылым дейді. Демек, экономика дегеніміз адамзаттың қажетін қанағаттандыратын әрекет, барлық экономикалық ғылымдардың зерттейтін мәселелері.

Экономика деген сөздің мағынасы бар: 1- қоғамның өндірістік қатынастарының жиынтығы (экономикалық бизнес); 2 - халық шаруашылығының экономикасы; 3 - ғылыми пән, ілім. П.Самуэлсон (экономика саласындағы ағылшын ғалымы) экономика – қоғамның санаулы қорды пайдаланып, қажетті өнім өндіріп, әр түрлі топтарға бөлінуін зерттейтін ілім деген екен, бұл ең онды анықтау деп мойындалды.

Бұл анықтау үш мәселені қамтиды. Біріншісі – қоғам, ол көпшілік, ұжым, әрқилы жүйедегі ел. Екіншісі санаулы қор, табиғаттың байлығының өзі, мысалы ауа, су, жер, қазба шектеулі. Оны пайдалануға жұмсалатын қаражат үнемі жетіспейді. Үшіншісі - өндірген өнімді, табысты бөлу. Бұл экономикалық қана емес, әлеуметтік, саяси мәселе. Экономика ілімдері екіге бөлінеді, бірі іліми (теория), екіншісі қолданбалы (прикладная).

Іліми экономика (экономическая теория) экономикадағы жүргізілген байланысты бағалауға мүмкіндік береді, оның тұрақты, тұрақсыздығын, қай бағытта ауысуын анықтайды. Болып жатқан жағдайларға байланысты келешек дамуды бағдарлауға болады, өйткені өзгерістердің өзара қарым-қатынасын, негізгі байланысын ашады. Олар сырттай қарағанда елеусіз болуы мүмкін.

Көптеген экономистер бүгін де Джоан Рабинсонның іліми экономика кез-келген әрекетке пайдаланылатын құрал-сайман деген анықтамасын жақтайды, өйткені онда пайда мен шығын бар. Осыған байланысты экономикалық зерттеулер туындайды, ол үйленудегі жарын таңдауы, жанұядағы бала саны, қылмыстың ауырлық деңгейі, қоғамдағы қылмыстың саны, дінге илану, жан тыныштығы.

Экономикалық тұжырым (теория) - таңдаудың ақшалай нәтижесі. Жолын таңдап алу тұтынушының шешімі. Істің нәтижесі әр жағдайда нені көрсететіндігін шығарады.

Экономикалық тұжырым экономикадағы қарым-қатынасты бағалауға мүмкіндік береді, оның тұрақты, тұрақсыздығын айырып, жағдайдың өзгеру бағытындағы мүмкіндікті анықтайды. Сырттай қарағанда көзге көрінбейтін құбылыстардың түбегейлі байланысын ашады, соған қарап келешектегі дамуды бағдарлауға мүмкіндік туады. Әр мезгілде тұжырымдаушы экономист әр жағдайға қарап әртүрлі тәсілдерді қолданады.

Экономикалық тұжырым мемлекеттің, бүкіл елдің экономикалық өміріндегі сәулетші (архитектор) ретінде қолданылады.

Дәстүрлі түрде экономика екі үлкен бағытқа бөлінеді: кішіэкономика және үлкенэкономика.

Кішіэкономика егжей-тегжейіне дейін талдаумен шұғылданып, жеке нарықтағы экономикалық бөліктермен айналысады. Ол жеке адамның, жанұяның, кәсіпкердің, кіші-үлкен ұйымның экономикаларының түбегейлі талдауы.

Кішіэкономика төмендегідей мәселелерді зерттейді:

- нақтылы тауар мен қызмет көрсету нарығындағы баға деңгейі;
- қозғалмайтын мүлік нарығындағы баға деңгейі;
- автомобиль нарығындағы баға деңгейі мен өзгерісі;
- тауардың бағасы мен табыстың өзгерісіне тұтынушының көзқарасы;
- экономиканың әртүрлі салаларындағы әрқилы еңбекақы деңгейінің қалыптасуы;
- кәсіпорынның оңтайлы өнім көлемін таңдауы.

Экономикалық тұжырым экономикадағы ғылым жүйесі, оның үш ірі бөлімдері бар: жалпы, арнайы, салалық ғылымдар (1-сурет)



Сурет 1.1 Экономикалық тұжырым (теория) экономикадағы ғылым жүйесі

Үлкен экономикада төмендегідей экономикалық мәселелерді зерттейді:

- ақша құнсыздануы (инфляция - латын сөзі inflatio - вздутие), сапасына қарамай, тауардың, атқарған қызметтің бағасының өсуі;
- жалпы экономикадағы, оның жекелей салаларындағы жұмыссыздық;
- салықтың елдегі халық тұрмысына әсері;
- экономикалық өсім;
- ақша орындарының (банк – итальян сөзі – скамья) тиімді жүйесі;
- табысты әділ бөлу.

Кіші экономика экономикадағы төмендегідей жұмыстардың саясаты мен бағдарларының негізін құрайды:

- кәсіпорынның маркетингтік (маркетинг - ағылшын сөзі market рынок, сбыт) саясаты;
- кәсіпорынның баға саясаты;
- кәсіпорынның жұмыспен қамту саясаты;
- оңды салым тарту (инвестиция ұзақ мерзімге қор салу) бағдарын жобалау;
- кәсіпорынның азық-түлік саясаты мен айласы.

Үлкен экономика:

- кәсіпкерліктің экономикалық ортасын;
- аймақтың салым салуға тартымдылығын;

- ақша орындарының теңге саясатындағы мәселелері мен келешегін;
- үкіметтің қаражат жұмсаудағы саясатының мәселелері мен келешегін;
- сырт әлеммен қарым-қатынас, елдің ақша саясатын бағалайды.

Кәсіпкерлік немесе мемлекеттің экономикалық саясатына байланысты жауап беретін шешім қабылдау үшін қазіргі жағдайды бағалап, өткен мерзіммен салыстырғанда өзгерісін анықтап, келешектің бағдарын анықтау керек. Ол үшін елдегі, аймақтағы, жекелеген қалалардағы экономикалық жағдайлардың қалпын зерттейді. Үлкен экономикалық мәселелердің бағалауы күрделі, өйткені кіші экономикалық кәсіпорындар мен салаларда қолданылатын тәсілдер аздық етеді, әңгіме әрқилы сұрақтардың бірігіп әсер етуінде. Сондықтан бірнеше жағдайларды қамтитын көрсеткіштерді құрап үлкен экономикалық анықтаушыны пайдаланады. Бірінші мәселе көрсеткіштерді тізбектеуде. Мысалы, кез-келген елде жалпы өндірілген өнім мен тұтынудың жиынтығын бағалағанда өнімнің табиғат түрін қосып шығара алмаймыз, үлкен экономикалық талдауда құндық көрсеткіш қолданылады. Бірақ кейбір үлкен экономикалық құндылықтарда баға не қойылмайды, немесе өте күрделі. Жалпы ақшамен өлшеу табиғатынан бұрмаланған.

Әртүрлі баға мен шығындар, пайдаланбақшы құндық мөлшерлердің әрқилылығы, әртүрлі ақша (валюта - итальян сөзі *valuta* – стоимость, құны) әр елдегі, осының бәрі үлкен экономикалық көрсеткіштерге бірыңғайлық бермейді. Оған қоса ақша көрсеткіші тауардың сапасы мен көрсететін қызметтің уақытқа байланысты құнының өзгерісін, құрылымдағы ауытқуды, қоршаған ортаның ықпалын, астарлы экономика әсерін бағалай алмайды. Барлық өндірілген өнімнің құнын қосып та үлкен экономикалық жағдайды сипаттай алмаймыз, өйткені өндірілген өнімнің бөлігі шикізат ретінде пайдаланылады. Демек, осыдан барып қайта есептеу мәселесі туындайды. Ақырғы, аралық өнім дегендерге бөлу тағы бар. Бұл екеуінің айырмасы қосылған құн. Үлкен экономикалық өлшемдерде артық, қор (запас), мерзімдік өлшем (показатели потоков) дегендер қолданылады.

Сонымен үлкен экономикалық талдауда нақтылы, сенімді экономикалық мәлімет алуға кедергілер көп, сондықтан экономистер, кәсіпкерлер, мемлекет қызметкерлері мөлшерлі бағдар алуға мәжбүр.

Үлкен экономикалық ортаны анықтаушылар екі үлкен бөліктен тұрады, ол нақты және құндық көрсеткіштер. Нақты көрсеткіш экономика бөліктерінде жағдайды сипаттайды, белгілі мерзімде (көбінесе бір жылда) қанша өнім өндірілгенін пайдаланылғанын көрсетеді. Құндық көрсеткіштер мерзімдегі баға өзгерісін көрсетеді.

Кез-келген экономикада негізгі мәселе қанша жалпы өнім өндіріліп, қызмет көрсетілгендігін есептеуде. Ол белгілі бір мерзімде жалпы өндірістің көлемін анықтайды. Көрсеткіштің аты ішкі жалпы өнім (ІЖӨ). Ол елдегі белгілі бір уақытта (көбінесе бір жылда) өндірілген барлық өнімнің құны. Оны бірнеше әдіспен шығарады. Біріншісі жұмсалған шығынмен, екіншісі кіріспен.

1.2. Үлкенэкономикалық талдауда қолданылатын көрсеткіштер.

Экономикадағы басты сұрақ бегілі мерзімдегі өндірілген өнім мен көрсеткен қызметтің жалпы көлемін есептеуде. ІЖӨ есептеудің бірінші әдісі жұмсалған шығынды есептеу. Ол мынандай өрнекпен (формула неміс сөзі Formular, латын сөзі Formula – форма, правила, түр, өрнек, әдісі) шығарылады: $V = C + I + G + NX$, мұндағы V ішкі жалпы өнім, C – тауар мен көрсететін қызметті пайдалану үшін сатып алу шығыны, I – тұтыну шығынына салым, G – тауар мен қызметті мемлекеттің сатып алуы, NX – таза сыртқа сату (экспорт, латын сөзі export – вывожу, шығарамын). Тұтыну шығынына шаруашылықтың тұтынатын (қолданатын) тауары мен пайдаланатын қызметін сатып алу жатады (үйден басқа). Салым шығыны кәсіпкерлікті ұйымдастыру, құрал-жабдықтың тозу құны, артық нәрсе (қор), үй сатып алу, пәтер ақы төлеулерден тұрады. Мемлекеттің тауар мен қызметті сатып алуы, үкіметтің басқаруға байланысты шығындары (қызметкерлердің еңбекақысы, мектеп, аурухана, т.б, қорғаныс шығындары). Пенсия, жұмыссызға жәрдем ақы, ауруға төлемдер жатпайды, олар табыс салығы, т.б.

ІЖӨ есептеудің екінші жолы табыс арқылы. Бұл жағдайда ІЖӨ экономикалық жұмыстағы тіркелген барлық экономикамен шұғылданғандардың табысы жинақталады, оған жатпайтындар: кәсіпкерлікке жанама салық (акциздер – француз сөзі accise – косвенный налог на продажу определенного вида товаров массового потребления, жалпылама тұтынылатын кейбір тауарларға салынатын жанама салық, мемлекеттік, жергілікті басқару орнының кіріс-шығыс ақшасы) пен негізгі қордың тозу құны.

Табысқа жататындар: жалданғандардың еңбекақысы, ерікті еңбек ететіндердің табысы (суретші, қорғаушы-адвокат, кеңес беруші, т.б., жекелеген кәсіпорындарға тіркелмей өзіне жұмыс істеушілер), кәсіпорынның таза пайдасы, тұрғын үй иесінің табысы, құнды қағаздың үстеме табысы.

Ұлттық өндірісте ІЖӨ барлық өндірістің қосымша құны деп есептейді. Ол кәсіпорынның өндіріс нәтижесіне қосқан үлесі, оның таза пайдасы мен жұмысшыларының еңбек ақысы, немесе кәсіпорынның барлық түсімі мен өндірісте жұмсалған шикізат пен дүниелерінің айырымы. Демек, кәсіпорынның қосымша құны таза пайда мен еңбек ақы, болмаса барлық түсім мен шикізат, дүниелердің айырмасы. Қосымша құнның жиынтығы экономиканың ІЖӨ құрайды.

Сонымен ІЖӨ: шығыс, кіріс, қосымша құн, ақырғы өнімнің құнымен есептелінеді. Ілімі тұрғыда бұл төртеуінен шыққан нәтиже бірдей болуы керек, шын мәнінде әрқилы болса есептеуді тексеру керек. Әрқилылық мәліметтердің дұрыс болмауынан, әрбір есептеу орындарындағы қателіктердің орын алуынан.

Үлкенэкономикада, әртүрлі елдерді салыстыру үшін жан басына есептегендегі ІЖӨ шығарады. Ол үшін ІЖӨ ақшалай құнын халық санына

бөледі. Салыстырмалы мәлімет ретінде 2008 жылғы көрсеткіш берілді: Дүние жүзі 8833 \$ (АҚШ доллары), Африка 1946, Орталық, Шығыс Еуропа, САГ 8802, ОҒСР, америкасыз 26568, АҚШ 39676, Таяу Шығыс және Солтүстік Африка 5680, Шығыс Азия, Тынық Мұхит аймағы 5872, Латын Америкасы және Карип бассейні 7964, Оңтүстік Азия 3072, Ресей 9902, Норвегия 38454. Ең төмен дамыған, әлеуметтік көмек көрсетілетін елдерге 750 доллардан келетіндер жатады. Елдің жалпы өніміне салыстырмалы (альтернатива, француз сөзі *alternative*, латынша *alter* – один из двух, екеуінің біреуі) көрсеткіш жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ), ол елдегі азаматтардың өндірген өнімінің құны. ІЖӨ мен ЖҰӨ өзара байланысты. Жан басына есептегендегі ІЖӨ байланысты елдер: дамыған, дамитын, кедей елдерге бөлінеді. Жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ) ел азаматтарының өндірген ақырғы өнімі. Өндірілген жалпы өнімнің барлығы бірдей елдің тұтынуына пайдаланылып, жағдайын жақсартуға пайдаланылмайды. Сондықтан үлкен экономикада жалпы өндірістің жалпы тұтынуы деген көрсеткіш қолданылады.

Елдегі жалпы өнімнің өткен уақытпен салыстырғандағы өзгерісін өзгергіштігімен (индекс, латын сөзі *index* – указатель, список, показатель характеризующий изменение, өзгергіштігі) өлшейді, ол пайызбен немесе есемен көрсетіледі. Өзгергіштік, өсу қарқыны бейнелеумен (график) айқындалады.

Үлкен экономикалық көрсеткіштердің бірі еңбек қорының жағдайы, өйткені өндірілетін өнім соған байланысты. Үлкен экономистер барлық елден экономикалық белсенділерін бөледі, олар еңбекке жарамдылары, әр елде олардың заң бойынша жастары әрқилы, жалпы ол 14 пен 55-60 жасқа дейінгілер, олардың тұрақты арнайы жұмысы барлары, жұмыстағылар, әртүрлі себептермен жұмыста жоқтары тіркелген жұмыссыздар санына жатады.

Жұмыссыздар тіркелген, жалпы саны (халақаралық еңбек ұйымдастыру өлімінің әдісі бойынша сұрастыру арқылы есептеләнеді) деп бөлінеді, олардың деңгейінде өзгеріс бар, мысалы ресейде 1992 жылы 3,9 және 0,6 % (жалпы саны, біркелгені), 2008 жылы 5,8 және 2,0% болыпты.

Үлкен экономиканың құндық көрсеткіштері. Сандық көрсеткіштерімен қатар үлкен экономиканың жеке салаларында, бөлімдері мен жалпы жағдайында бағаның өзгерісін көрсететін ай, тоқсан, жыл бойынша баға өзгерісі пайдаланылады. Ол елдің өмір деңгейін сипаттап, еңбек ақы, жәрдем, пенсия, басқадай төлемдердің өзгеру бағдарын жасауға негіз болады. Баға құбылысы (индекс пен – индекс латын сөзі *index* указатель, список, көрсеткіш, тізім, экономикада салыстырмалы түрде өзгерісті сипаттау) белгілі тауарлардың көлеміндегі баға өзгерісін есептейді. Екі түрлі мәлімет жинау (статистика неміс сөзі *statistik*, латынша *status*- состояние дел) көрсеткіші бар, бірі пааше, екіншісі ласпейрес (экономика, статистикадағы ғылымдар). Біріншісі салмаққа өтпелі кезеңдегі өндіріс көлемін, екіншісі белгілі мерзімдегі (база - француз сөзі, грек сөзі *basis* белгілі мерзім, салыстыру үшін) көрсеткішті алады.

ЖӨ есептеу еселігі (дефлятор – коэффициент пересчета денежных величин по сравнению с предыдущим периодом - салыстыру үшін, пайдаланылатын еселік) кәзіргінің өткен мерзіммен салыстырғандағы өзгерісін көрсетеді. Көрсеткіштер пайызбен, немесе еселікпен шығарылады. Егер еселік бірден төмен болса бағаның құлдырауы.

Тұтыну бағасының еселігі сәйкес үй шаруашылығындағы тұтынған тауарлар мен қызметтің бағасының өзгергендігін сипаттайды. Оны аспейрестің әдісімен шығарады. Тұтыну кәрзеңкесіне жататын тағамдар: нан тағамдары, картофель, көкөніс, бақша өнімдері, жеміс, қант, тәтті тағамдар, ет, балық, сүт өнімдері, жұмыртқа, өсімдік майы, әртүрлі тағамдар (тұз, шәй)-кг, тамаққа жатпайтын тауарлар: пәлте, костюм, іш киім, нәски, бас киім, аяқ киім, мектеп-жазу тауарлары, төсек-орын, мәдени, тұтыну тауарлары тазалық, дәрі-дәрмек тауарлары - санмен; қызметтер - тұрғын үй, орталықтан жылыту, ыстық, суық су, газ, электрмен қамтамасыз ету, тасымалдау, мәдени, басқадай қызметтер М2 жылу М3 тасымалдау, т.б.

Өндірушінің баға еселігі. Елдің өмір деңгейі мен тұрмыс жағдайының өзгерісін бағалау үшін бағаның ауытқуын зерттеу керек. Өнім бағасы әртүрлі себептермен өзгереді, ол өндіріс шығыны, оған әсер ететін жағдайлар. Бұл орайда баға еселігін аспейрестің әдісімен шығарады. Ресейліктердің мысалында тұтыну бағасына қарағанда өндірушілердің бағасының ауытқуы жиі.

Ақшаның құнсыздануы (инфляция - латын сөзі inflatio - вздутие обесценение денег) бағаға байланысты, баға жоғарыласа ақша сонша құнсызданады, ол пайызбен немесе еселікпен шығарылады. Мысалы, баға 15% қымбаттаса, ақшаның құны соншаға құнсызданады.

1.3. Кішіэкономикадағы талдау. Ағылшын, орыс тілінде шыққан оқулықтарда экономика ілімі ұлттың тұрмысы неменеге байланысты деген сұраққа жауап іздеуден басталған дейді. Ол сұрақ тіршілік камын ойлайтындардың бәрінде бар, сондықтан жеке адам, жанұя, топтасқандар (оны кластер деп жүр ғой), кәсіпорын, мемлекет дүние жүзі алдына әртүрлі мақсат қойып, біреуі ұрпағын, елін ойлап тырбынса, екіншісі мансап, үстемдік, баюды арман етіп жанын қинайды, қылмысқа баруға да даяр.

Кішіэкономиканың негізгі зерттейтіні әрекеттенуші экономикалық тұлға (экономикалық адам- Homo economicus, әрекет ойластырып, бағалап, жан-жақтыланушы - zesouzeczue, evaenative, maximizing тап). Мақсатына жетуіне, оған қолданатын амалына байланысты экономикалық тұлғалар тұтынушы, өндірушілер болып екіге бөлінеді. Тұтынушының мақсаты өзінің қажетін толықтай қанағаттандыру, өндірушінің мақсаты, табысты болып, пайда табу. Нарықты экономика жағдайында бұл екеуінің арасындағы қарым-қатынас баға арқылы жүзеге асады. Өндірушінің бағасы жұмсалған шығын мен өндіру мақсатына байланысты, ал тұтынушыныкі қажеттілік пен қаражатына сәйкес.

Өндіріс – бір игілікті екіншісіне айналдыру, өндіріске әсер етушілерді дайын өнімге айналдыру. Өндіріске әсер етушілерді жинақтап үш бөлімнен

тұратындығын көруге болады, ол еңбек, қор, жұмысты атқару (орындау) білімі (ғылыми-техникалық жетістік НТП). Алғашқы екеуін кішіэкономика зерттейді, кейінгісінің арнайы пәні бар.

Тұтынушылар мен өндірушілер арасындағы қарым-қатынас ұсыныс, баға, сұраныс арқылы жүргізіледі, кішіэкономика осы үш мәселеге байланысты жағдайларды зерттейді.

Үлкенэкономика да, кішіэкономика да көптеген мысалдарға тән тұжырымдарды қорытып беретіндіктен ой талқысына жатқызуға (философияға ұқсас) болады. Мысалы, нақты өнім сансыз болғанмен, оған әсеретушілердің ықпалын жалпылама айтып қорытындылайды.

Рудигер Дорнбуш пен Стенли Фишер (АҚШ ғалымдары) шығарған. "Үлкенэкономика" пәнінің оқулығында авторлардың ұсыныс, пікір айтқан ғалымдарға білдірген алғыстарында олардың саны 163 (жүз алпыс үш) адам, одан басқа ойлау мектебінің тұжырымдамалары келтіріліп, қортындысында шешімін таба алмай келе жатқан үш мәселе бар дейді ол жұмыссыздық, инфляция, өнімнің өсу мөлшерін анықтау. Бұл жайлы пікірталастар келтіріледі.

Оқулықта кәзіргі кездегі пайдаланып жүрген көрсеткіштер, олардың қалай анықталатынын, әсер ететіндердің жалпы ықпалын баяндау мен шектелуге тура келеді. Олардың әрқайсысының әсері қанша, жекелерінің үлесі қандай, олар өзгерсе нәтиже қалай болады, т.б. сұрақтарға жауап алу күрделі екендігі көрінеді. Пікірталасқа нақты жауап беру де күңгірт.

1.4. Экономикалық талдауда қолданылатын әдістер

Экономикалық оқиғаны түсіндіргенде, ойлауда қарама-қайшылық келтірмей, тәжірибеде дәлелдеу үшін экономистер жан-жақты бірнеше ғылыми тәсілдерді пайдаланылады:

- 1.Бақылайтын орынның қасиетін деректі түрде сипаттап дәлелсіз айқындығын туғызу;
- 2.Бақылау орындарының арасындағы өзара тәуелділік түрлері жөнінде болжам ұсынылады;
- 3.Үлгі жасалады, ол берілген мәндердің негізінде белгісіз іздеп отырған бөлікті анықтауға мүмкіндік береді.

Кішіээкономикада негізгі бақылаушы орын экономикалық әрекет етуші экономикалық адам(*Homo economicus*). Ол шаруашылық өміріне қатысып, мақсатына жету үшін, аз шығын шығарып, көп нәтижеге жетуге тырысады. Зерттеуші мақсатты мәселесін шешу үшін қарайтын сұрағының үлгісін жасайды. Зерттеу орнына байланысты екі экономикалық үлгіні айырады: оңды шешім (оптимальный - латын сөзі *optimus* - найлучший), тең мәнді (равновесный).

Біріншісімен өз мақсатына жетуге тырысқан жеке экономикалық орындардың әрекеті жазылады, ал екіншісімен орындардың біріккен өзара қимылының нәтижесін көрсетеді.

Күрделі экономиканың оқиғасын зерттеу алдында жекелей талдаудың әдісі қолданылады, онда кері байланыс ескерілмейді. Жекелей талдаудың мақсаты

толық жүйені құрайтын жекелеген бөліктердің мәні мен алатын орнын анықтау. Ол үшін жекелеген теңдік үлгісі пайдаланылады. Тұтастай экономикалық жүйенің қызметін көрсету жалпы экономикалық теңдестірудің үлгісімен жүргізіледі.

Қазіргі экономиканы оқыту, зерттелетін мәселелерді бір мезгілде пайдаланылатын үш бірін-бірі толықтыратын әдістердің негізіне сүйеніп жүргізеді, олар жинақтау, алгебралық, сызумен бейнелеу.

Мәселенің мағынасын сөзбен жеткізу, шынайы әсер етушілер мен қабылдайтын болжамнан шығар нәтиже ғылыми түсініктегі танымал жол. Бірақ, зерттейтін оқиғаның жан-жақтылығы мен өзара қатынасының жүйесінің күрделілігінен адамдар оны ойша толық қамти алмайды. Бұл жерде экономикалық ойлаудың күшті құралы, көмекке есеп келеді.

Есеп үлгісінің белгісінде («қара жәшік») не болатынын көрнекті айқындайтын талдаудың бейнелеу (графика)әдісі.

Үш әдіске мысал келтірейік. Ой түйіндеу, жинақтауда (вербальное изложение) шаруашылық иесі өзінің дүние-зат, еңбек қорына байланысты өндіретін игілігінің көлемі мен түрі мүмкіндігінше оны қанағаттандыруды қалайды. Ол үшін қожайын қолданылатын игіліктің салыстырмалы қажеттілігін бір жағынан, екінші жағынан дайындаудағы еңбек сiңiргiштiгiнiң айырымын есептеп салыстырады. Шаруашылық туралы одан әрі айту үшін иесі мақсатын айқынырақ жеткізіп, оның қол жеткізу тәсіліне тәуелділігін сипаттайды, демек есептеуге көшеді.

Есеппен түсіндіру. Шаруаның әрекетінің пайдалылығын төмендегідей өрнекпен (формула) келтіреді $U = U(Q_1, Q_2, \dots, Q_n, C)$, мұндағы U -әрекеттің пайдалылығы; Q_1 - шаруаның тұтынатын i түрлі игілігінің саны; C -шаруаның бос (жұмысқа пайдаланбайтын) уақытының мөлшері. Әрекеттенушінің жағдайы тұтынатын игілігі мен бос уақытының көбеюіне байланысты өсетіндіктен:

$$\frac{dy}{du} > 0, i = 1, \dots, n$$

Белгілі бірі игілігін $R_1 = f_i(l_i)$ өндіру қызметімен сипаттайды, мұндағы l_i берілген қор мен жердің санына байланысты i игілігін жасауға жұмсалатын жұмыс уақытының мөлшері.

Шаруаның барлық жұмыс уақыты $T = \text{const}$ (тұрақты, өзгермейтін-константа). Демек, $l_1 + l_2 + \dots + l_n + C = T$.

Берілген белгілер бойынша әрекеттенушінің таршылығы төмендегідей есеп үлгісін көрсетеді: $U = U(Q_1, Q_2, \dots, Q_n, C) \rightarrow \max$ (максимум, барынша көп), шектілікті $Q_1 = f_i(l_i), i = 1, \dots, n; l_1 + l_2 + \dots + l_n + C =$ мұндай есептерді шығару үшін Лагранжа мәні (функция) жасалады, ол $V = U(Q_1(l_1), Q_2(l_2), \dots, Q_n(l_n), C) + X(l_1 + l_2 + \dots + l_n + C - T)$, берілген шектілік молшылық әрекеттенушінің молшылық қызметімен сәйкес. $V(l_1, l_2, \dots, l_n, C, T)$ қызметтің барынша көп жағдайы теңдік жүйелері $\frac{LU}{Ll_1} - \dots - \frac{LU}{Ll_n} - l = 0, \frac{LU}{LC} - l = 0, l_1 + l_2 + \dots + l_n + C = T$, шешімдері

l_1 және C мәндер анықтайды, демек Q_1 әрекет етушінің жағымды жағдайын толықтырады.

Бейнелеумен түсіндіру. Мысалға шаруа (әрекет етуші) екі игілікті іс атқарады. Бөліктердің (бейнелеуде олар төртеу, бір тегістіктегі төрт бөлік) II, IV игіліктің өндірістік қызметтері көрсетіліп, жұмсалған уақыт пен шығарылған өнім көлемдерінің өзара әсерін сипаттайды-III-бөлімде TT тура сыздығы шаруаның жалпы уақыт мөлшерін көрсетеді. Соған лайық ll тура сызығы жұмыс уақытын, оның әрбір нүктесі екі игіліктің өндірістеріне қалай бөлінгендігін көрсетеді. Айтылған үш бөліктегі ондықшалар негізінде I бөлікте шаруашылықтың мүмкіндігі XX сызығы құрылады. Өндіретін игіліктердің онды ауыстыруын жағымдылығына байланысты анықтайды. Ондылық қызметінің бейнелеу сызығын салу үшін жағымсыздық картасын пайдаланады. Тағамсыздық қисығының барлық нүктесі таңдаушыға игіліктерді ауыстырудың бірдей жағымдылығын көрсетеді. Басталған нүктеден (координат) талғамсыздық қисығы неғұрлым алыс болса соғұрлым анықтаушының тұрмыс жағдайының деңгейі жоғары.

I бөлікте талғамсыздық қисығының орналасуы мен жұмыс уақытының (белгіленген) сызығының орналасуында бірдей байланыстылық бар. Егер талғамсыздық қисығы басталғанынан қашықтаса әрбір игілікті ауыстыруда пайдалылығы өседі. Мұндайда әрекеттенуші жұмыс уақытын ұзарту үшін бос уақытын қысқартады.

Қазіргі кезде талдаудың экономикалық әдістері жетілдірілген, оны пайдалану қолданбалы экономикалық пәндерде ғана емес, басқадай әлеуметтік ғылымдарда да қолданылады.

Пысықтау сұрақтары:

1. Б.А.Райзбергтің экономика туралы тұжырымы.
2. Экономика сөзінің үш мағынасы.
3. Экономика туралы П.Самуэлсонның анықтамасы.
4. Экономика ілімдерінің бөлінуі. Іліми экономика.
5. Джоан Рабинсонның іліми экономика туралы пікірі.
6. Экономикалық тұжырым(теория)-деген не, ол неменеге қолданылады.
7. Экономиканың екі бағытқа бөлінуі.
8. Кішіэкономика деген не?
9. Кішіэкономика қандай мәселелерді зерттейді?
10. Экономикалық тұжырымдардың бөлімдері.
11. Үлкенэкономика қандай мәселелерді зерттейді?
12. Үлкенэкономикадағы саясат пен бағдарламалар
13. Үлкенэкономика нені бағалайды?
14. Мәселелерді үлкенэкономикалық бағалаудың күрделілігі неде?
15. Үлкенэкономикалық ортаны анықтаушылар
16. Экономикадағы басты сұрақ не?

17. ІЖӨ(ішкі жалпы өнім) есептеудің бірінші әдісі. Өрнегін жазып, түсіндіріңіз.
18. ІЖӨ есептеудің екінші жолы
19. Табысқа(доход) не жатады?
20. ІЖӨ көрсеткіштері.
21. Жан басына есептегендегі ІЖӨ қалай шығарылады, неменеге пайдаланылады?
22. Мысал ретінде дүниежүзіндегі елдердің ІЖӨ келтіріңіз.
23. ЖҰӨ(жалпы ұлттық өнім)деген не?
24. Өзгергіштік қатынас (индекс) қалай шығарылады?
25. Өзгергіштік, өсу қарқыны немен өлшенеді, бейнеленеді?
26. Еңбек қорына не жатады, нені сипаттайды, жұмыссыздық
27. Үлкенэкономиканың құндық көрсеткіштерін атаңыз.
28. ІЖӨ есептеу еселігі
- 29.Тұтыну бағасының еселігі
- 30.Өндірушінің баға еселігі
- 31.Ақшаның құндыздануы
32. Экономика ілімінің мақсаты
33. Кішіэкономика нені зерттейді?
34. Бағаның міндеті
35. Өндірушінің, тұтынушының бағалары неден тұрады, мақсаттары
36. Тұтынушылар мен өндірушілер арасындағы қарым-қатынас неге байланысты жүреді?
37. Үлкенэкономиканың негізгі оқулығы Рудигер Дернбуш, Стенли Фишердің кітаптарының тұжырымдары, пікірталастар.
38. Экономикалық талдаудағы үш тәсіл
39. Жекелей талдау әдістері
40. Экономикалық зерттеуде қолданылатын үш әдісті атаңыз
41. Жинақтау, сөзбен жеткізу(вербальный) әдісі
42. Есеппен түсіндіру (алгебралық) әдісі, өрнегін жазып, түсіндіріңіз.
43. Бейнелеу (графика) әдісі, мысал келтіріңіз.

II тарау. Кәсіпорынның тұрақты дамуының, жинақталған экономикалық талдауының әдістемелік құралдары.

Кәсіпорынның алдына қойған мақсаттарының, оның ішінде тұрақты дамуы басқарудағы қолданылатын шешімдердің сапасына байланысты. Шешім өндіріс нәтижесін талдап, қол жеткенге баға беруге сүйенеді.

Тұрақты дамудың деңгейін экономикалық көрсеткіштердің сандық мөлшерлері мен әсер етуші сапалық себептерді жинақталған әдістермен анықтауға болады. Жекелеген көрсеткіштерді пайдаланғанда біраз қиыншылықтар кездеседі. Мысалы, теңестіру құрылымын, қаржы тұрақтылығының еселігін есептегенде әртүрлі өз бетімен әрекет етушілерді есепке ала алмайды. Бұл «көлеңкелі» қаржы құрылымдары мен

«жылпостарға» қатысты мәселелер. Сондықтан жинақталған әдістеме ғана тұрақты дамудың деңгейіне баға бере алады. Ондай әдістемелер бар.

Әдістемені пайдаланудың ерекшелігі төмендегі жағдайларға байланысты:

- талдау бірлескендердің (корпорация - латын сөзі- corporation- объединение) басқару әдістемесінің негізінде құралған;
- жекелеген қаржы-экономика көрсеткіштерінің өлшем негізіне топтасқандардың бағасы жатады;
- кәсіпорынның жұмысының негізгі көрсеткішіне оның тұрақтылығы мен дамуы жатады. Ондайда мәліметтің түсініксіздігі мен кәсіпорынның басқаруын үлгілеуде барлық себептерді толықтай қамтымағанда, анықталмаған көптік үлгінің негізінде құрастырылады.

Кез келген кәсіпорын, көпдеңгейлі күрделі жүйеден тұрады. Оларда салыстырмалы дербес жүйе бөлімдері төмендегідей бөлінеді: технологиялық, өндірістік, жабдықтау, мамандандыру, басқару, мәлімет таратушы, салым-қаржы, т.б. Олардың бәрінің жұмыстағы келісімшілігі кәсіпорынның нәтижесіне әсерін тигізеді. Бұдан шығатын қорытынды талдауды жан-жақты жүргізуде.

Кәсіпорынның тұрақты дамуын бағалауда негізге алатын қағидалар:

1. Мәлімет көзі сенімді болуы керек. Соған байланысты кәсіпорынның шынайы экономикалық, қаржы, басқа жағдайлары сараланып, қабылданатын басқару шешімдерінің орындылығы, оңдылығы қамтамасыз етіледі.
2. Талдаудың оңды жүргізілуін, кәсіпорынның тұрақты дамуын дұрыс бағалау үшін жұмыс істеген аймақтағы жинайтын көрсеткіштер сипаттауды толықтай, бірін-бірі қайталамауы керек.
3. Кәсіпорынның қаржы экономикалық жағдайын нақты көрсетіп, тұрақты дамуды анықтап, дұрыс тиімді басқару шешімдерін алу үшін экономикалық сипаттаушылардың қамтуы жеткілікті болғаны жөн.
4. Талдау жылдам жүргізілуі тиіс, өйткені кәсіпорынның күйзелістен шығарылуынан алдын алу жеңілдірек.
5. Ең маңызды экономикалық, қаржы және басқа көрсеткіштердің санаулы таңдауын алу қажет, соған сүйеніп кәсіпорынның тұрақты дамуына әсер етіп, жағдайды түзету үшін жылдамдатып, тиімділігін қамтамасыз ететін шараларды анықтау керек.
6. Бағалаудың көрсеткіштері қолданбалы сипат алып, таңдаған бағытта кәсіпорынның тұрақты дамуын көрсетіп өскендігін байқатқаны оңды.
7. Жеткен нәтижеге әсер ететін сыртқы және ішкі ортадағы жағдайлардың мәнін ашуы тиіс, бағалаудың көрсеткіштерінің бір мақсаты сол.
8. Алынған нәтижедегі бағалаулар сыртқы және ішкі мәлімет пайдаланушыларды қызықтыруы тиіс(салымшылар, қарыз алушылар, әріптестер, үкімет орындары, басқа қатысушыларды).

Кәсіпорынның тұрақты дамуын бағалау үшін кәсіпкерлік жағдайын шекті өлшеушіге (интегральные измерители – integer-латын сөзі-целый,обобщенный) екі көрсеткіш ұсынылады: тұрақтылық, даму. Осы жағдайда кәсіпкерлікті көрсетіп, бағыттайтын көрсеткіштердің өзгерісін

байқап, кәсіпорынның, оның кәсіпкерліктерінің оңды беталысын тұжырымдауға болады.

Жинақтаушы (интегральный) тұрақтылықтың көрсеткіші кәсіпорынның әр жұмысқа бейімделген бөліктерінің тізбектелуі (агрегирование) негізінде құралады.

$\partial x_i = x_i(t+1) - x_i(t), i = 1, 7$, мұндағы ∂x - дамудың жинақтаушы көрсеткіші, $x_i(t)$ және $x_i(t+1)$ – белгілі мерзімдегі $t, (t+1)$ талдамақшы көрсеткіштер.

Кәсіпорынның тұрақты дамуының таңдауы мен бағалануы келтірілетін(1) суретте бейнеленген:



Бірінші кезеңде талдау жасайтын кәсіпорынның атқарушы аумақтары жекеленеді: өндірістік, қаржылық, өткізушілік (маркетинговая – ағылшын сөзі market – рынок, сбыт) ұйымдастырушы, мамандар басқаруы, ФЗТҚЖ, жаңашылдық, ойластыру, үйлестіру.

Екінші кезеңде әрбір аймақтарға кезектескен құрылымдар негізінде көрсеткіштер жүйесін жасау жүргізіледі. Әрбір жұмыс атқаратын бөліктерге көрсеткіштер жүйесін таңдауда босатқыш қағыйдасы пайдаланылған, соған байланысты кәсіпорындағы қолданылатын негізгі қорлар сату көлемі мен табыс деңгейіне байланысты, демек, кәсіпорынның гүлденуі (тұрақты дамуы) келесідей үш жағдайда аяқталады:

1. Сатылатын тауар көлемі қысқарады;
2. Сату бірінғай жоғары деңгейде тұрады;
3. Сату өседі, бірақ бұрыңғыға қарағанда баяу.

Сонымен, кәсіпорынның тұрақты экономикалық дамуы оның табыс деңгейіне байланысты болады, соның әсері және нәтижесі. Ұзақ уақыт табыс деңгейі қанша жоғары болғанмен кәсіпорынның негізгі қоры табыстың жоғары деңгейімен сәйкес келсе де кәсіпорынның дамуы тоқтайды. Ол табыс өссе де, техника жетілдірілсе де, төлем мөлшері азайса да жалғаса береді.

Үшінші кезеңде кәсіпорынның ішкі және сыртқы есептерінің мәліметіне байланысты талдау жасаған уақытта мәлімет жиналады, сондай ақ сату, әлеуметтік, тағы басқа зерттеулер жалғасады. Талданатын көрсеткіштердің өткізуші маңызы кәсіпорынның салалық мазмұнына, құрастыратын көрсеткіштердің жалпы қабылданған мөлшеріне, сараптаушы мамандардың ойлаған бағасына, сұрастыруға байланысты қорытындыға орай анықталады.

Төртінші кезеңде жұмыс істейтін аумақтар кәсіпорынның тұрақты дамуы үшін маңызына қарай реттеледі. Әрбір аумақтың орнын анықтау үшін қосақтап салыстыру әдісін қолдану ұсынылады, ол қосақтап салыстыру қалпында (қалып матрица) тұрақтылыққа әр аумақтың әсерін көрсетеді. Бақылау нәтижесі І-ші кестеде көрсетілген.

1 кесте.

Кәсіпорынның тұрақты дамуындағы жұмыс атқаратын аумақтардың маңыздылық деңгейінің реті.

Жұмыс атқаратын аумақтар	Маңызына қарай тізбектеледі	Маңыздылық деңгейі	Салыстырмалы маңызы
Өндірістік	Жоғары	5	0,16
Қаржылық	Жоғары	5	0,16
Сату (маркетинг)	Жоғары	5	0,16
Ұйымдастырушылық	Орташа	4	0,13
Қызметшілер басқармасы	Орташа	4	0,13
ЗТҚЖ (ғылыми зерттеу...)	Жоғары	5	0,16
Қамтамасыз ету (логистика)	Орташа	4	0,13
Барлығы	-	32	1,0

Бесінші кезеңде әрбір аумақ ішіндегі көрсеткіштер бойынша реттік бағалау әдісімен маңыздылығы анықталады. Аумақтағы көрсеткіштер санына байланысты әрбіреуіне 1 ден 5 дейін бағалау тағайындалады, ең маңызды

көрсеткішке ең жоғары балл. Мысалға өндірістік аумақ (бөлім) бағалануы келтірілді (2 - кесте).

2 кесте

Өндірістік аумақтың көрсеткіштерін бағалау.

Көрсеткіштер	Бағалау	Маңызы
Өнім тиімділігі	5	0,36
Тауарлы өнімнің өсу қарқыны	4	0,29
Қор қайырымы	3	0,21
Кәсіпорынның қуатын пайдалану еселігі	2	0,14
Балл саны	14	1,0

Алтыншы кезеңде әрбір жұмыс атқаратын бөлімдердің қалыпты тізбектелген үлгісінің негізінде тұрақтылықтың қорытындылау көрсеткіші шығарылады. Әдісті «Экономический анализ теории и практика» журналының 2009 ж. 9 санының 33-34 бетінен оқыңыз. Жеті аумақтың орташа көрсеткіші кәсіпорынның тұрақтылығын сипаттайды.

Жетінші кезеңде алтыншыдағы сияқты әдіспен даму көрсеткішінің қорытындысы шығаралады.

Қорытындылау кезеңінде зерттелген мерзімдегі кәсіпорынның бағыты анықталады (2 - сурет) Ол үшін үш өлшемді (тұрақтылық - даму) калпын пайдалану ұсынылады.

Қарқынды даму	<p><u>Тартымды саладағы тұрақсыздық.</u> Төменгі тұрақсыздықтағы дамудың жоғарғы сатысы. Тартымды салада кәсіпорын әлсіз орын алады. Өнім көлемін көбейту немесе кәсіпкерлікті табу ұсынылады.</p>	<p><u>Тұрақты өсім</u> Кәсіпорын белсенді және қарқынды дамып, жоғарғы тұрақтылыққа қабілетті. Саладағы қор салымының тиімділігіне тәуелділігін мұқият талдау керек.</p>	<p><u>Нәтижелі аумақ (кәсіпорын- озық)</u> Қарқынды даму, тұрақтылықтың жоғары деңгейі, кәсіпорын мығым бағытта өткізуі нарқын басып алуда, басылымдылық бағытын жеңілдетуде. Шамадан тыс тұрақтылық артық қор мен қамдану кәсіпорынға ауыртпашылық әкеледі, жылдам өзгеруі тез шешуге шектеу қояды.</p>
Тұрақты даму	<p><u>Орташа тартымды саладағы әлсіз бағыт</u> Төмен деңгейдегі тұрақтылықтағы орташа өсім. Кәсіпорын барлық күшін өсуді қамтамасыз етуге жұмсайды.</p>	<p><u>Тұрақты теңдікте</u> Саладағы орташа тартымдылықта кәсіпорын орта орнын ұстайды. Тұрақты даму және жоғары тұрақтылық.</p>	<p><u>Даму мүмкіндігі</u> Кәсіпорын күшті бағытты ұстайды. Тұрақты даму және тұрақтылықтың жоғары деңгейі. Кәсіпорынды басқару тиімділігі жеткіліксіз, себебі қарқынды дамудың мүмкіндігі пайдаланылмаған.</p>

Тоқырау	<p><u>Кәсіпорынның нәтижелік шегі</u> Тартымсыз саладағы кәсіпорын нашар бағыт ұстанған. Экономиканың көлемдік көрсеткіштері өспегендіктен кәсіпорын өзінің әлсіздігін мойындауға жақын, дамымайды.</p>	<p><u>Тырымсыз саладағы тұрақтылық</u> Тартымсыз салада кәсіпорын орташа орынды иеленеді. Кәсіпорынның даму мүмкіндігі жоқ, нарқы тартымсыз.</p>	<p><u>Кәсіпорынның өндіргіштігі</u> Қайырымсыз тұрақтылықтың жоғары деңгейіндегі мардымсыз өсу. Кәсіпорын құрал жинағанымен дамуға пайдаланбайды. Тоқтауды туындатады. Дүние – мүлікті пайдалану тиімсіз</p>
	Әлсіз тұрақтылық	Пайдалануға болатын тұрақтылық	Оңды тұрақтылық

Айтылған талдау өндірістің мығым, әлсіз тұстарын көрсетіп, кәсіпорынның тұрақты дамуының бағытын көрсетіп, қорларды соған пайлануды ұсынады.

Пысықтау сұрақтары:

1. Тұрақты дамуды сипаттайтын көрсеткіштер;
2. Жинақталған әдістеменің ерекшелігі;
3. Тұрақты дамуды бағалаудағы қағидалардың 1-4 реттегілері;
4. « _____ » « _____ » 5-8 _____
5. Кәсіпкерлік жағдайын шекті өлшеу көрсеткіштері;
6. 1 – суреттегі тұрақты дамудың талдауы мен бағалануының 1-4 жұмыстары;
7. « _____ » « _____ » « _____ » « _____ » 5-8 _____
8. 1-2 кезең жұмыстарын сипаттаңыз;
9. 3-4 « _____ » « _____ » « _____ » « _____ » ;
- 10.5-6 « _____ » « _____ » « _____ » « _____ » ;
- 11.7-8 « _____ » « _____ » « _____ » « _____ » ;
12. Қорытынды кезеңдегі қарқынды дамуды сипаттаңыз;
13. « _____ » Тұрақты дамуды « _____ » « _____ » ;
14. « _____ » Тоқырауды « _____ » « _____ » ;

III- тарау. Сұраныс пен ұсыныс, таңдау талдауы.

3.1. Сұраныс пен ұсыныс туралы түсінік.

Тарихта адамзат қатынасы сұраныс пен ұсыныстан тұратыны ежелден белгілі, қарапайым әрбір адамнан бастап, жанұя, көпшілік, ұйымдар, мемлекет, дүниежүзі арасындағы өмірге қажеттілік сұраныс пен ұсыныс арқылы жүзеге асатындығына сансыз мысал келтіруге болады. Сұраныс қарапайым адамзаттың қажеттілігінен туындайды: шөлдесеңіз - су, дем алу үшін - ауа, қайрат жинау үшін - тамақтану, ыстық суыққа орай - киім, тағысын тағылар. Осындай қажеттіліктердің бәрін бір адам өзі жасап ала алмайды, демек басқаның көмегіне зәру, оны алу үшін есеге есе қайтару керек. Осының бәрін экономикада ақшамен есептейді, соған байланысты оның келер жерін, қалай келетінін, қай жерде, қашан, қалай жұмсау керектігін білу өмір сүрудің жеңіл, ауырлығына ықпал жасайды. Адамзаттың бұған бейімделуі жаратылыстан басталады. Жазу-сызуды білмесе де тасқа

қашап жазғандардан да әрі бір нәрсені екінші бір қажетіне айырбастағанның өзінде, негізінде баға болған, соны ойлап теңестірген. Бәленнің сыйлығы, пәштүгеннің сыйлығын алған деп есеп жолымен заң сымақтарын шығарды ден жүрген шет елдіктеріміздің тұжырымы атам заманнан белгілі қолданылған әдіс-айлалардың мағынасынан туындайды. Қолда бары солардың тасқа бастырылған кітаптары болғандықтан, сұраққа байланысты жазғандарын келтіруге тура келеді.

Орысша басылған оқулықта жалпы сұраныс (совокупный спрос) туралы түсінікті бірінші болып жүйеге келтіріп, оның бөліктерін бөліп, тұтынудың жекелеген қызметтерін, қор жинаудың, салым, сыртқа шығаруды талдаған Ұлыбританиялық кәсіптенуші Джон Мейнард Кейнс дейді. Сондықтан жалпы сұраныстың дәстүрлі үлгісін кейнсиан үлгісі дейді. Жеке шаруа өзінің табысын тұтыну мен сақтық қорға жұмсайды, кәсіпорын өндіріске жауап беріп өнімін ұсынады.

Кез келген жеке табыста (доход) тұтыну қызметі жалпы қажетті (жоспарлы) тұтыну деңгейінің шығынын көрсетеді.

Дербестік тұтыну (CO) – келешек табыс деңгейіне тәуелсіз тұтыну шығындарының жиынтығы. Табыс болмаған жағдайдың өзінде өмір жағдайын сақтау үшін аздаған болса да шығын жұмсауы қажет.

Жалпы тұтынуға әсерін тигізетін мәселелер:
- елдегі жалпы экономикалық жағдай;
- жұмысбастылық, табыстың келешегі, экономикалық жағдайдың келешегі, ақша құны сияқтыларды тұтынушының күтуі,
- әлеуметтік қорғануы;
- физиологиялық қажеттілік т.б.

V_d – ұсталатын жеке табысы, C_o – жалпы тұтыну, v – тұтынуға икемдік шегі.
 $V_d = C_o + v$; Экономикада жағдай күрделенген сайын, келешектен келер азайған сайын жалпы тұтыну деңгейі жоғарылайды. Мұндайда жалпы тұтыну сақтық қорға айналады, келешекте қиындыққа ұрынбау көзделеді. Бұл сақтық қордың бір түрі, ақшалай емес, көпке сақталатын табиғи түрдегі дүние, зат.

Жалпы тұтынудың ең аз деңгейі – адамның, жанұяның қалт-құлт еткен өміріне жететін тағам мен тұрмыс, өлместің күні. Дегенмен қала, аймақ, ел әлеуметтік қоғам, неғұрлым бай болса, соғұрлым жалпы тұтыну деңгейі жоғары, өйткені, тіршіліктен басқа жалпы тұтыну әлеуметтік жағдайларды туғызады. Елдің белгілі бір бөлігінде өздеріне сәйкес өмір деңгейін сақтау үшін үйдің сыртқы сыртқы әсемдік келбеті, көлік, киім – кешек, қосымша дүние – зат, тіпті тамақтың өзі салтанат емес, күнделікті қажеттілік, ол үшін кейде келешектің мәселесін де соңына қалдырады.

Тұтынуға шек қою жеке адамның, үйдің күнделікті тұтынуын сипаттайды. Ол тұтыну шығынының өсуінің қолдағы жеке табыстың өсуіне қатынасы. Тұтыну өсімі түсім өсімінен әрдайым аз болғандықтан «0» ден көп «1» ден аз.

Тұтыну деңгейін толықтырушы сақтық қор. Ол келешекті ойлап, жұмсамай, табыстан айырып қоятын сома, дүние – зат. Сақтық қызметі табыс пен тұтынудың айырымы. Сақтық қор экономикалық дамуда қомақты жұмыс атқаратындықтан, оған жеке меншіктің арнайы қаржы орындарында сақтаған ақшалары жатады.

Шаруаның табысы болмаған жағдайда да күнкөрісіне аздаған болса да ақша керек. Мұндайда ол үкіметтен (қаржы орнынан), туыс – жақындарынан қарыз алады, немесе бұрыннан жинағанын, мұрагерлікке берілгенін жұмсайды. Бұл мөлшерді кері жинақ дейді (отрицательное сбережение) қарыздың көбеюі. Шаруа табысын тұтынуға, немесе сақтық қорға жұмсайтындықтан, жалпы тұтынумен жинаудың қосындысы "1" – ге тең.

Халықаралық мәліметтерге қарағанда кейбір елде тұтынуға көп жұмсап, сақтық қорға салыстырмалы аз бөлінеді (10-15 %), ал кейбіреуінде керісінше. Тұтыну мен сақтап қоюға әсер ететін жағдайлар:

- елдегілердің баю деңгейі;
- баға деңгейі (байлықтың сатып алу қабілеті);
- шаруаның келешектен күтуі;
- жалпы экономикалық жағдай;
- экономиканың қызмет көрсету құрылымы (әлеуметтік қауіпсіздендіру жүйесі);
- тұтыну қарызының жүйесі.

Көзге түсерлігі елдің тұрмысының жоғарылағанына орай, жалпы тұтынуы төмендеп, сақтық қорын жинауы көбейе түседі. Осы жерде қазақтың «байыған сайын қалтырауық» деген мәтелін келтіре кетуге болар. Дүниені жаппай шашпай, ұқыпты пайдалану сарандыққа жатпайды, оңды нәрсе. Оны пайдалану тұтыну мен жинақылыққа (сақтық қор жинауға) әсер ететіндігін есте сақтаған дұрыс.

Экономика жағдайы төмендегенде сақтану, сақтық қор жинау қажеттілікке жатады. Өйткені келешек табыс, баға, еңбекақы, ақша бағамы (валютный курс) жағдайлары тоқыраушылықты елестетеді. Қиыншылықта сақтық қор аса қажет. Егер қаржы орындарына сенімшілік бар болса ақшалай, болмаса заттай жиналады.

Жалпы тұтыну мен сақтық қор жинаудың деңгейі әлеуметтік қамсыздандыруды ұйымдастыру жүйесіне байланысты. Әркімнің сақтық қоры қиыншылықтан шығу, өмір деңгейін жақсарту ғана емес, уақытша жұмыссыздық, ауру – сырқаулық, кәрілік кезінде де пайдаланылады.

Егер адам үкіметтің қамсыздандыруына толықтай сенсе сақтық қорының мөлшері азайып, болмаса, өз күнін көру үшін көбейтеді.

Экономиканың жүруі екі жағдайға байланысты, ол сұраныс пен ұсыныс. Сұраныс туралы түсінік келтірдік, енді ұсыныс туралы айтайық.

Жалпы ұсыныс дегеніміз әртүрлі баға деңгейіндегі экономикадағы өндіріс көлемін сипаттайды. Ұзақ мерзімде жалпы ұсыныс экономиканың өндірістік қызметін анықтайды. $V = A K^{\alpha} L^{\beta}$; мұндағы V - экономикалық қызмет,

A – елдегі қуаттылық дамуы, K – пайдаланылатын қор, l – пайдаланылатын еңбек көлемі. α , β жалпы өндірудегі қор үлесі, оның экономикадағы салыстырмалы маңызы.

Талдаудың ыңғайлылығы үшін теңестірілуде $\alpha + \beta = 1$ деп алады.

Өндірістің мұндай түрі Кобба – Дуглас қызметі саналады, оқымыстының атында. Бұған қоса ұзақ мерзімді экономика ұсынысын сипаттағанда леонтьевтің өндірістік қызметі қолданылады. Америкада жұмыс істеген орыс, Нобель сыйлығының иегері. Оның өрнегі (формула – латын сөзі formula – форма, правило, үлгі) $V = \min(\alpha K, \beta l)$, мұндағы еселіктер еңбек пен қордың арасындағы бөлісу, өндірістегі олардың арақатынасын сипаттайды. Кобба – Дуглас өндірістегі ықпал жасаушыларды бір – біріне байланыссыз қарастырып, Леонтьев олар бірін – бірі толықтыратындығын көрсетеді. Бұлардың қайсысын алу әр ел үшін жеке шешіледі.

Кез – келген өндіріс қызметі барлық қорларды толығынан пайдаланғанда керегінше өнім өндіруге болатындығын көрсетеді, елдің өндірістік мүмкіндігін сипаттайды. Сонымен ұзақ мерзімдегі жалпы ұсыныс AS_{lf} – тиімді өндірістің бейнелеу сызығының геометриялық барлық нүктесінің орны.

Ұзақ мерзімдегі, әрбір тур сызық жалпы ұсынысқа жауып беріп, елдегі өндіріс мүмкіндігінің шектелуінде тек бір нүктеге сәйкес келеді. Ол қор толықтай пайдаланылатын нүкте. Сондықтан V_{FE} – барлық жұмысбастылықтағы өндіру.

AS_{lf} – (ұзақ мерзімдегі жалпы ұсыныс) сызықта (график) орналасуы екі анықтаушы жағдайлармен көрсетіледі: экономикадағы қорлардың барлығымен (көлемімен), қорлардың өнімділігімен (өндіру қабілетімен). Жаңа қорлардың қосылуы (халық санының өсуі, пайдалы қазба – байлықтарының ашылуы), бар қорлардың сапасының жақсаруы, өндіріс барысы (өндіріске жаналықтар енгізу), еңбек өнімділігі мен қордың өсуі елдегі өндіріс мүмкіндігінің өрісін кеңейтеді, демек, ұзақ мерзімдегі жалпы ұсыныстың сызығын оңға созып, жалпы өнім шығарудың өскендігін көрсетеді. Одан басқа, әсер етушілердің пайдалану тиімділігінің өсуіне басқарудағы өзгерістер де қолдаушылық танытады, мысалы өндірісті ұйымдастырудың жаңа түрі, кәсіпкерлік пен үкіметтің әрекеттестігінің өскелең әдісі, кәсіпкерлерге салықтың азаюы, іскерлік жұмыстағы ашықтықтың дәрежесінің көтерілуі, кәсіпкерлік ортадағы сенімділік.

Табиғый жағдай (егіннің шықпауы, дауыл, толқын, жер сілкінісі, шыжыған ыстық, қақаған аяз сияқты апаттар), соғыс, табиғат жағдайының нашарлауы (өндіріс қалдықтарының зияны, қоршаған ортаның ластануы, улы газдардың шығуы, жердің таза ауа қабатының бұзылуы, орманды отау, т.б.), саяси жазалау, басқару орындарының қатыгездігі жалпы сұраныстың төмендеуіне әкеледі, AS_{lf} – сызығының солға жылжып, экономиканың өндірістік мүмкіндігінің қысқаруына әкеледі.

Ұзақ мерзімдегі жалпы ұсыныстың онды жылжуы салым өсуіне де байланысты. Егер ол келмесе ұсыныс қысқарады.

Қысқа мерзімдегі жалпы ұсыныс AS_{sr} онды еңкіш сызығымен сипатталады. Экономикадағы бағаның жалпы деңгейі өскенде кәсіпорын өз өндірісін кеңейтеді.

Қысқа мерзімдегі өндіруге бағаның өсуінің онды әсері әртүрлі себептерге байланысты .

Біріншіден қысқа мерзімде экономикаға қатысушылар , халық, кәсіпорындар ақша қиялына ұшырауы мүмкін. Өйткені ақшаның көбеюі нақтылы көрсеткіштердің өсуінен деп сезінуі мүмкін. Мысалы нақтылы еңбекақы өскенде өндіріске еңбек қорын тарту көбейеді. Жұмысшылар ұзақ уақыт жұмыс істеуге дайын, еңбекақысы жетіспегендіктен жұмыс істемегендер өздеріне орын іздеуге талпынады. Бұл еңбекақының сатып алу мүмкіндігі өспеген жағдайда да жалғасады. Қысқа мерзімде нақтылы еңбекақының өсуін анықтау күрделі болғандықтан жұмыскерлер жалпы сомманың көбейгеніне еріксіз көңіл аударады.

Екіншіден еңбектік, іскерлік келісім шарттарға байланысты еңбекақы мен бағаның бұлжымайтындығы көрінеді. Заманауи экономика келісім шарт қағидасымен жұмыс істейді, баға деңгейлері көрсетіледі. Шығын шектеулі, сұраныс көбейген сайын, пайда көбейеді, кәсіпорын өндірісін кеңейтеді.

Үшіншіден қысқа мерзімдегі жалпы ұсыныс қызметінің онды икемделуі кәсіпорындар арасындағы түрлі мәлімет пайдаланудың ықпалымен байланысты. Кәсіпорын қысқа мерзімде әртүрлі себептердің бірінен – бірін айыра алмайды. Кәсіпорын өзінің бәсекелес өніміне сұраныс өзгерісінің қаншалықты нақты, немесе мәжбүрлік екенін түсіне алмайды. Сондықтан бағаның жалпы өзгерісін, ол өз өнімінің бағасы өзгерді деп ойлайды. Сұраныс көбейіп, бағаның көтерілуіне қарай өндірісті өсіреді де, оның кері әсерін кейін ұғынады.

Төртіншіден, қазіргі экономикада кәсіпорынның кірісі мен шығысына бағаның өсуі бірдей әсер етеді. Әдетте ақырғы сұраныс тауарларын өндіретін салаларда баға икемді, ал жолай қорлар мен өнім өндіретіндерде баға қатаң, сондықтан тауар мен қызметтердің бағасының өсуі қор (пайдаланатындар, оның ішінде еңбек ақы төлеу де бар)дың бағасының өсуінен қалыс қалады. Бұл пайданың көбеюі мен өндірістің кеңеюімен қоса жүреді. Экономикаға қатысушылар оқуға бейімді, өзгерістерді бақылай отырады. Сондықтан олар кез келген бағаның өзгерісі емес, тосатын мен күнделікті бағаның өзгерісіне көңіл аударады. Экономикада баға өзгерісін тура есептеу мүмкін болмағандықтан өндірістің мүмкіндігі мен ұзақ мерзімді деңгейінен мезгіл – мезгіл ауытқуға тура келді.

Қысқа мерзімдегі өнім көлемінің қызметін төмендегідей үлгімен бейнелеуге болады: $V(AS_{sr}) = V_{FE} (AS_{lr}) + K(p - P^l)$: мұндағы $V_{FE} (AS_{lr})$ - толық игерілгендегі өндіру (ұзақ мерзімдегі жалпы ұсыныс); K – баға өзгерісіне өндіріс әсерінің еселігі; $K > 0$; P – ағымдағы баға деңгейі; P^l - күтетін баға деңгейі.

3.2. Сандық өлшем пайдалылығы тұжырымының негізіндегі тұтынушы көзқарасының талдауы.

1. Тұжырым (гипотеза – грек сөзі hypothesis –основание, предположение – негіз, тұжырым) Алынған игіліктің жиынтығынан тұтынушы мейлінше қанағаттану үшін өзінің қаражатын жұмсайды.

2. Тұжырым. Әрбір тұтынушы игіліктің сандық өлшем пайдаланушылығы арқылы қаншасын алатындығын білдіреді.

Пайдалық өлшемнің межесін анықтайтын бірлік пайдалық (ютилла – ағылшын сөзі utility –полезность)

Маңызды (кардинальный – кардинал – католик шіркеуі дін бастықтарының ең жоғарғы шені) тұжырымға байланысты қажеттіліктің (пайдалылықтың) жекелей өлшемін есептеу(математика) жолымен шығаруға болады.

Тұтынушы үшін игіліктің әрбір түрі жалпы және шекті оңдылықты (қажеттілікті) танытады. Жалпы оңдылық игіліктің барлық бедері, соның жиынтығы (T_i): $T_i = \sum_{i=1}^n U_i$: мұндағы U_i - игіліктің i - бөлігінің оңдылығы, оңдылық өлшемімен, ютильмен, n - игіліктегі оңдылық саны. Шекті оңдылық - игілік бірлігіне оңдылық өскендегі барлығының жиынтығы.

Шекті оңдылық $U_i - \sum_{i=1}^{n+1} U_i$;

3 - Тұжырым (Госсеннің бірінші заңы). Игіліктің шекті оңдылығы азаяды, яғни игіліктің қазіргі оңдылығы бұрынғыдан төмен.

Жоғарыда келтірілген үш тұжырымның мағынасы, жекенің тұтыну жоспарының негізі жасайтын тұтыну кестесіне байланысты, ондағы тұтынылатын игіліктердің әрбір бірлігі ютильмен есептейтін сандық бағалауымен шығарылады. Менгер (кесте жасаушы) кестесінде игілік түрлеріне (мысалы, нан, сүт, алма, т.б.), берілген бағалар бойынша тұтынушы сатып алудың құрамы мен көлемін жасайды, ол белгілі қаражатта ең көп ютил жиынтығын сатып алуға мүмкіндік береді. Есептің мақсаты қажеттілік қызметін мейлінше қамту. Ол Лагранж Әрекетің табу, мағынасы сатып алған игіліктен тұтынушы толық қажетін жауып (Лагранж қызметінің бірінші қорытындысы), игіліктің шекті бөлуіне байланысты аздаған болса да үнемдеу. Мұндайда Лагранж көбейткіші ақша құндылығының шегін сипаттайды. Берілген баға мен қаржыда тұтынушы өзінің қажеттілік қызметін толықтырады. Ондайда барлық игіліктің шекті қатынасы оның бағасына бірдей болуы керек. Бұл қорытынды Госсеннің екінші заңы деп аталады. Көңіл аударатын мәселе ақшаның шекті құндылығы бір мезгілде сатып алудың оңды құрамымен анықталуында.

Тұтынушы өз қаржысын Госсеннің екінші заңына сәйкес бөлгенде сатып алу құрамы оңды есептелінеді. Бұл жағдай кейде тұтынушының теңдігі деп аталады, өйткені сатып алу құрамындағы кез - келген өзгеріс оның қанағаттану деңгейін төмендетеді . Заңға байланысты белгілі бір игіліктің бағасының басқалар мен қаражат өзгермегендегі жағдайда, бұл игілікке оның сұраным көлемін төмендетеді. Бұл талдамнан игіліктің бағасының төмендеуі, оның сұранымының көбеюіне әкелетінін байқаймыз. Ол сұраныс заңының мағынасы. Игілік бағасы төмендегенде сұраныс көлемі көбейіп, бағасы жоғарлағанда азаяды.

Баға өзгермегенде тұтынушының қаражаты көбейсе, сұраныс көлемі

көбейгендіктен оның жалпы қажеттілігі өседі. Сонымен, игілік сұранысының көлемі тікелей тұтынушының қаражат көлеміне байланысты, керісінше өз бағасынан.

Басқа игіліктердің бағасының өзгеруіне байланысты бір игіліктің сұраныс көлемінің ауысуы тұтынушының қайсысын ұнатуына байланысты.

Тұтынушы әрбір игілікке белгілі қаржат көлемін оның қажеттілігіне байланысты бөлсе сұраныс көлемі оның бағасы мен бөлінген қаржатқа байланысты. Осыған орай сұраныс көлемі біреуіне бағасы төмендегенде, екіншісіне жоғарлағанда, қаражат көбейгенде болады. Бірін - бірі ауыстыра алатын игіліктерде бағаның ауытқуы олардың сұранысына әсер етеді. Кей жағдайда біріне - бірінің әсер етуі баға арқылы сұраныс көлеміне өзгеріс енгізеді. Мысалы тігін машинасының бағасының төмендеуі бұлға сұранысты көбейтеді және керісінше. Қажеттіліктің сандық өлшемінің негізінде шығатын тұжырымнан, тұтынушының игілікке сұраныс көлемі бағасынан кері ықпалда болатынын, ал сұраныс көлемінің басқа игіліктердің бағасы мен тұтынушы қаражатына байланыстылығын көреміз. Бейнелеу сызығынан игілік бағасы төмендегенде сұраныс көлемі ұлғайып, баға жоғарлағанда азаятындығын көруге болады. Сұраныс көлемінің, оның қажеттілігіне байланыстылығын сипаттау үшін сұраныс икемділігінің еселігін пайдаланады. Игілік бағасының бір пайызға өзгергенінде, сұраныс көлемі неше пайызға өзгередінін көрсетеді. Еселікті сұраныс бейнеленуінен оңай табуға болады.

Икемділіктің тікелей , қайшы , қаржыға байланысты еселіктері бар. Олар баға бір пайызға өскендегі, әртүрлі игіліктердің бағасының бір пайызға өскендегі, қаражат бір пайызға өзгергендегі ауытқуларын көрсетеді.

Сұраныс бағасы тұтынушының алмақшы игілігіне төлеуге келіскен ақша мөлшері. Ол игіліктің қажеттілік шегі. Тұтынушының төлемекші ақшасы мен нақтылы төлегенінің айырымы тұтынудағы артықтық деп аталады.

Тұтынушы мен өндірушінің артық ақшасы қоғамдық ұтысты туғызады.

Жекелік бір мезгілде игілікті сұрап қана қоймай, ұсынатын болса оны артық сұраныс қызметі дейді.

3.3. Құндылықтың (қажеттіліктің) кезекті өлшемі тұжырымының негізінде тұтынушының көзқарасын талдау.

Алатын игіліктің құндылығын, өзі үшін болсада, сандай бағалау күдік туғызады. Сондықтан адамның қанағаттануын кезекпен өлшейтін тұжырым негізінде тұтынушының көзқарас үлгісі жасалған.

Қомағайлық (тоймаушылық) тұжырымы. Аз, көп бірдей болған жағдайда тұтынушы игіліктің көбірек болғанын қалайды.

Жөнін табу тұжырымы (гипотеза полной упорядоченности). Әртүрлі жинақталған екі игіліктің тұтынушы бірінен - бірінің артықшылығын немесе бірдейлігін айырады.

Ретке келтіру тұжырымы (гипотеза транзитивности). Игіліктердің орын алуына қарамай маңыздылығына (қажеттілігіне) орай ретке қою.

Әсер ету тұжырымы (гипотеза рефлексивности). Екі бірдей жиынтықтағы

игіліктің бірінен - бірінің кемдігі жоқ деп есептейді тұтынушы.

Құндылықтың кезекті өлшемі тұжырымының талдауындағы қолданылатын құралдардың негізісінің біреуі айырымсыз қисығы (кривая безразличия) екі игіліктің кеңістігіндегі нүктелер жиынтығы, тұтынушы үшін екі игіліктің әртүрлі бірігіп пайдалануындағы бейнелеу.

Дөңестік тұжырымы (гипотеза выпуклости). Мұнда айырымсыз сызығы орналасу кеңістігінің (координат) басына дөңес келеді. Бұл деген, молшылықтың берілген деңгейінде, келесі азаятын игіліктің әрбір бірлігі өсетін игіліктің көп санына теңдікті көрсетеді. Айырым қисығындағы қанағаттану деңгейін сақтау үшін игіліктің бастапқы түрінің келесі бөлігі екінші игіліктің өсімтал бөлігімен толықтырылуы керек. Маңызы бойынша дөңестік тұжырымы Госсеннің бірінші заңына тең.

Тұтынушы үшін екі игіліктің әрқилы сәйкестігінің көптігі, олардың бірін – бірі ауыстыра алатындығында, ол қасиетінің сандық сипаттамасы ауыстырудың шекті өлшемі(предельная норма замещения).

Екі игілік арасында барлық айырымсыздық қисығы айырымсыздық картасын құрайды. Ол тұтынушының таңдауын білдіріп, әртүрлі игіліктердің кез – келген екі сәйкестігіне көзқарасын жеткізеді. Айырымсыздық картасы Меңгердің кестесінің қажеттілікті өлшегеніндей. Соның негізінде қаражатына сай тұтынушы толық қанағаттанатындай жоспарын жасайды. Берілген қаржыда алмасатын екі игіліктің барлық нүктесі тұтынушыға қолы жететіндей болса теңдік қаржы сызығының теңдігі деп аталады. Сызық кері еңкіштік көрсетіп, оның бұрышы баға қатынасымен анықталады, ал басталған жерден қашықтығы қаржы көлеміне байланысты. Тұрақты қаржы мен бағада екінші игіліктің бағасы төмендесе қаржы сызығының еңкіштігі азаяды, игілік бағасы көтерілсе сызық еңкіштігі көбейеді. Тұрақты бағада тұтынушының қаржысы көбейсе қаржы сызығы басталған жерден (координат) қатарлас жылжиды.

Жеке тұтынушы үшін екі игіліктің шекті ауыстырылуы ойлаған ойынша, ал олардың бағасының салыстырылуына байланысты ауыстырылуы нақтылы бағалауға сай екендігін сипаттайды. Бұл екі бағалау сәйкес болса, тұтынушы өз қаражатына байланысты толықтай қанағаттанады, теңдік қалпына келеді.

Құндылықтың кезекті өлшемін ұстанған тұтынушының әрекеті бәсекелесуші кәсіпорындардың қаракеттену үлгісіне ұқсас. Еңбек пен қордың мейлінше сәйкестенуіне байланысты өнім бірлігіне жұмсалатын шығынды азайтып, сұраныс құрамын оңдап, қажеттілікті көбейтетін тұтынушыны теңестіретін жағдай кәсіпорындардың тең түсуі. Тұтынушының теңдігінің барлық нүктелерін қосып тұтыну қорының сызығын жасайды. Ол тұрақты бағада жекенің табысы өсуіне байланысты тұтыну өзгертіндігін көрсетеді. Мұндайда сапасыз игілік азайып, оңдысы көбейеді.

Тұрақты бағада тұтынушының табысына байланысты игілік көлеміне сұранысының ауытқуын бейнелі түрде көрсету Энгелдің қисығы деп аталады.

Тұтынушы игіліктің бағасының өзгергенін сезінеді . Бағаның өзгеруі қаржы тұрақтығында қолжетімділікті өзгертеді, молшылығы ауысуып не бай, не кедейлікке ұшырайды. Сондықтан сатып алатын игіліктің жаңа құрамына көшу екі жағдайдың әсері, баға қатысының өзгеруі, тұтынушының нақты қаржысының тұрақсыздығы. Жаңа баға жүйесінде тұтынушы игіліктің қымбатын аз, арзанын көп алса бұрынғы қаржы қалпын сақтай алады. Мұны табыс (қаржы) тиімділігі дейді. Игіліктің бағасы өскенде оны арзан түрімен ауыстыру сатып алу мүмкіндігін орнына келтіріп, тұрмысын жоғарлатады. Ауыстыру негізінде сатып алу мүмкіндігін сақтаса Слуцкиндің игілікті ауыстыруы, бұрынғы күйін ауыстырса Хикстің ауыстыруы дейді. Бұл екеуінің берері тең емес.

Игіліктің сапалы, сапасыз жағдайында баға өзгерісінің тиімділігі әртүрлі сезінеді.

Сапасыз игіліктің бағасы өзгергенде оның табысы ауыстырғандағыдан көп болса, сұраныс заңы өзгереді; баға жоғарылағандықтан оған сұраныс көбейеді, ал баға төмендегенде арзандаған игілікке сұраныс азаяды. Сұраныстың заңынан бұл ерекшелік «Гиффеннің оғаштығы» (парадокс Гиффена) деп аталады.

Жекенің сұраныс қисығының еңкеюі игіліктің екі тиімділігін анықтайды: ауысытыру және табыс. Олардың жеке әсерін тұтынушының сұраныс қисығын сызып, сұранысты тұтынушының қаржымен жапқанында көруге болады. Бұл қисық игілікке сұраныс пен оның бағасының тәуелділігін көрсетеді. Игіліктің бағасы осы тұтынушының табысын толықтай жабады, ал баға төмендесе табыстың соған лайық бөлігі алынады.

Құндылықтың сандық өлшем тұжырымында, игіліктің бағасының өзгеруінің тұрмыс жағдайға ықпалын анықтау үшін тұтынудағы артықшылықты табады. Ол үшін орнын толтыру, табыстың сәйкес өзгеруі деген ұғымдар қолданылады. Табыстың орнын толтыру игілік бағасының қымбаттауына орай артық шығынданған сомасын қайтару. Ол тұрмыс жағдайының қалпын сақтау үшін керек.

Табыстың (бөлетін қаржының) өзгеруі тұтынушының баға өзгерісіндегі ақша мөлшерін төлеуге келіскендігі.

3.4. Қысқаша тұжырымдар

Халық өзінің қажеттілігін қанағаттандыру үшін игілік сатып алады. Игіліктің халық қажетін қанағаттандыру мүмкіндігі оның құндылығын (қажеттілігін) сипаттайды. Халықтың игілік саны мен түріне орай қажеттілік деңгейінің қанағаттану тәуелділігіне жеке қажеттілік қызметті дейді тұтынушының қолжетімді игілігінің саны мен түрі оның қаражаты мен игілік бағасына байланысты. Қаражат шектігі ең қажеттісін алуға мәжбүрлейді.

Қаражатының белгілі мөлшерін керек еткен игілікке жұмсауды игілікке сұраныс дейді. Сұраныс көлемі мен әсер ететін жағдайларды анықтау үшін қазіргі кезде тұтыныс сұранысының екі түбегейлі тұжырымы бар, олар игіліктің құндылығын өлшеу (кардиналисткал – ең басты), құндылығын таңдау (ординалисткал – жай,қарапайым, күрделі). Бұл екі тұжырымнан да

шығатын қорытынды – игілікке сұраныс көлемі, оның басқаларының бағасы мен табысқа байланысты. Бұл жағдайлардың сұранысқа әсерінің сандық деңгейін тікелей, қайшы, табысқа орай сұраныстың икемдігі еселіктері көрсетеді. Табыстың сұраныс көлеміне әсер етуі, тұтынушының табыс өзгерісіне байланысты таңдауының ауытқуында. Табыс көбейген сайын көптеген игіліктерге сұраныс артады. Мұндай игіліктерді оңды (нормальный) дейді. Кейбір игіліктерге табыс көбейсе де сұраныс азаяды, мұны сапасыз игілік дейді.

Тұтынушы кейбір игіліктердің құпия құндылықтарына байланысты (квазилинейная функция полезности) табысқа қарамай сұраныс жасайды. Игіліктің сұраныс көлемі мен тұтынушының табысының тәуелділігін сызумен көрсету Энгель қисығы деп аталады.

Игіліктің сұраныс көлемінің бағаға байланыстылығын сұраныстың бағалық қызметі дейді. Ол тәуелділіктің сипаты ауыстыру мен табыстың тиімділігімен анықталады. Ауыстырудың тиімділігі игіліктің бағасы мен сұраныс көлемінің өзгеруіне байланысты. Баға төмендесе сұраныс көп, жоғарыласа аз. Табыс әсерінің ықпалы әрқилы. Сапасыз игіліктің бағасы өзгергенде табыс әсері айырбастау әсеріне қарсы ықпал жасайды. Бұл жағдайда табыс әсері ауыстырудан басым болса сұраныс заңы бұзылады, соған байланысты, баға төмендесе сұраныс көбейіп, жоғарыласа азаяды. Қалыпты игіліктің бағасы өзгергенде ауыстыру мен табыстың ықпалы бір бағытта әсер етеді, сондықтан жеке сұраныс қисығы ондай игіліктерге қарсы еңкейеді.

Жекенің тұрмысына баға өзгерісінің әсерін сандық бағалауда: тұтынушының артығы, табыс өзгерісінің сәйкестігі, табыстағы орнын толтыру сияқты түсініктер қолданылады.

Басқа игіліктердің бағаларының өзгеруіне байланысты, сұраныс көлемінің өзгеруі, жекенің қажеттілік қызметінің түріне орай, демек оның ойынша бұл игіліктер бірін-бірі ауыстыра ала ма, бірін-бірі толықтыра ма, әлде бейтарап па? Бірін –бірі ауыстыратын игіліктердің қайшы икемдігінің еселігі нольден аз, бірін-бірі толықтыратындардыкі нольден көп, бейтараптардікі нольге тең.

Құндылықтың сандық өлшеуі мен бағалау тұжырыымдарының осал жері, оның бастамасы ретінде, тұтынушының ең маңыздысы игіліктің жекелей құндылығы деген жорамалын пайдалануында.

Тұтынушының әрекет ойын сипаттамақшы болған бір талпыныс анықталған артықшылық көзқарасы. Тұтынушы өз көзқарасына байланысты игіліктің бірінен-бірінің артықшылығын анықтап, сатып аларда соның түрі мен көлемін тауып әрекет жасайды. Мұны бақылау жасап көруге болады. Игіліктің таңдаған түрін алуына байланысты хал-жағдайының жақсарғанын анықтауға болады. Барлық тұтынушылардың көзқарасын сұрастырып, жинақтап нарықтағы сұранысты анықтайды. Мұны табарда жеке мен нарықтық сұраныс арасын кері көзқарас туындауы мүмкін, ол әлеуметтік мәселлерді қозғауы мүмкін. Нарық сұранысын тапқанда көзқарас білдірушілердің саны мен табыстарының деңгейін ескереді. Сұранысты

бейнелегенде (график) анықтайтын игіліктің барлық тұтынушыларының көзқарасын бір бетте қосады. Нарық сұранысының икемдігі кез келген жекелердің сұранысынан көп.

Ұсыныс. Айтылған тұжырымдарға мысал шығарғанда, немесе нақтылы бір жағдайды зерттегенде орыс(ағылшын) тілінде шығарылған оқулықтардағы есептік өрнектерді пайдалану ұсынылады. Тарауда туындайтын қортындыла,келтірілген, есептер мен бейнелеулер(график) тапталған үрдіс, алаңызда көріңіз.

Пысықтау сұрақтары:

1. Сұраныс тарихы, қажеттілігі;
- 2.Сұраныстың экономикадағы бейнеленуі, оның мәні;
- 3.Айырбас, оның туындауы, негізі;
- 4.Баға тарихы,шығуы;
- 5.Сұраныстың Кенсиан үлгісі;
- 6.Ұсыныс туындауы;
- 7.Дербестік тұтыну;
- 8.Тұтынуға әсерін тигізетін мәселелер;
- 9.Табысты ұстау өрнегі;
- 10.Жалпы тұтынудың ең аз деңгейі;
- 11.Тұтынуға шек қою;
- 12.Сақтық қор мәні;
- 13.Кері жинақ түсінігі;
- 14.Тұтыну мен сақтап қоюға әсер, ететін мәселелер;
- 15.Сақтық қорының жыйналуы, қажеттілігі;
- 16.Жалпы ұсыныс, өндіріс қызметінің өрнегі;
- 17.Кобба-Дуглас қызметі;
- 18.Ұзақ мерзімдегі жалпы ұсыныс;
- 19.Жалпы ұсыныс өзгерісіне әсер ететін жағдайлар;
- 20.Қысқа мерзімді жалпы ұсыныс;
- 21.Қысқа мерзімдегі өндіруге баға өсуінің бірінші әсері;
22. -----‘’-----екінші-//-;
- 23.-----//-----үшінші-//-;
- 24.-----//-----төртінші-//-;
- 25.Қысқа мерзімдегі өнім көлемінің қызметі (үлгі);
- 26.Сандық өлшем пайдалылығының үш тұжырымы;
- 27.Пайдалық бірлігі(нютила);
- 28.Қажеттілік өлшемін есептеу;
- 29.Жалпы және шекті оңдылықтар, үлгілері;
- 30.Госсеннің бірінші заңы;
- 31.Госсеннің екінші заңы;
- 32.Тұтынушының теңдігі деген не?
- 33.Сұраныс заңының мағынасы;
- 34.Сұраныс икемділігінің еселігі;
- 35.-----//-----//-----нің түрлері;

- 36.Қоғамдық ұтыс, артық сұраныс қызметі деген не?
- 37.Игіліктің құндылығын өлшейтін көзқарас үлгілері(4);
- 38.Айырымсыздық қисығы;
- 39.Дөңестік тұжырымы;
- 40.Ауыстырудың шекті өлшемі;
- 41.Айырымсыздық картасы;
- 42.Қаржы сызығының теңдігі;
- 43.Тұтыну қорының сызығы;
- 44.Энгелдің қисығы;
- 45.Табыс тиімділігі деген не?
- 46.Елеукиидің игілікті аустыруы;
- 47.Хакеттің аустыруы;
- 48."Грифеннің оғаштығы" деген не?
- 49.Игіліктің екі тиімділігін түсіндіріңіз;
- 50.Табыстың сәйкес өзгеруі , орнын толтыру деген не?
- 51.Игіліктің құндылығы немен сипатталады;
- 52.Тұтыныс сұранысының тұжырымдары;
- 53.Сұраныстың икемдігі еселіктерін атаңыз;
- 54.Оңды, сапасыз игілік деген не?
- 55.Сұраныстың бағалық қызметі;
- 56.Тұтынушының артығы, табыс өзгерісінің сәйкестігі, табыстағы орнын толтыру деген не?
- 57.Аустыратын игіліктердің қайшы икемділігінің еселіктері;
- 58.Сандық өлшем мен бағалаудың осал жері;
- 60.Сұранысты бейнелеу;
- 61.Ұсыныс.

IV - тарау. Нарықтағы бәсекелестік.

4.1.Бәсекелестік туралы ұғым.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мемлекеттің экономикалық әл - ауқаттылығын мойындату үшін маңызы зор. Экономиканың бәсекеге қабілетті түрін тандау, басым бағыттар мен салаларды анықтау, бәсекелестік қатынастар мен оған әсер ететін мәселелерді айқындау өзекті мәселелердің бірі. Бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету қоғам өмірінің тұрақтылығы мен тиімділігінің , тәуелсіздігінің кепілі.

Бәсекелестік (конкуренция - латын сөзі concurrentic - сталкиваться - қақтығыс) өнім өндірушілер (сатушылар) арасындағы жарыс , экономикаға қатысушылардың көп табыс, пайда табу үшін нарықтағы күресі. Өмір сүріп, пайда табу үшін нарықты экономикадағы мәдени, ресми тәсіл.

Негізінде бәсекелестік жарысуды басымдылықпен көрсететін жағдай ол :

- өндіруші ортаға байланысты нарыққа қатысуына қажет талаптарды сақтап жарысқа түседі;
- бірнеше кәсіпорын, экономикамен шұғылданушылардың өзара қатынас, байланысы;
- нарықты экономикадағы сұраныс пен ұсынысты теңестіретін бөлік;

- тиімді жұмыс жағдайы мен қажетті нәтижеге жету үшін жарыс;
- аз шығынмен мейлінше көп пайда табуға бағыт алу;
- бәсекелес, оның ортасы мен жағдайын бұзатын қимыл, әрекет.

Бәсекелестік экономиканы дамытуға оңды әсер ететіндерді анықтап, осалдарын жеттелейді. Ол бір бағыттағы экономикамен шұғылданушылар арасында туындайды. Оны төртке бөледі:

- бір қызметпен шұғылданатындар (бір түрлі тауар сатып, қызмет көрсететіндер);
- қарама - қарсы, өзара байланыстағылар (сатушы - сатып алушы);
- өзара байланыстағылар (өндірістің әртүрлі бөлігіндегі өнім өндірушілер мен қызмет көрсетушілер);
- әртүрлі қайшы келмейтін қызметтер (жұмыс жағдайында байланыс жоқ тауарлар мен қызметтерді жасаушылар мен тұтынушылар).

Осы топтарға жатуына байланысты бәсекелестердің қызығушылықтағы көзқарасы, жарысудағы қимылы, шиеленісуі , экономикалық қатынас сипаты әрқилы болады.

Бәсекелестік тек саудада ғана емес, басқа жағдайларда да болады: мысалы, аймақтық басқару орындарында, жергілікті қоғамдарда, арнайы, анықталмаған топтарда, әртүрлі әлеуметтік - экономикалық қиыншылықтарда.

Бәсекелестік мағынасына бірнеше мәселелерді қосады:

- бәсекелестік нарыққа қатысушылардың үш қарым - қатынасын қамтитын күрделі құбылыс ол жарыс, өзара келісетін, қолдайтын қимыл;
- демек, ол жарысушылық қана емес, басқа әрекет етушілердің ұсынған тауары мен қызметін пайдаланушы, оларға көмек көрсететін, өзі де оны алушы;
- бәсекелестік мүмкіндігімен қоса оның іске асуымен сипатталады;
- бәсекелестік қатысушының ұзақ мерзімге алған бағыты, белгілі мерзімдегі деңгейі, уақытша жағдайы;
- бәсекелестік негізгі көрсеткіште қатысушының сабақтастық, өзгергіштігін сипаттайтын құбылмалы жағдай;
- жүйедегі бәсекелестікті сипаттайтын, оған әсер ететін жағдайларды, қандай жағдайларда өтетінін көрсететін өлшемдерді шектеу қажет;
- бәсекелестік жүйелік құбылыс, ондағы бөліктерінен гөрі олардың байланыс түрлері маңыздырақ;
- бәсекелестікті қамтамасыз ету үшін тікелей бағынатын, тәуелсіз бөліктердің (кәсіпорын мен аймақ сыяқтыларды) жүйелерін айыра білу керек;
- жүйе бөліктерінің өзара байланысын бағалай отырып, оларды үш топқа бөлу керек: бір жүйе ішіндегі экономикалық бөліктердің қатысы, әртүрлі жүйедегі (өндіруші, тұтынушылар) байланыс, байланыстырушылар және басқалар;
- жүйе ішіндегі, сырттағы бәсекелестермен салыстырмалы байланыс сапасын есептеу керек;

- жүйедегі өзара байланысты бәсекелестікке сай сақтап, жақсарту барлық бөлімдерге тән мәселе, бірінің нашарлауы басқасына, бәріне кері әсер етеді. Жаһандық бәсекеге қабілеттілік бойынша мемлекеттер рейтингі (ағылшын сөзі rating - оценка значимост) бағаланатын, Дүниежүзілік экономикалық форумның (жиналыс орны) әдістемесінде үш өлшеуіштер (индикатор - латын сөзі indicator - указатель, измеритель) тобы қолданылғын.

- өндірістік қорлар мен мемлекеттік басқару мүмкіндігін тиімді қолдануды бағалайтын негізгі өлшемдер: жан басына шаққандағы ІЖӨ өсу қарқыны мен мемлекеттің қор мүмкіндігінің өсу қарқыны (бірінші топ). Мұндағы бастысы жан басына ІЖӨ.

- қорларды қолданудың тиімділігі мен жиілігін білдіретін көрсеткіш. Портер бойынша олардың негізгілері еңбек, ұстайтын және негізгі қорларды өндіру. Бірінші топ бойынша әлем елдерін бағалау еңбек өнімділігінің деңгейі.

- экономикада қолданылған қорлардың (үшінші топ) өндірісінің даму қарқындылығының еселеуін сипаттайтын жаңашылдық даму көрсеткіші.

Жаһандану жағдайында бір жағынан еңбек өнімділігінің артуы, шығындардың қысқаруы, ауқаттылық пен табыстың артуы болса, екінші жағынан белгісіздік, тәуекелдер, сатқыштық (коррупция), теңсіздік, кедейшілік артады. Бұл көрсеткіштер бәсекеге қабілеттілікті бағалағанда шығарылады.

Халықаралық бәсекеде ұлттық экономикалық қабілеттілігін төмендегідей көрсеткіштермен анықтайды: ІЖӨ өсу қарқыны, еңбек өнімділігі, еңбек ақы, шетелдік салым үлесі, білім беру мен түбегейлі ғылымға кеткен шығындар, жоғарғы өндіріс әдісі, сыртқа сату үлесінің қарқыны.

Нарықтық бәсекелестіктің өзгеруіне байланысты мемлекеттің саясаты да өзгереді.

4.2. Бәсекелестік қабілетін бағалау әдістемесі. Бәсекелестік қабілетін басқарудың негізі кәсіпорынның саясатына байланысты оның мүмкіндігін ретке келтіріп, дамыту. Бәсекелестік қабілетін жалпылама көрсеткіштердің негізінде бағалайды, ол шаруашылық жүйесіндегі мүмкіндіктерді сипаттайды. Көрсеткіштер үш бөлімнен тұрады: дүние - зат мүмкіндігі, қаржы мүмкіндігі, зиялылық (интеллектуальный - латын сөзі intellectus - ум, ақыл, ой). Әрқайсысын жетелесек дүние - затқа таза дүние (актив - латын сөзі aktivus - действенный, әсер етуші), барлық дүниедегі негізгі құралдардың үлесі, негізгі құралдардың белсенді бөлігінің үлесі, негізгі құралдардың жарамдылық еселігі, қаржы мүмкіндігі - ұзақ , қысқа мерзімді міндеттемелердің толықтай төлеуінің еселігі, кезекті төлемнің (ликвидность) еселігі, меншікті айналым дүниесімен қамтамасыз ету еселігі, өз бетімен (автономия - грек. autos - самnomos - закон, өз алдына басқару) шешу еселігі, зиялылық мүмкіндігі - кәсіби білім деңгейінің сәйкестік еселігі, қызметкерлердің білімі мен біліктілігін жоғарлату шығынының үлесі, басты мамандардың ауысу еселігі, басты қызметкерлердің жаңару еселігі. Кәсіпорындар мен кәсіпкерлікте ішкі және сыртқы бәсекелестік қабілеттері

болады, оларды бір - бірімен салыстырып бағалайды. Ішкі бәсекелестік қабілеттеріне: жаңашылдықтығы, ұйымдастырудағы, табиғи тазалығындағы, қорлылық, қор үнемдеушілік жатады. Олардың мүмкіндігі ескеріледі. Сыртқы бәсекелестік қабілеттеріне экономикадағы бірігіп істеудегі тұрақтылығы, хабардар болудағы жағдайлары бағаланады, ол жұмыстарды жүргізу мүмкіндігінде есептелінеді.

Кәсіпорынның бірлесіп жұмыс істеуіндегі тұрақтылық мүмкіндігін бағалаудағы өздеріне тән көрсеткіштердің жүйесіне жататындар: алыс – беріске қатысушының қоры - салалық нарық бөлігіндегі үлесі (еселігі), тапсырыс берудегі қайталану жиілігінің еселігі, сыртқы кәсіпкерлік ортасындағы тауар тұтыну, қызмет көрсету санының өсу қарқыны, қор (институциональнист)- жолағы келісім шарттардың жалпы санының өсу қарқыны, қоғамдық ұйымдар, көрме, конференция семинарларға қатысушының өсу қарқыны.

Кәсіпорынның ішкі бәсекелестікке қабілеті жаңашылдық, ұйымдастырушылық, табиғат тазалығы, қор, қор үнемдеу мүмкіндігінен тұрады.

Ішкі бәсекелестік қабілетін бағалайтын өздеріне тән көрсеткіштерге жататындар: жаңашылдық мүмкіндігінде - ҒЗТҚЖ (ғылыми зеттеу, тәжірибе құрастыру жұмыстары) шығынының үлесі, жаңашылдық сипаттағы жұмыстарды жоспарлау қарастырылған, дайындалған жаңалықтардың өндіріске ену үлесі; ұйымдастыру мүмкіндігі – өндірісті механизация, автоматизация еселі, жұмыс жағдайының өлшемді талапқа сайлығын есептейтін еселік, ұйымдастырудағы басқару тиімділігін есептетін еселік: табиғат тазалығының мүмкіндігі – ауа, су, жерге ластанудың мөлшерлі талабына сай келуін есептетеін еселік, жарамсызға жатпайтын қалдықтардың өсу қарқынын есепке алатын еселік; қор мүмкіндігі – өндіріске аймақтағы тартылған жұмысшының тұрғындар санынан үлесі, барлық қарыздағы кәсіпорынның қарыздарының үлесі (кредит латын сөзі credit- он верит, қайтарам деп алған сома – қарыз), кәсіпорынға берілген табиғый, шикізат қорының барлық санынан үлесі; қор үнемдеу мүмкіндігі – еңбек өнімділігінің өсу қарқыны, дүние қайырымының өсу қарқыны, қор қайырымының өсу қарқыны айналымдағы қорлардың айналыштық еселігінің өсу қарқыны.

Ішкі бәсекелестіктің жалпылама бағасын жоғарыда келтірген көрсеткіштердің еселігінің жиынтығы арқылы анықтайды. Отандық ғылым бұлардың мағынасына кейіннен мән бере бастады, сондықтан да олардың анықтамасына әртүрлі көзқарас білдіруде.

4.3. Аймақтық бәсекелестік қабілетінің мәліметтік үлгісі мен экономикалық талдауы.

Аймақ жалпы экономикалық жүйенің бөлігі болғанымен дербестігі бар өйткені өзіндік меншігі, бекітілген жерінде үстемділігі, өз алдына

экономикалық тілдеуі бар. Кәзіргі кезде олардың дербестік алуы өсіп келе жатқанда зерттеудің маңызы арта түседі. Олардың қатынасында еңбек қорын жұмылдыру, жаңа жұмыс әдісі, салым, аймақтық басқару орындары мен ірі кәсіпкерлерді қызықтыру сыяқтыларда бәсекелестік пайда болады. Аймақ аралық бәсекелестікте олардың қабілеті маңызды көрсеткіш болып келешегін айқындайды. Ғылыми зерттеулерде аймақтық бәсекелестік қабілетінің түсінігін талдау үшін оның төмендегідей мағынасын жіктеуге болады.

1. Бәсекелестікке қабілеттілік экономикалық бейненің жалпылама жинақтаушы сипаттамасы болады.

2. Бәсекелестік нақтылы нарық пен тауарға орай қаралатын экономикалық орын (категория грек сөзі *katēgoria* – признак определяющее место) белгісі. Бәсекелестік жүргізетін орын, бір жердегі тауар екінші жерде оған жатпайды;

3. Экономикалық бейненің бәсекелестігі белгілі бір мақсатқа, соған жету үшін жүргізіледі;

4. Бәсекелестік қабілеті көп саты, деңгейлі (иерархия – грек сөзі *hierarchia* – священная власть) күрделі жүйені құрайды.

Қазіргі кезде зерттеушілер арасында бәсекелестік мүмкіндігі туралы дәл анықтау туған жоқ. Бірінде өзіне ұқсастар арасындағы көрсеткіштер жүйесі десе, екіншісі оның артықшылығы дейді. Аймақта ол тұрғындардың білім деңгейі, тұрғындардың денсаулығы, табиғат қоры, тиімді кәсіпорынның орналасуы, тағы басқалары бар. Бәсекелестік айрықшылығын сипаттайтын үш себеп бар:

- қор аймақтағы бәсекелестерге қарағанда сапалы, арзан өнім өндіруге мүмкіндік беретіндігі;

- шара қолдану – ұйымдастыру, экономикалық, ғылыми өндірістік жұмыстардың жиынтығы олар қолдағы бар қорларды тиімді пайдаланып өзіндік құн мен бағаны төмендетіп өндіретін өнімінің бәсекелестігін жоғарылатады.

- Бағыт тәсілі (стратегия) қор негізі тарихи - мәдени экономикалық ұйымдастыру ерекшелігіне байланысты өзіндік даму бағытын пайдаланып бәсекелестікте озу.

Тауардың бәсекелестік мүмкіндігін сандық сипаттау үшін (топтың техникалық көрсеткіштерінің экономикалық көрсеткіштеріне қатынасы) төмендегідей есептеу ретін (алгоритм латын түрінен- последовательность проведения вычислительных операции)

қолдану ұсынылады (О.Н.Беленов):

-аймақтық бәсекелес қабілетінің құрылымдық үлесін жасау, әртүрлі деңгейдегі жинақтайтын мәліметтік көрсеткіштер жүйесін құру;


- мәліметтік көрсеткіштерді таңдау, дайындау;
- аймақтық бәсекелес қабілетіні жинақтаудағы көрсеткіштерге сандық еселіктер мен мәліметтік көрсеткіштер тізу үлгісін таңдау, есептеу;
- аймақтық талдау салыстырудағы бәсекелес қабілетінің өзгерісін зерттеудегі талдаудың мәліметтік әдістерін пайдалану .

Бәсекелестіктің құрылымдық үлгісіне қатысы жоқтар алынбай, негігі экономикалық жүйе туындататындар, оған әсер ететін көрсеткіштер пайдаланылады. Жинақтау көрсеткіштеріне мәліметтік, тәжірибелік нәтижелер қолданылады.

Анықтаушыларды (эксперт латын сөзі *expertus* – опытный) Лайкерт межесімен жүргізеді. Олардың мәліметтерін пайдалануда кемшіліктер орын алады, өйткені сұрақтарды құрып, оған жауап алғанда қателіктер жіберілуі мүмкін. Бірақ тәжірибеде бұл әдіс қолданылады. Аймақтық бәсекелес қабілетін анықтаудың үш үлгісі келтіріледі, олар Британ институты мен ресшілік екі үлгі (өндіруші күштерді зерттеу Кеңесі мен Воронеждің мемлекттік университеті).

Бірінші үлгіде 2001 жылдан бері Ұлы Британияның он екі аймағаның бәсекелестігін бағалау үшін Британ институтының үлгісін қолданған. Жергілікті, аймақтық, ұлттық деңгейдегі үлкен, кіші экономикалық қолжетерлік салыстырмаллы көрсеткіштердің еселігін жасаған. Үлгінің басқалардан айырмашылығы аз мәліметтерді қолданатындығында жоғары бәсекелестікте себебі мен нәтижелігін айыратын мәліметтер реттеуінде. Бәсекелестікті көтеретін байланыстағы көрсеткіштерге жан басына шаққандағы кәсіпорын экономикалық өсімінің жаңа кәсіпкерлер мен кәсіп орындардың әсерінен болтындығын, білім негізінде экономиканың өсуі, адам қорының сапасын анықтаушы экономикалық белсенділіктер жатады

(1 сурет)




1-сурет Британның бәсекелестікке төзімділік институты жасаған бәсекелестік мүмкіндігі үлгісі.

«Кіретін» көрсеткіштер бәсекелестік туғызатын жағдайлар, олар аймақтың бәсекелестікке қатысуына мүмкіндік берді, ол жоғары өнімділік тұрғындардың жан басына шаққандағы ІЖӨ өсуі. Өзара байланыстағы ықпал жасаушылар нәтиже ретінде жүзеге асырылады, ол тұрғындардың табысы, жұмыссыздар деңгейі.

Сонымен үлгіде алты мәлімет көрсеткіштері көрсетіліп, үш тұжырым деңгейін құрайды. Мәліметтерді тізбектеу үшін қосымша үлгі ретінде мағынасы тең еселіктер пайдаланылады. Үлгінің құндылығы әр түрін жасау жеңілдігінде, дәлелденуінде, қарапайымдылығында. Кемшілігі мәлімет көрсеткіштерін таңқаудағы іліми дәлелдеуінің осалдығы, есептеу еселіктерін таңдаудағы қарапайымдылығы.

Бәсекелес қабілетін анықтаудың екінші үлгісі өндіруші күштерді зерттеу кеңесінің (СОПС) әдісі. Ол мәліметтік (статистика-неміс сөзі, statistik, латын сөзі status- состоящие дел, мәселенің жағдайы) көрсеткіштерді мәні теңестірілген еселіктермен тізбектеу, анықтаушылардың өзгерісі (2-сурет).




2-сурет Аймақтардың бәсекелестік қабілетінің үлгісі. (Ресей)

Мәліметтегі көрсеткіштер аймақтағы табиғый шикізат қоры, техника-дүниезат, ғылыми техникалық, еңбек және хабарлама қорларының сандық жиынтығын көрсетеді. Аймақтағы экономикалық мүмкіндіктердің барлық бөлігі бәсекеге әсер етпейді. Кейбіреуі, еңбек жасындағы тұрғындардың жұмыста жоғы, пайдаланылмайтын негізгі қорлар, жер, су, ормен қорлары, пайдалы қазба орындарының игерілмегені экономикаға қатыспайды.

Үлгіні дайындаушылар өзгерістегі көрсеткіштерге аймақ шаруашылықтарына қатысатын экономикалық мүмкіндіктерді жатқызған.

Бәсекелес мүмкіндігінің жиындық бағалауына келтірілген он көрсеткіштің әрқайсысына балмен есеп жүргізген талдаудың ыңғайлылығы үшін бес балдық жүйе қолданылған. (Жоғарыдан төмен қарай 5. 1.) Кірістірілген он көрсеткіштің орташа үш балдан. Қорытындысы жиынтығы. Бәсекелестік қабілетін анықтаудың үшінші үлгісі Воронеждің мемлекеттік университетінің үлгісі (3-сурет).



3- сурет. Аймақтық бәсекелес қабілетінің үлгісі (ВМУ).

Бұл үлгіде Дүниежүзілік экономикалық жиынның мамандары ұсынған елдердің бәсекелестік қабілетінің бағасын анықтау көрсеткіштерінің әдістемелік негізі қолданылады. Үлгідегі мәліметтік көрсеткіштер мен талдау әдісі Ресейдің аймақтық ерекшелігіне бейімделген. Бәсекелестіктің байланыстырушы көрсеткіштері үш жағдайды есепке алған, олар негізгі әсер етушілер ретінде қор, табиғый , адам мүмкіндігінен тұрады, тиімділікке әсерін тигізушілер жоғары өнімділік пен нарық белсенділігі арқылы жетісендікті, ал жаңашылдық аймақтағы заманауи әдістердің даму деңгейін, шешімдердің сапасын көрсетеді. Мәліметтік көрсеткіштерді тізбектеп, қорытындылағанда әр мағынадағы еселіктер пайдаланылады. Жинақтағанда негізгі әсер етушілерге 0,4 , тиімділікке әсерін тигізушілерге 0,5 , жаңашылдыққа 0,1 мағынасы беріледі.

Пайдаланылатын көрсеткіштер жаһандану жағдайында алынатындықтан ауытқу болуы мүмкін, соның өзінде бағалау аймақтың экономикалық дамуының заңдылығын айғақтайды.

Пысықтау сұрақтары.

1. Бәсекелестіктің қажеттілігі.
2. Бәсекелестік деген не?

3. Бәсекелестік нені көрсетеді?
4. Бәсекелестік түрлері.
5. Бәсекелестік қамтитын мәселелер(1-3)
6. _____(4-7)
7. _____(8-11)
8. Бәсекелестікке қабілеттілікті бағалайтын өлшеуіштер тобы.
9. Халықаралық бәсеке көрсеткіштері.
10. Бәсекелестік қабілеттерінің түрлері.
11. Бәсекелестік қабілетін бағалау көрсеткіштері.
12. Тұрақтылық мүмкіндігін бағалау көрсеткіштері.
13. Ішкі бәсекелестік көрсеткіштері.
14. Аймақтық бәсекелестік қабілетінің түсінігі.
15. Бәсекелестік артықшылығының себептері.
16. Тауардық бәсекелестік мүмкіндігін сандық сипаттау.
17. Аймақтық бәсекелестік қабілетін анықтаудың үш үлгісін айтыңыз
18. Бәсекелестік анықтаудың бірінші үлгісі.
19. _____ # _____ екінші _____ # _____
20. _____ # _____ үшінші _____ # _____

V-тарау. Ақша құнсыздануының талдауы.

5.1. Ақша құнсыздануының мәні, түрлері.

Раизберг.Б.А, Лозовский.А.Ш, Стародубцева.Е.А " Қазіргі замандағы Экономикалық сөздігінде (современный экономический словарь. Москва 1996ж)" ақша құнсыздануы (инфлляция латын сөзі inflatio – вздутие) тауар мен қызметке сапасының көтерілмеген қарамай бағаның өсуі дейді. Тауардың салыстырмалы өспегенінің өзінде ақша көлемінің айналымдағы көбеюідей келе, оның сыртқы қалпы мен түрлерін жіктейді. Олар басқарудағы (администрация латын сөзі administratio – управление, руководство) , секіректеу (галолирующая) – бағаның құбылысындағы үстірт (гиперинфляция - грек сөзі hure над сфера - латынша inflatio- вздутие) құнсыздық бағаның күрт жоғарлауы- мен, шығындардың құнсыздануы (инфляция издержек қорлардың қымбаттауы), сыртан келуі (импортируемая – импорт ағылшын сөзі import, латыншадан importur – әкелу), басқа да қандай бір экономикалық себептермен (интуцированная инфляция), қарыз алу (кредитная – кредит латын сөзі credit – он верит, ол сенеді), тосыннан, тосқан, ашық, құпия, жылжитын, сұраныс болып жіктеледі.

Ақша құнсыздануы экономикадағы бағаның үнемі өсуі. Кез-келген бағаның өсуін ақша құнсыздануы деуге келмейді. Экономикада бір мезгілде жалпы сұраныстың өсуі мен жалпы ұсыныстың қысқаруы баға арқылы экономиканың бейімделуін көрсетеді. Одан кейін бейімделу аяқталып, баға жоғарыдағы бір межеге тоқталғаны, құндық, қатынасты өзгеріссіз қалтырғанда, бағаның көтерілуі тоқтайды. Мұндайда біз ақшаның құнсыздануы емес, экономиканың бейімделу әрекетін көреміз.

Ақша құнсыздануы көпке созылатын құбылыс. Ол ақшамен болады, айналымдағы сома көбейсе болғаны. Бағаның алғашқы құбылысы қандай болмасын, ол бір рет өседіде өзгермей жаңа деңгейде тұрады. Ақша құнсыздануы болмайды. Бағаның тек нарықтағы әсері іске асады. Экономикада баға айдан-айға жылдан-жылға өссе ғана ақша құнсыздануы туралы айтуға болады. Алғашқы түрткі аяқталса да, бағаның жоғарлай беруіне не себеп?

Фишердің теңдеуін еске алайық $MV=PV$. Біз бағаны қарастырамыз (P). Ақша сұранысының теңдігінде ол ұсынысына тең, демек сұраныс немесе ұсынысында қарамай (M) барлық ақша көлемі деп ұғамыз. Бұл өлшемдердің өзгерісін бақылау қажет болса, Фишердің алғашқы мәніне пайызбен көрсетілетін ақшаның өсуі мен құлдырау қарқынын байланыстыратын теңестіру үлгісін пайдаланады: $m+v=n+u$, мұндағы: m-ақша көлемінің өсу қарқыны, v-ақша айналымының жылдамдығының өзгеру қарқыны, n-ақша құнсыздануының қарқыны, u-өндіріс көлемінің өзгеру қарқыны. Бұдан ақша құнсыздануының қарқыны табуға болады. $n=m+v-u$. Өндіріс көлемі мен айналым қарқыны өте баяу өзгереді. Қысқа уақыт ішінде олардың қарқыны байқалмайды, нөлге теңесуі мүмкін: $v=0$ және $u=0$. Содан ақшаның құнсыздану қарқыны ақша көлемінің экономикадағы өзгеру қарқынына тең болады: $n=m$. Ақшаны көптеп басын шығарса, оның құнсыздануы сонша өседі. Сондықтан, ақшаның құнсыздануы тек ақшаның құбылысы дейді, ақшаны көп шығармасаң баға өспейді.

5.2 Ақша құнсыздануының қарқынын өлшеу.

Ақша құнсыздануының қарқыны, белгілі бір мерзімдегі елдегі жалпы бағаның өсуінің дәрежесін көрсетеді. Оны өлшеу үшін бағаның жалпы деңгейінің өзгерісін білу қажет, оны саластырмалы өзгеріс (индекс - латын сөзі index - указатель, список) арқылы табады. Бағаның өзгерісі тұтыну тауары мен қызметінің өзгерісін сипаттайды ол: $I_{cpi} = \frac{\sum P_i g_i}{\sum P_{i0} g_{i0}}$; мұндағы I_{cpi} – (consumer price index) ИПЦ (индекс потребительских цен, ТБӨ – тұтыну бағасының өзгерісі, P_i – қолданылған баға, g_{i0} – тауар мен қызмет көлемі, P_{i0} – есепке пайдаланылған (салыстыратын мерзімдегі) баға. Көрсеткіш есемен немесе пайызбен шығарылады, 1 ден (100 %) жоғары болса өскені, төмен болса азайғаны.

Өндірушілердің баға өзгерісі де құнсыздануды анықтайды, онда тұтынатын тауардың орнына өндіріс тауарлары (шикізат, қорлар) пайдаланылады. Осы қатынастарды қолданып ақша құнсыздануының деңгейін табады: $n_t = \frac{I_t - I_{t-1}}{I_{t-1}} * 100\%$, мұндағы n_t - құнсызданудың (белгілі уақыттағы) деңгейі, I_t - белгіленген уақыттағы баға өзгерісі, I_{t-1} - өткен мерзімдегі баға өзгерісі. Егер баға өзгерісі $I = 1,05$ болса, құнсыздану 5П, $I = 0,86$ болса – құнсызданудың азайғаны (дефляция – ағылшын сөзі deflation, латын сөзі deflatic – выдувание, сдувание, үрлеу, өшіру, құнсыздануды басу), ол – 14%, демек ақша көлемін 14% азайту.

Фишердің теңдігі құнсыздану қарқынын экономиканың басқа көрсеткіштерімен салыстыруға қолданылады, мысалы қарыз өсімімен: $Z = \frac{i-n}{i+n} = i - n$; мұндағы Z - нолмен көрсетілген өсім, i - нарықтағы өсім, n - құнсыздану қарқыны. Бұл теңдікті өткен уақыттағы өсімді бағалау үшін де, жоспар үшін де қолдануға болады. Жоспар үшін $i = Z + n^t$, мұндағы n^t - тосатын құнсыздану қарқыны. Құнсыздану қарқынын табуға қолданылатын тағы бір көрсеткіш Фишер салыстыруы (индексі): $I_k = \sqrt{I_{cp} I_{def}}$, өйткені баға өзгерісінің қатысы (индекс) ақша құнсыздануын не артық не кем көрсетуі мүмкін, сондықтан көрсетілген үлгі орта (орта геометриялық) өлшемді қолданады.

Ақша құнсыздануына алғашқы себеп экономиканы ақша бөліміндей әртүрлі себептерге байланысты болғанымен, оның сақталуы мен күшеюі үкіметтің араласуына орай өзгереді. Үкімет өзінің белгілі бір мақсатына жетуін ойлайды, мысалы экономикада жоғары деңгейде жұмыспен қамту, ол ақша құнсыздануына апарады. Осы сияқты үкіметтің шараларын атасақ, олар мемлекеттік қарыздардың жетіспеуін жабу, экономиканың дамуын қолдау. Ақша айналымына қосылған қаражаттар бағаның өсуіне ықпал жасап, құнсыздану туғызады. Мұндай араласулар қолданылмаса мемлекеттік толқулар, сұраныс пен ұсыныстарда өзгерістер туындайды. Экономиканың жалпы қағидасы "төмендеу – ынталандыру, жоғарылау – төмендеу" бағаның үнемі жоғарылауында болады. Ақша көлемінің көбеюі мен құнсыздану қарқыны байланысты. Ақша көбейсе құнсыздану өседі.

5.3 Ақша құнсыздануының экономикаға залалы.

Ақша құнсыздануының әсерін қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді деп сипаттауға болады.

Ақшадан қашу. Қысқа мерзімді әсер баға тоқтаусыз өсе бергенде пайда болады. Олар төмендегідей болып бөлінеді.

Ақша құнды қағаз ретінде өз иесіне пайда әкелмейді. Елдің оған сұранысы күнделікті төлем жасау, келешекке шығынын жоспарлау үшін керек, ал ақша құнды қағаздардың ішіндегі жылдам қолданылатыны. Өз құнын жоғалтпай, басқа тауарға айналу қасиеті үй иелері мен кәсіпорындарды өзіне тартады.

Құнсыздану кезінде құн төмендейді. Құнсызданудың қарқыны өскен сайын ақшаның сатып алу мүмкіндігі азая береді, оған ие болу зиян әкеледі. Сондықтан экономикамен шұғынданушылар қолына түскенінен жылдамырақ құтылуға тырысады. Магазиннен ақшасына келетіндерді сатыпалады. Кәсіпорындар қолына түскен ақшасына құнды қағаздарды (акция облигация), жылжымайтын мүлік пен құрал-жабдықтарды сатып алады, әртүрлі жобаларға салым салуға тырысады. Мұның бәрін ақшадан қашу деп атайды. Ол өзінің басқалармен ауысу қабілітін жоғалтып, айналымын шұғыл тездетеді. Ақшаға сұраныс төмендеп, заттарды айырбастау басталады. Мемлекеттің ақша жүйесі бұзылғандықтан, ұлттық ақша тартымдылықтан айырылып, елдегі, шет елдегі экономикамен айналасатындар ақшаның

тұрақты түрлерін, мысалы Американың долларын пайдаланады. Экономика әртүрлі деңгейде долларға көшіп, ол айналымдағы екінші ақша түріне айналады.

Құнсыздану салығы. Ақшаның құнсыздануына байланысты жекешелер мен кәсіпорындардың тауарын, қызметін мемлекет арзан бағамен салып алады. Ал, ақшаны басып шығару үшін орталық қаржы орны шартты (символический, құнынан кем) мөлшерде шығын шығарады. Ақша шығару шығыны оның нақтылы құнынан кем. Мемлекет үшін ақша қағазы текке түскенге тақау. Ақша құнсызданғанда, басқа экономикамен шұғылданушыларға қарағанда үкіметке қосымша ақша басып шығару оңай шаруа, керегінше шығарады. Ақша шығару мен оның нақты құнының айырмасы жер мен көктей, тауар мен қызметтің (ақша мен оны шығарудың) нақты бағасы шығына сай емес. Төлемге құнсызданған ақша беріп мемлекет жекеменшік пен кәсіпорындарға құнсыздану салығын төлуге мәжбүр етеді. Ақшаның суреттегі көрсетілген құны мен сатып алу мүмкіндігінің айырмасы, ақша жұмсаушының мойнына мінген салық, табыс көлемін азайтады.

Тапталған башмақтың (стоптанный туфель) шығыны. Құнсыздану кезінде ақша жылдам құнын жоғалтады. Сондықтан жұмыс берушіден немесе қарекет жасаушы әріптестен ақша түсісімен, ол тұрақты құны бар құнды қағазға ауысуға тырысады. Банкке баруға, сатып алған дүние мен көрсетілген қызмет үшін төленетін ақшаларды аударуға жүрген-тұрған уақыты, қызметі шығындарды көбейтеді. Елдер банкке, басқа қаражат орындарына жиі барып аяғынан тозады.

Баға көрсеткіш шығыны. Баға ұдайы өсіп жиі өзгергенде оны жаңалап отыруға тура келеді. Бұл жұмыс қосымша шығындарды жұмсауға мәжбүр етеді, ол әртүрлі тауарларға жаңа бағаны есептеу, оны сату орындарына тарату, жаңа көрсеткіштер даярлау, бағаны басқалармен салыстыру тағы басқалары. Бұған қоса тұтынушыларға да қиындықтар туғызады, ол әр жердегі бағаны біліп салыстыру, сату орындарының қайсысында салыстырмалы арзандауы бар, тағы басқалар. Ол қаншама уақыт жейді, аралап, жүрген-тұрған шығындары тағы бар.

Жаңа салық өзгерісі. Ақшаның құнсыздануы белгілі мерзімге созылғанда, оның өсуін есептеп елдер бейімделеді, келісім шарттарға, табысына өзгерістер еңгізеді. Төлейтін ақшасын көбейтіп, оның сатып алу қабілетін сақтауға әрекет жасайды. Бірақ, жалпы табысы көтерілгендіктен, оның пайдасы болмаса да, салық көлемі көбейеді. Салықтың мұндай бұрмалануы табыс салығында, пайда салығында, қосымша құн салығында, құнды қағаздардың өзгерісінен ұтқан үшін салықтар табысты азайтып, тұтыну шығыны мен салымдарға кері әсер етеді. Нәтижесінде жалпы сұраныс азайып, елдің тұрмыс жағдайын төмендетіп, экономиканы күйзеліске жеткізеді.

Ақша шығару табысы (сеньораж). Мемлекеттің басып шығарған ақшасының жалпы құны мен оны шығаруға жұмсалған шығынының айырымы ақшаның табысы - сеньораж деп аталады. Ол орталық банктің

құзырындағы ақша айналымындағы ақша көлемі. Нақты есептегенде ақша өсімінің өтпелі кезеңдегі баға еселігіне қатынасы $SE = \frac{M_t - M_{t-1}}{P_{t-1}}$ мұндағы SE- ақша табысы (сеньораж); M- орталық банктің шығарған ақша көлемі; P- баға деңгейі. Ақша шығару табысының көлемі екі жағдайға байланысты анықталады: ақша көлемінің өсу қарқынымен, құнсыздану қарқынымен, баға деңгейінің қозғалысымен. Мемлекет ақша ұсынысын көбейткенде, алдымен ақша көлемінің өсуі ақша шығару табысына оңды әсер етеді. Табыс көлемі көбейеді, демек мемлекет табысыда өседі. Егер орталық қаржы орны ақша көлемін көбейте берсе, экономика құнсыздану шиыршығына оралып, құнсыздану ақша табысын үзеді, ол азаяды. Ақша бастыру табысының қаражатқа көп түсетінін қандай деңгейде ақша көбейгенде (өскенде) болатынын қойған құнсыздануындағы сұраныс үлгісімен табуға болады: $\frac{M}{P} = e - a\pi$. Ақша көлемінің көбеюі, оның табыс беру мүмкіндігіне байланысты анықталады. Бейнелеуде ол ақша жобасының ең жоғарғы деңгейі. Жан-жақты зерттеулердің нәтижесі ақша шығару табысының көбі құнсызданудың жылына 7,2-7,4% деңгейінде болатындығын көрсетеді. Бірақ, үкімет ол деңгейден жоғарысын алады. Өйткені ақша табысының өсімінен, көлемінің өсуі басымырақ әсер етеді. Үкімет ақша құнсыздануының залалы азырақ болар деген үмітте.

Құнсызданудың ұзақ мерзімді әсері біраз уақыт өткен соң байқалады (жарты жыл, жыл, кейде бірнеше жылдан кейін) және көпке созылады. Оған жататындар төмендегідей:

Филлипс қисығы. 1940 жылдарда ақша құнсызданудың қарқыны мен жұмыссыздық өлшемінің мәліметтік байланыстылығы бейнелеудің кері икемділігінен байқалған. Экономикадағы жұмыссыздықтың қысқаруы ақша құнсыздануымен қабаттас келген, ал құнсызданудың азаюы жұмыссыздықты көтерген. Бұл ақша құнсыздануы мен жұмыссыздықтың байланысы, экономикадағы екеуінің тандауы Филлипс қисығы деп аталады.

Ақша құнсыздануының '0' (ноль) ге теңелуі, жұмыссыздықтың табиғи мөлшеріне (U_n), дені саудың бәрі экономикамен шұғылданғанда пайда болады.

Еңбек нарғындағы жұмысшылардың қыймылының ерекшелігі мен кәсіпорынның баға қоюының өзгешелігі, баға өзгерісі мен жұмыссыздық ауытқуының арасына кері ықпалдылықты туындатады.

Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі, ақша құнсыздануының жоқтығын сипаттаудан бұрын, оның тұрақты қарқынын күткен деңгейіне сәйкестендіреді. Сондықтан қазіргі өмірде U_n көлемін $NaiRU$ (non - accelerating inflation rate, of unemployment) – құнсыздану қарқынын жылдамдатпайтын жұмыссыздық деңгейі дейді.

Егер қазіргі құнсыздану деңгейі күткеннен өзгеше болса, жұмыссыздық өлшемі U_n – деңгейіне тең болмайды.

Күткен құнсызданудың көлеміне байланысты бір экономиканың өзінде

Филлипс қисығы әртүрлі болуы мүмкін. Мұны қысқа мерзімдегі Филлипс қисығы деп санайды. Құнсыздану қарқынының өзгеруіне байланысты экономиканың қалай құбылатынын талдайық. Алғашқыда экономика жұмысшылары толықтай деңгейде жұмыспен қамтып, жұмыссыздар мөлшері Un болып, құнсыздану болмаған. Бұрын құнсыздану болмағандықтан, оны күту де '0' тең – $pe = 0$. Үкімет табиғи жұмыссыздық деңгейін тым жоғары санайды. Ақша саясатына (монетарная политика - монета - лат. сөзі moneta - металдан жасалған ақша белгісі - экономиканы басқаруда айналымдағы ақша мен ақша көлемінің тауармен қатынасы) сүйеніп ұсыныс пен өндірісті қызықтырып, экономикада жұмысбастылықты көбейтеді. Қысқа мерзімде ақшаның көбеюі өндірісті кеңейтеді, егер құнсызданудың күткен межесі нольге теңелсе, ақшаның көбеюі (еңбек ақыны қосқанда) экономиканы жүргізушілердің пайымдауынша нақтылы көтерілу межесі деп саналады. Экономика Филлипстің бірінші қисығының бойымен жылжиды (солдан жоғары). Жұмыссыздық деңгейі қысқарады, бірақ қосымша ақшалар бағаның өсуіне әкеліп, құнсыздану болады. Экономикаға қатысушылар құнсыздану қыса бастағанда өздерінің келісім шарттарына оның қарқынын қосады. Күткен құнсызданудың нольден басқа жағдайы құрылады: $pe = p1 > 0$. Күткен құнсыздануды қоса есептегенде баға көрсеткіштері қалыпты жағдай саналады. Қалыпты жағдайдың өзгермегендігін шаруалар мен кәсіпорындар ұғады - өндіріс пен жұмысбастылық бұрынғы қалпына келіп, жұмыссыздық өлшемі Un , Филлипстің екінші қисығына сәйкес баға деңгейі өседі.

Егер үкімет қаракетін қайталаса, біз тағыда қысқа мерзімді өндіріс өсуі мен жұмыссыздықтық қысқаруын, экономиканың толық қамту деңгейіне ұзақ мерзімге оралғанын көреміз, өткені, құнсызданудың кәзіргі деңгейінің күткен межесінен артқандығы, ақша көлемінің өскендігінен.

Сонымен, ұзақ мерзімде Филлипс қисығы тік сызықты бейнелейді. Ұзақ мерзімде ақша қиялы тарқайды, күткен құнсыздану кәзіргі жағдайға сәйкес, құнсыздану мен жұмыссыздық расында таңдау болмайды. Ақша ұсынысының көбеюі, тек құнсыздану қарқынының өсуіне апарды.

Өндіріске қызықтырудың бұрмалануы. Құнсыздану, әсіресе тосыннан болуы экономикадағы беймәлімділік пен қатерді көбейтеді. Қаржы орындары табысын қолдау үшін қарызды қандай үстемемен беруін білмейді кәсіпкерлер ақшаның нақты құны мен қордың өнімділігін білмейді. Құнсыздану экономикасымен шұғылданушыларға сенімді ақша ауыстыратындарды іздейді, бағаны салыстыру, ақша айналымының шығындырын жабуда қосымша қиындықтар туғызады. Осының бәрі өндіріске құлшынууды төмендетеді. Жекелер, кәсіпорындар, қаржы орындары ақша жұмсау, оны саудагерлікке салуға тырысып, өндіріске салуға немқұрайланады. Нақтылы салым аздығы. Экономикалық өнім ақырындайды.

Байлықты бөлу. Құнсыздану кезінде, тұрақты табыс алушылардан ауыстыратындарға байлы бөлінеді. Тұрақты келісім шарт жасағандар бағаның өзгерісіне байланысты оны жоғарылата алмайды, сондықтан түсетін табыс

азаяды. Ал, табысы шартқа байланысты көрсетілмесе, құнсызданудың алдын ала бағасын жоғарылатып, тиісімін көбейте алады.

Құнсыздану кезінде дүниесі аздар, зейнеткерлер, жастар, үкіметте жұмыс істейтіндер (мұғалім, дәрігер, ұстаздар) қыйыншылыққа ұшырайды. Құнсызданудан ірі кәсіпкерлер, қаржы орындарды, шетел кәсіпкерлері ұтады. Қарыз алғандар ұтылып, бергендер қосымша пайда табады.

Оливер-Танцлидің әсері. Құнсыздану мемлекет қаржысындағы салық жинаудың жалпы көлеміне кері әсер етеді. Салық саясатында оның жинауында кешігушілік.

(Лаги - ағылшын сөзі еаg-запаздывание-кешігушілік) болатындықтан құнсыздану қаржыға салық түсімін қысқартады. Биылғы салық келесі жылы жиналады, ол былтырғы табыстан алынады. Бұны Оливер – Танцин әсері дейді. Салық қызметі $T_t = t (P_{t-1} V_t - 1)$ болғанда Оливер Танцлидің әсері. $n \uparrow = (P)t \downarrow \leftarrow \rightarrow (t)$. Мысалы, құнсыздану қарқыны $n = 25\%$ болғанда салық түсімі елдің ІЖӨ $1,3\%$ болған, ал құнсыздану қарқыны $n = 100\ 000\%$ болғанда салық жинау көлемі ІЖӨ $1,3\%$ дейін қысқарады.

Әлеуметтік ширау. Құнсыздану көпшілік елдің өмір деңгейін төмендетеді. Ақша айналымы бұзылған сайын, ұлттық ақшадан қашып, баға жоғарылаған сайын халықтың оған бейімделуі қиындайды. Табыстың қолайсыз өзгеруі қоғамда әлеуметтік жағдайдың қиындауына апарып, белсенді бұзу әрекетіне жеткізеді.

Құнсызданудың экономикаға жалпы зияны қандай, оның төзерлік қарқыны қандай болып, соны табуға болама? деген сұрақтарға жауап іздейік.

Американдық экономист М.Фридман құнсызданудың төзерлік деңгейі үшін қоғамдағы құнсыздану шығынының шегі жекелердің құнсыздану шығынына сай болуы керектігін ұсынады.

Жалпы қоғамның көзқарасы бойынша оңды жағдай құнсызданудың шекті шығыны нольге тең болғаны абзал. Жекелер үшін ондай шығын ақша бірлігінің құнын жоғалтуымен анықталады – көрсетілген өсіммен.

Шын мәнінде оңды құнсыздану айналымнан ақшаны алу (дефляция - ағылшын сөзі deflation, латынша deflatio - выдувание, сдувание, үрлеп өшіру), өсімнің, қордың өнімділігінің өсуіне тең бағаның арзандау қарқыны. Егер құнсыздану күткеннен басқа болса қоғам шығынға ұшырайды. Құнсызданудан келген шығынды бағалау үшін ақша сұранымының қызметін көрсететін сызықшаны (график) пайдалану керек.

Экономикадағы құнсыздану қарыздық ақша өтелімінің (ставка процента) өсуіне апарады. Ақшаға сұраныс азаяды. Ақша пайдаланушылар (шаруалар мен кәсіпорындар), ақшаның бағасы өскендіктен қолдағы барын азайтуға мәжбүр. Сондықтан ақша айналымының жеңілдігінен тапқан пайдасы азайып, оны (ақшаны) алмастыруды ойластырады. Ақшаға сұраныс азайғандықтан, одан түсетін табыс кемігендіктен ақша шығарушылар түсімін жоғалтады.

Осы екеуі құнсызданудан болатын шығын.

Тәжірие жүзіндегі зерттеулерде құнсыздану шығынын ақша сұранысын анықтайтын Лукас үлгісімен есептейді $(\frac{M_t}{P_t}) = \beta e^{-aiv^t}$. Мысалы: $\beta = 0,27$; $a = 7$; $i = 64$; $n = 4\%$, құнсыздану $0,3\%$ ІЖӨ.

Кули, Хансен, Бейли зерттеулерінде $0,6$; $0,1-0,3\%$, ең жоғарғы құнсыздануда шығын ІЖӨ 30% -жетеді.

Экономикаға құнсызданудың әсерін бағалауда күрделі мәселе экономиканың өсуі. Бір жағынан экономикадағы кәсіпкерлікті жүргізу құнсыздануға байланысты қиыншылыққа ұшырап салым салуды қысқартады, демек экономикалық өсімге тосқауыл болады. Екінші жағынан құнсыздану экономикаға қатысушылардың шығынын көбейтеді, жалпы сұраныс өседі де өндірушілердің өнімін молайтуға ынталандырады, бұл экономикалық өсімді тездетуі мүмкін.

Осы екі әсердің қайсысы басымырақ?

1960-1990 жылдар аралығындағы жүздеген елдердің мәлеметіне карағанда, құнсызданудың орташа қарқыны 10% болғанда; жан басына шаққандағы ІЖӨ нақты өсімінің экономикалық өсу қарқыны жылына $0,2-0,3\%$ қысқарады; ІЖӨ салым үлесі жылына $0,4-0,6\%$ қысқарады.

Егер құнсыздану қарқыны 15% -тен көп болса экономиканың өсуіне кері әсерін тигізеді. Онда құнсызданудың әрбір 10% өсу қарқыны жыл сайын экономикалық өсімнің $0,29\%$ төмендетеді. Басқа бағалауларда 30 жылда $6-11\%$, жыл сайын $0,2 - 0,4\%$ төмендеу. Құнсыздану қарқының 100% болса, елдегі салым өсімнің $3,7\%$ төмендеуіне апарады.

Құнсызданудың экономикаға зардабы:

- құнсыздану мен жұмыссыздықтың тандауы (Филлипс қисығы);
- тұрғындарға қосымша (құнсыздану) салығы;
- өндірісті ынталандырудың бұрмалануы;
- байлықтың тұрақты табыстан, тұрақсыздықына ауысуы;
- ақша жүйесінің бұзылуы – ақшадан қашу;
- тапталған аяқкиімнің шығыны – бар ақшаны айналымға салуға жұмсалатын уақыт пен әрекеттің көбеюі;
- "бағалықтың"шығымын, сату орнындағы бағалықтарды ауыстыру;
- тұрғындар мен кәсіпорындардың жаңа салық өзгерісіне көшуі;
- Оливер – Танцидің пайдалылығы;
- келешекке жоспар жасаудың күрделілігі, тәуекелділіктің өсуі;
- әлеуметтілік тараудың өсуі.

5.4. Құнсыздануды тосу.

Экономикалық жағдайдың қалай болатынын, оған байланыстағылардың, көзқарасын, экономикалық көрсеткіштердің мағынасын ойластырып

жекелер, кәсіпорындар жоспар құрады. Соған байланысты құнсыздандуды тосады. Ол нарықтағы құнды қағаздың сұранысы мен ұсынысын, қаржы нарығының қимылын, өсім мөлшерін анықтайды. Халық пен кәсіпорындардың үкімет қолданатын ақша айналымы мен қаржы саясатына көзқарасын көрсетеді, қаржы жүйесінің тұрақсыздығы мен оның орындарының қауіптенуін күшейтеді, ақша сұранысына әсерін тигізеді, құнсыздандудың қимылы мен қарқынына себебін арттырып, табыс, кезекті жұмыссыздық мөлшерін анықтайды.

Құнсыздандуды күтуді зерттеу бүгінде үлкен экономикалық ілімнің маңызды бағыты болып саналады. Осында өте қызықты және нәтижелі зерттеу жұмыстары пайда болып, жаңашыл мақалалар жарияланып, экономикадағы Нобелев сыйлығы беріледі. Әрине экономикалық тосудың қамтуы кең және арнайы оқулықты қажет етеді.

Құнсыздандуды тосу жалпы халықтың жақында, келешекте құнсызданду деңгейі қалай болатындығы туралы ойы.

Құнсыздандуды тосудың үш түрі бар:

- есептеудегі күту: $n_t^e = n_t - 1$;
- бейімделудегі күту: $n_t^e = n_{t-1} + B(n_{t-1} - n_{t-1}^e)$, мұнда $0 < B < 1$;
- үтмді тосу: $n_t^e = n_t$.

Есептеудегі (статистический – неміс сөзі statistic, латынша status – состояние дел - учет анализ-өткенді есепке алу) құнсыздандуды тосу. Американың экономисі Метцлер құнсыздандуды жобалау үшін өткендегіні (экстраполяция) негізге алу керек дейді. Оның ойынша экономикаға қатысушылар өткен бірнеше жылдардағы орташа есептелген құнсызданду мөлшерінің негізінде жобалау керек: $n_t^e = \sum_{i=1}^t a_i n_{t-i}$; ондағы $0 < a_i < 1$; және $\sum_{i=1}^t a_i = 1$. Күту есептеу деп өйткені өткен мерзімдегі құнсызданду деңгейі аздаған әсер етуге орай түзетумен келешекке барады. Экономикаға қатысушылар өткеннен ештеңе алмайды, мұндайды тосу аңғырттық деуге келеді.

Бейімделудегі тосу. Кейған деген зерттеуші құнсыздандуға бейімделу шешімін ұсынады. Үй шаруашылығындағылар мен кәсіпорындар аңқаулыққа салынып ешқандай қарекет жасамайды деуге болмайды. Экономикаға қатысушылар өткендегі жобалаулардың кемшілігін есептеп, күтуінде өзгерістер енгізеді. Түзету жылдамдығын β өлшемімен сипаттайды. Сонда құнсыздандудың өткендегі орташа қарқынына түзету жасап: $n_t^e = \beta n_{t-1} + (1 - \beta)n_{t-1}^e$ деп өткенді ғана есептесе, немесе барлық өтуді қолданса $n_t^e = \beta \sum_{i=0}^{\infty} (1 - B)n_{t-i}^n$. Бейімделудегі тосуға айталытан сын:

1. Тосудың өзгерісі ақырындап және уақыт өте бірқалыпты болмайды, сондықтан негізгі жорамал дұрыс емес;
2. Күтуді жобалағанда құнсыздандудың өткендегі қарқыны ғана емес, басқадай мәліметтерді де пайдаланады.

Ұтымды тосу. Экономист Мұттың зерттеуінен бастап кейінгі зерттеушілер ұйымды тосу ілімін ұстанады. Экономикаға қатысушылар экономика және қаржы заңдылықтарының негізін біле тұра қолда бар мәліметтердің негізінде тосуларын құрастырады. Мұндай тосу ұтымдылық сипатта болады. Қолда бар мәліметтердің негізінде құнсыздану жобасы оның қазіргі қарқыны: $n_t^e = E(n_t/l_{t-1})$.

Ұтымды тосудың мағынасымен екі негізгі мәселе байланыста:

- барлық экономикаға қатысушылардың экономикаға көзқарасы нарыққа қатысушы мамандармен ұқсас па?
- барлық мәселелер бойынша ойлары бір ме?

Бұл екі сұраққа оңды көзқарастары күтудің ұйымдылығын көрсетеді. Болмаған жағдайда күдік туғызады. Егер тосу ұтымды болса экономикаға, үлкен экономикалық саясатқа шешуші әсер етеді.

5.5 Құнсыздануға қарсы саясат.

Мемлекеттің қымбатшылық қарқынына әрекеті, оның берері.

Қатаң қаржы саясаты. Үкіметтің салық, қаржы саясаты (фискальная политика, фиск-латын сөзі fiscus – государственная казна, мемлекеттің байлығы, дүние, ақша) құнсыздану кезінде жалпы ұлттық өнім алуға бағытталады. Бағаның өсу қарқынын төмендету үшін оның себебін бақылау қажет. Оның бір себебі мемлекеттің қаржы, салық саясатының босандығы. Бұл мемлекет қаржысының жетіспеушілігіне апарады. Құнсыздандудан құтылу үшін үкімет шығынын азайтып, салық жинауды көбейтеді.

Ақша саясатын қатайту. Құнсыздануға қарсы саясаттың екінші шешуші кезеңі ақша қорының өсу қарқынын қысқарту. Ол үшін қатаң ақша саясатын қолдану, сол арқылы ақша ұсынысының шамадан тыс өсуін азайту. Бұл ақшаны басын шығаруды тоқтату, қаржы қайырымының өсімін көбейту, есебін жүргізуді қатаң қадағалау ашық нарықта мемлекеттің құнды қағазын (облигация – латын сөзі obligation – обязательство – қарызын төлеуге пайдалануға болатын құнды қағаз) сату, шет ел ақшасының қомақты мөлшерін сату, немесе сатып алу сияқты жұмыстар. Орталық қаржы орнының (банк- италян сөзі banco-скамья, ақшамен жұмыс істейтін орын) нақты әрекеті елдің мүмкіндігіне, беретін экономикалық тиімділігіне байланысты болады.

Табыс саясаты. Жалпы сұраныстың үлкен шығыны, еңбек өнімділігінің өсу қарқынымен салыстыруға келмейтін экономикадағы тым жоғары табыстың болуына байланысты. Құнсыздандудың бұл бөлігін бақылау үшін мемлекет жеке меншіктің жұмысына араласуға мүжбүр, атап айтсақ еңбек нарығының жұмысына. Ол еңбек өнімділігіне қатыссыз артық өскен еңбек ақыға салық салу, еңбек ақының өсуін уақытша тоқтатуды ұсыну, ірі кәсіпорындар мен қаржы орындарының жоғары еңбек ақы алатын меңгерушілердің (менеджер - ағылшын сөзі manage-управлять, басқару) қосымша ақыларын (бонусы - латын сөзі bonus-добрый, хороший, дополнительные вознаграждение) арнайы немесе ықпалдап шектеу. Мемлекет қызметіндегілердің еңбек ақысы мен зейнетақы, әлеуметтік төлемдердің өсуін құнсызданду қарқынынан азайту.

Табыс саясаты қысқа мерзімде тиімділік көрсетіп, құнсыздандудың өсуін жылдам тоқтатқанымен мемлекет қайраткерлерінің арасында кеңінен тарамған; әйгілі емес. Себебі мұндай саясат еңбек нарығында ұзақ мерзімге жағымсыз әрекет етеді, баға салыстырымын бұрмалайды, қызметкерлердің ынталылығын төмендетіп, дамудың себебін бұзады. Өйткені еңбек нарығының әр саласына, әр түрлі мамандықтар мен жұмысшыларға өлшеусіз әсер етеді. Мемлекеттің тежеу көрсетуі әлеуметтік шиеленісудің, елдегі қоғамдық наразылықтың өсуіне апаратын.

Басқаруды қайта құру (институциональные реформы-институциональная - латын сөзі institutus - установление, учреждение, institution - наставление, указания, реформа - француз сөзі reforme-преобразовываю). Құнсыздандуды ұзақ мерзімде, тұрақты бақылау экономиканы байсалды құруға мәжбүр етеді. Елдегі қаржы жүйесі құнсыздандуды тудырмауы керек. Ол үшін дер уақытында қаржы орнын бақылап отыру қажет, тұрақты талдау жасалады (мониторинг-латын сөзі monitor- напоминающий, надзирающий) мемлекет қаражатының қалдығын (сальдо-итальян saldo – расчет, остаток) бақылап, жетіспеушілікті ескертеді. Бағаның тұрақты болуы ойланған қаржы, ақша саясатына қаржы орындарының жоғары біліктілігіне, жалпы экономикалық, саясаттың дер кезінде жөнге салуына байланысты.

Құнсыздандуға қарсы саясат (дезифиляция). Құнсыздандудың қарқыны тұрақты болмай жоғарлағанда, оны тоқтату үшін батыл шара қолдануға тура келеді. Ондай шаралардың жиынтығын құнсыздандуға қарсы саясат деп атайды. Құнсыздандуды қысқартудың, ақша айналымын азайтудың шығындарын азайтудың жолдары, біраз уақытқа өндірісті тоқтату, жұмыссыздықтың өсуі, экономикалық өсімнің азаюы. Құнсыздандуды тоқтату саясатының құны екі бөліктен тұрады. Бірі құрбандық мөлшері (sacrifice ratio

- норма жертвы), құнсыздануды 1% төмендету үшін қажетті артық жұмыссыздық мерзімі (жыл саны): $SR = \frac{t \text{ years } \Delta u}{\Delta \pi}$; мұндағы *years*- жыл мерзімі; Δu - жұмыссыздықтың өсу қарқыны; $\Delta \pi$ - құнсызданудың төмендеу қарқыны. Құрбандық мөлшері бейнелеуде (сызықтауда) Филлипстің қисығы ретінде келтіруі мүмкін. Ондағы экономиканың жоғары құнсызданудың ($t=1$), төмендегісіне ($t=N$), жылжу қарқыны құрбандық мөлшері. N (төмендеу мөлшері) бірнеше ай, жыл болуы мүмкін.

Екіншісі Оукен заңына бағыну – толық жұмыспен қамтамасыз етудің табиғи деңгейінен бір пайызға кемуі өндіріс шығынына апарарды. $\frac{V_t - V^*}{V^*} \cdot 100\% = K_o (I_N - I_t)$, мұндағы V_t – ағымдағы ІЖӨ; V^* - толық жұмыспен қамтылғандағы ІЖӨ; K_o – Оукен еселігі (K_o жайшылықта 2-3); I_N -табиғи жұмыссыздық мөлшері; I_t – ағымдағы жұмыссыздық деңгейі. Құнсыздыққа қарсы саясаттың жалпы бағасы, үкіметтің жүргізген шараларына, экономикаға қатысушылардың көзқарасына, орталық қаржы орындарының сеніміне, шараны жүргізу жылдамдығына байланысты.

Саясаттың бір түрі қатты қимыл (шоковая терапия – француз сөзі choc – удар, толчок) шаруашылықтың жайшылықтағы қарым қатынасын бұзу, кенеттен әрекет жасау, жылдам секіртпе қимыл жасау, оны ағылшын тіліндегілер «суық күркетауық» саясаты (coed turkey policy) дейді.

Тосын жағдай. Мемлекет тосыннан ақша ұсынымын азайтады, бір мезгілде қомақты шығынды шектейді, өте қатаң табыс саясатын жүргізеді. Бұлардың бәрі экономикаға қатысушыға тосын, қомақты, күтпеген, үзілді - кесілді жағдайлар.

Экономика Филлипс SRPC, қысқа қайсық сызығы мен шұғыл төмендейді. Жұмыссыздық едәуір өседі. Өндіріс қомақты қысқарады, экономикалық өсім айтарлықтай баяулап немесе тоқтайды. Мұндай елдерді апатты күйзеліс жайлайды.

Өегенмен мемлекеттің құнсыздануға қарсы шаралары жалпы халыққа, шаруашылық иелеріне түсінікті болып, еңбек, іскерлік қатынастарындағы құрылым мен ұйымдастыруындағы оңды өзгерістер жылдам, жүзеге асырылады (Жұмыскерлер төменгі еңбек ақыға тез келіседі. Дайындаушылар баға төмендеуіне ықыласымен барып, экономикадағы баға тез қысқарады. Құнсыздану ақырындайды. Экономика Филлипс қисығының төменгі деңгейіне SRPC₂ жетеді. Құнсыздану саясаты нәтижесі.

Құнсыздану басқа түрі – ақша мен қаржы саясатының біртіндеп, ақырын шектеледі оның аты бөлшектеу (градуализм). Экономика біртіндеп Филлипс қисығының бірінен екіншісіне өтеді. Әр мезгіл баға ақырындап төмендейді. Жұмыссыздық аздап көтеріледі. Экономика көрсеткіштері шұғыл өзгермегенмен, уақыт өте құнсыздану төменгі деңгейіне толастайды.

Экономикадағы құрбандық (шоповая) саясатының қиындығы экономикалық қысымның шұғыл жүргізілуінде. Кез келген ел жұмыссыздықтың көтерілуі мен өндірістің күйзелістен төмендеуін көтере алмайды.

Бөлшектеу саясатының туындайтын мәселесі сенімсіздік туғызуда, экономикаға қатысушылардың әрекетінің өзгеру мүмкіндігінде. Ондай жағдайда саясат іске аспайды.

5.6. Құнсызданудағы сенімділік (таргетирование – inflation targeting). Орталық қаржы орны мен үкіметтің құнсызданудың жағымсыз дамуына ескертуі мен жасалатын шараларға халық сенімін ынғайтуға бағытталған ісі сенімділік туғызу (таргетирование).

Қаржы саясатындағы құнсыздануға бағытталған ел сенімділігі төмендегідей істерден тұрады:

- Орта мерзімдегі құнсыздану көрсеткішін ашық жариялау;
- Қаржы саясатының басты мақсаты ретінде баға тұрақтылығын анықтау;
- Орталық қаржы орнының ақша бағытының мәліметтік ашықтығы (ақша қалпы, ақша құны, қаржы саясатының әдісін таңдау);
- Орталық қаржы орнының бұқара халық пен, нарықты жоспары, қаржы орындарының мақсаты мен шешімі жөніндегі тұрақты мәлімет байланысын жүргізу;
- Орталық қаржы орнының бұқара халық алдында есеп беруін көбейту.

Құнсызданудағы сенімділік қаржы басқарушыларының ішкі өзгерістерге, ұлттық экономиканың сыртқы тосын жағдайға белсенділік көрсетуіне көңіл аударуына жағдай жасайды. Бұқара халықтың тез ұғынуына, үкіметтің оңай бақылауына мүмкіндік береді. Сенімділік кезінде орталық қаржы орындарына салыстырмалы түрде саяси қысым азаяды, оның "алдын алу" ойына қатысуынан сақтандырады. Дегенмен құнсызданудағы сенімділіктің қаржы саясатының түрі ретінде кемшіліктері де бар. Құнсызданудағы сенімділік қаржы саясатындағы тым катаң ереже. Ол орталық қаржы орнының әрекетінде тым үлкен еркіндік береді, ақша шығаруда үлкен тұрақсыздыққа апарады, нәтижесінде экономикалық өсімнің қарқынын төмендетуі мүмкін. Құнсызданудағы сенімділік әр мезгіл тиімді емес, өйткені қаржы саясатының ұзақ бөліктерінде құнсыздықты бақылау қиын, қаржы жайылуын, қажеттілігін тоқтата алмайды. Құнсыздануды бағдарлаудағы қателіктер көп болуы мүмкін, ол елдің қаржы орындарына сенімділік танытуын қиындатады. Оның үстіне қаржы, ақша саясаты мен үкімет арасында үлкен дәрежедегі қатынасты талап етеді, долларланған елде қаржы күйзелісінің тәуекелділігін көбейтуі мүмкін.

Пысықтау сұрақтары:

1. Ақша құнсыздануы туралы түсінік.
2. Құнсыздану түрлері.
3. Құнсыздану қарқыны, оның өлшемдері.
4. Фишердің теңдеуі.
5. Құнсыздану себептері.
6. Құнсызданудың қысқа мерзімді әсерін айтаныз.

7. Ақшадан қашу.
8. Құнсыздану салығы.
9. Тапталған башмақ.
10. Баға көреткіш шығыны.
11. Жаңа салық өзгерісі.
12. Ақша шығару табысы.
13. Құнсызданудың ұзақ мерзімді әсерін атаңыз.
14. Филлипс қасығы.
15. Өндіріске қызықтырудың бұрмалануы.
16. Байлықты бөлу.
17. Оливер – Танцийдің әсері.
18. Әлеуметтік ширау.
19. Құнсызданудың экономикаға жалпы зияны.
20. Айналымнан ақшаны алу.
21. Лукас үлгісі.
22. Құнсызданудың экономикаға зардабы (алғашқы бесеуін атаныз).
23. -----“----- (соңғы алтауын атаңыз).
24. Құнсыздануды тосу туралы ұғым.
25. Құнсыздануды тосудың түрлерін атаныз.
26. Есептеудегі күту.
27. Бейімделудегі тосу.
28. Ұтымды тосу.
29. Құнсыздануға қарсы саясаттарды атаныз.
30. Қатаң қаржы саясаты.
31. Ақша саясатын қатайту.
32. Табыс саясаты.
33. Басқаруды қайта құру.
34. Құнсыздануға қарсы саясат (дезиинфляция).
35. Құнсыздануды тоқтату саясатының құнының бірінші бөлігі.
36. -----“-----“-----“----- екінші бөлігі.
37. Құнсыздану саясатының нәтижесі нені көрсетеді.
38. Құнсызданудағы бөлшектеу (градуализм).
39. Құрбандық (шоковая) саясатының қиындығы.
40. Сенімділікке жеткізетін істер қандай?
41. Құнсызданудағы сенімділік (тартегирование) деген не?
42. Сенімділіктің берері.
43. Сенімділіктің кемшіліктері.

VI – тарау. Жұмыссыздық талдауы.

6.1. Экономикадағы еңбек айналымы.

Еңбек нарығының жұмыс істеуін жіктеу үшін, оның аймағындағы тұрғындардың бөліктерін айыра білу қажет, шұғылдану және жұмыссыздық, олардың санын анықтайтын мәселелерді табу керек.

Елдегі тұрғындар экономикадағы белсенді халық пен еңбек күшіне кірмейтіндер болып екіге бөліне.

Экономикадағы белсенді халық немесе еңбек күші өзінің денсаулығына (физикалық, психологиялық) байланысты жұмыс істей алатын адамдар еңбек ұсынысын сұрайды. Экономикалық белсенді халықтың шектелуін заңмен анықтайды, жұмыс істей алатын жас пен зейнеткерлікке дейінгі аралық. Ол Қазақстанда 16 мен 63 жас аралығында .Демек олар еңбек ете алатындар. Жұмысшы күшіне жатпайтындар төмендегі көрсеткіштерге кіретіндер:

- екі ай тұрақты жұмысы жоқ және оны іздемейтіндер;
- он жасқа дейінгі балалар;
- зейнеткерлер, 63 жастан асқандар;
- күндіз оқитын студенттер;
- бас бостандығынан айырылғандар;
- қабілетсіздер;
- мүгедектер;
- мешіт қызметкерлері;
- үй шаруасындағылар.

Бұлар жұмыспен шұғылданушыларға да, жұмыссыздарға да жатпайды. Еңбек есебіне кірмейді.

Жұмыс күшіне жататындар төмендегідей болып бөлінеді:

- Еңбек ақы алатын (толық жұмыс күніне);
- Әскери міндетін атқаратындар (солдаттар);
- Жұмысын тоқтатқан жұмысшылар;
- Жұмыссыздар.

Жұмыссыздарға жұмыс іздеушілер орнында (биржа-неміс сөзі *buzse*, латынша *buzsa* – кошелок) тіркеліп, тұрақты жұмысы болмай, белсенді іздеушілер жатады. Егер адам жұмыс іздеуді тоқтатып , жұмыс іздеушілер орнында тіркелкілмеей , екі ай бойы жұмыс таба алмаса ол еңбекке жарамды тұрғындар санынан шығарылып есепке алынбайды. Сондықтан ресми есептеуде:

- Көптен жұмысы жоқ, оны белсенді іздемейтіндер санға кірмегендіктен жұмыссыздар деңгейін дұрыс бағаламайды;
- Жұмыс тауып беру орнында тіркелгенмен, бейресми жұмыс істейтіндер толық уақыт жұмыс істемейтіндер, есепке кірмегендіктен жұмыссыздар деңгейі артық шығарылады.


Жұмыс істеушілер мен жұмыссыздар туралы мәселені толықтай анықтау үшін халықаралық еңбек ұйымдастыру (ХЕҰ) сарапшылары дұрыс өлшелуге бірнеше тәсіл қолданады.

Біріншіден, әрбір он жылда жүргізілетін арнайы ел санын есептеу нәтижесін пайдаланады, онда әрбір үй зерттеледі. Екіншіден, жеке қала, аймақ, мамандық бойынша тұрақты ішінара жүргізілетін еңбек нарығының зерттеулерін пайдалануы мүмкін. Үшіншіден, басқа қолға түскен мәліметтерді пайдаланып арнайы есептеудегілерді түзетеді. Төртіншіден, еңбек есептеудегі жұмыссыздыққа алатын қолдау(пособия-жәрдем) санын қолданады.

Елдегі жұмысшы күшінің өзгерісін байқап экономикадағы еңбек қорының айналымын шығаруға болады (5.1 сурет).

Қысылу (жұмыссыздар өсуін) көрсеткіштері:

- жұмысын жоғалтқандар;
- еңбек нарығына бірінші кіргендер (жоғарғы оқу орнын, мектепті бітіргендер);
- жұмыс іздеуден жүрегі шайлығын , қайта іздеушілер.
- Есептен шығару көрсеткіштері;
- Жұмыс тапқандар;
- Зейнеткерлікке шыққандыр;
- Көңілі қалып, жұмыс іздемеушілер.



5.1. Экономикадағы еңбек қорының айналымы

6.2. Еңбек қорының негізгі көрсеткіштері.

Еңбекпен шұғылданушылар мен жұмыссыздардың талдауы еңбек нарығының сандық көрсеткіштерін шығаруын қарастырады. Олар елдің жұмысқа қатысуын халықтың келуін, жұмысқа кіріп-шығуын бағалайды.

Елдің жұмысқа қатысу деңгейін қатысу мөлшері сипаттайды: $K_1 = \frac{l+u}{N} 100\%$, ондағы l – шұғылдаушылар саны, u – жұмыссыздар саны, N – ел тұрғындарының жалпы саны. Бұл көрсеткіш экономикадағы белсенді халықтың қаншасы жұмыс істеп барлық елдің өмір деңгейін қамтамасыз ететінін көрсетеді.

Жұмыссыздар деңгейі – олардың санының елдегі экономикалық белсенділерге қатынасы $K_2 = \frac{\text{жұмыссыздар саны}}{\text{жұмысшы саны}} 100\% = \frac{u}{u+l} \cdot 100\%$.

Жұмыссыздықтың табиғи мөлшері еңбек қорының толық пайдаланатындағын сипаттайды. Ол ерікті жұмыссыздықты көрсетеді, әрқилы себептерге байланысты бар жұмысқа орналаспау. Ол еңбек қорының айналымымен байланысты $U_N = \frac{3}{s+f}$; мұндағы

$S = \frac{1}{\text{жұмыспен шұғылданудың орташа уақыты}} \cdot 100\%$ - ай сайын жұмысынан айырушылардың үлесі (жұмыстан айырылу мөлшері);

$f = \frac{1}{\text{жұмыссыздықтың орташа мерзімі}} \cdot 100\%$ - ай сайын жұмысынан айырушылардың

үлесі (жұмыстан айырылу мөлшері). $f = \frac{1}{\text{жұмыссыздықтың орташа мерзімі}} \cdot 100\%$ - ай сайын жұмыс табатындардың үлесі (жұмыс табу мөлшері)

Жайшылықта жұмыссыздықтың табиғый деңгейі: $U_N = 3 - 5\%$.

6.3 Жұмыссыздықтың түрі.

Үкіметтің жұмыссыздарға бөлетін жәрдем ақы сияқты әлеуметтік шараларын қолдану үшін экономистер жұмыссыздықтың бірнеше түрін бөледі.

Табиғый (ерікті) жұмыссыздық екі бөліктен тұрады. Жұмыс таңдауға байланысты (фракционная безработница), уақытша жақсысын тандап жұмыстан шығу. Екіншісі құрамдық, сала, аймақ, жұмыс түрлері бойынша сұраныс, еңбектің ұсынысына сәйкес келмейді. Мысалы, қалада шаш алушылар көп, қажеті құрылысшылар. Немесе қаржы орындарына сұраныс көп, ал аймақта тек байланысшылар бар.

Бұл екі жұмыссыздық түрі бойынша қысқару басқа аймақтар мен қалалардағы қажеттіліктердің хабары жақсарғанда жүзеге асады. Немесе, қажет мамандықтарға оқытып дайындағанда іс оңалады. Өртүрлі аймақтардағы өмір деңгейінің жоғарылағаны да әсерін тигізеді. Өйткені мамандығы мен тәжірибесі барларға байланысты сұраныс ауытқиды. Тұрғын үй мәселесінің нашарлығы, жұмысшылардың жанұясының жағдайы, тапқан табысты жұмсай алмау, басқадай экономикалық, мәдени, әлеуметтік, психологиялық жағдайлардың шешілмеуі ауыс-күйіске ықпал жасайды.

Экономикалық үдірістің кезеңдеріне байланысты жұмыссыздық деңгейінің өзгеруі кезеңді (цикличный)- цикл грек сөзі куклос-круг) жұмыссыздық деп аталады. Экономика көтерілгенде өндіріс дамып, жаңа жұмысшыларды жұмысқа алып, жұмыссыздық азаяды. Экономика төмендеп, күйзеліске ұшырағанда өндіріс қысқарып жұмысбастылық азайып, жұмыссыздық өседі. Жұмыссыздық экономика көтерілгенде де қалыпты (табиғый) жағдайдан артса көне (ескі) жұмыссыздық деп аталады. Ондай жұмыссыздық экономиканың дұрыс еместігін көрсетіп, үкіметтің шұғыл, белсенді араласуын қажет етеді.

Кез-келген, жұмыссыздықтың табиғый түріне асқаны амалсыздықтан туындаған деп халықтың қауіпті жағдайын көрсетеді. Олар кәсіпорындарға қабылданбай, қандай да болмасын еңбек ақыға жұмыс істеуге мәжбүр болады. Ал, өз еркімен жұмыссызға айналғандар жақсы жағдайды тындайды. Жұмыссыздық бір салада, көбінесе бір маусымда болса оны мерзімді жұмыссыздық дейді. Мұндай ауылшаруашылығында кездеседі, жазда жұмыс көп, қыста аз.

Кәсіпорынның жұмысының нашарлауына байланысты жұмысшылар сонда бар болғанымен жұмыс істемейді. Оларды жасырын (елеусіз) жұмыссыздар дейді.

Еңбек нарығының жұмыс істеу реті бұзылғанда классикалық жұмыссыздық туындайды. Жұмысшылардың өмір деңгейін көтеру мақсатында үкімет төменгі еңбекақы мөлшерін теңестіру деңгейінен арттырғанда, еңбекке ұсыныс оның сұранысынан артады.

Экономикадағы жалпы сұраныс өндіру мүмкіндігінен аз болғанда Кейнсиан жұмыссыздығы пайда болады. Толық жұмыспен қамтылған жағдайда ағымдағы жалпы сұраныс өндіргеннен кем болса, өнімнің қажет бөлігі

сатылмайды. Кәсіпорын өндіріс пен жұмысбастылықты қысқартады. Ағымдағы өнім шығару мен мүмкіндігінің арасында айырым болып жұмыссыздықта айырым туындайды. Классикалық мағлұматқа қарағанда ДЖ Кейнс жұмыссыздықты шешу үшін үкіметтің белсенді араласуын ұсынады. Жалпы сұранысты үкімет шығынымен жауып, жұмыссыздықты жояды.

Қазіргі замандағы экономиканың даму кезеңі жұмыссыздықтың тағы бір түрінің пайда болуына әкеледі. Ғылыми жетістік өндіріс қорының өнімділігін күрт өсіріп, көптеген жұмысшыларды босатқанда, мамандық мүмкіндігі ескіріп, зейнеткерлікке шығу тақағанда қайтадан дайындықтан өту керек болғанда жұмыс табу қиындыққа соғады. Мұны технологиялық жұмыссыздық дейді. Өндірістің жаппай өзгеруі ескіліктердегілерді ығыстырады, мұны қауымның экономикалық өсімге өтеуі дейді.

Қорытындылағанда жұмыссыздық түрлері төмендегідей болады:

Табиғий жұмыссыздық:

- таңдауға байланысты, құрамдық жұмыссыздық;
- ерікті жұмыссыздық;
- төмен еңбекақыға жұмыс істегісі келмейтіндер.

Таңдауға байланысты жұмыссыздық:

- қабілетін толықтай пайдалануды іздеу;
- жұмыс туралы келісіп, уақытша істемейтіндер, ауыс күйісте, қосымша жаттығуда жүргендер.

Құрылымға байланысты жұмыссыздық:

- салаға байланысты жұмыс орнындағы өзгеріс;
- жұмыс орнының, уақытының сәйкессіздігі;
- еңбектегі сұраныс пен ұсыныс құрамдарының келіспеушілігі.

Кезеңді жұмыссыздық:

- экономикадағы төмендеу әсері;
- экономика жоғарылағанда жұмыссыздықтың жоғалуы.

Маусымды жұмыссыздық:

- жұмыс бастылықтың маусымды құрылымы.

Классикалық жұмыссыздық:

- үкіметтің, кәсіподақтың еңбек нарқына араласуы;
- төменгі еңбек ақының теңдіктегі деңгейінен артық қойылуы;
- кәсіпорындар жұмысбастылықты қысқартады.

Кейнсиандық жұмыссыздық:

- жалпы сұраныстың ұсыныс деңгейінен төмендеуі;
- жұмысшылар ағымдағы еңбекақымен жұмыс істемекші, бірақ кәсіпорындар оларды жалдамайды.

Технологиялық жұмыссыздық:

- жұмыс атқаратын құралдар (машиналар, темірқұлдар) адамдарды ығыстырады.

6.4. Жұмыссыздық салдары. Жұмыссыздықтың дүние-заттық, саналық әсері бар, оның салдарына бағалау мүмкін емес. Жұмыссыздық жағдайының кейбір басымдылықтары да бар. Жұмыссыздықтың салдары мен

басымдылығын екі бөлікке бөлуге болады. Ол жеке бастікі , қоғамдікі. Жеке бастың жұмыссыздығынның басымдылығы еңбекке орналасу (биржа-немісше burse, латынша bursa- кошелек, труд-еңбек) орнына арнайы тіркелуде ақшадай жәрдем көрсетіледі, жанұяға қарауға бос уақыты болады, жақсы жұмыс тосуға мүмкіндігі бар. Зияны өмір сүру деңгейінің төмендеуі, өйткені жәрдем ақы еңбекақыдан төмен. Жұмыс жоқтықтың кеселінен мамандығын, еңбек тәжірибесін жоғалтады, жаңа жұмысқа бейімделуін қиындатады. Егер жұмыссыздық ұзаққа созылса жұмыс іздеу қүштарлығын жоғалтады, жабығады, еңбек етуден тарығады. Сезім әрекетіне бой алдырып, өзінің намысын төмендетіп,білікті мамандығын жоғалтады.

Қоғамдағы жұмыссыздықтың жағымды жағдайы экономикадағы еңбек қорын жақсы пайдалану үшін ақырғы өнім өндіруде жұмыс күшін бөлуінде. Соған байланысты еңбек өнімділігі жоғарылап экономикалық өсім қамтамасыз етіледі.

Бірақ жұмыссыздық қоғамдық шығындармен де байланысты. Біріншіден мемлекеттік қаржыға ауыртпалық түседі. Жұмыссыздыққа төлеу үшін мемлекеттік шығын көбейеді, басқа қажеттіліктер үшін қаржы тапшылығы өседі, қиындықтар туындайды.

Жұмыссыздық еңбек нарығына мемлекеттің араласуына апарады, ол әр мезгіл экономиканың талабына сәйкес келмейді, өйткені нарық қатынасына өкіметтің араласуы еңбек нарығына, экономикадағы басқа нарықтарға жағымсыздық туғызады.

Жұмыссыздыққа мәжбүрлілік дегеніміз экономикадағы еңбек қоры толықтай пайдаланылмайды деген сөз, тауар өндіруі мен қызмет көрсету мүмкіндікке сай толық тай жүргізілмейді.

Жұмыссыздық мәжбүрлілігінен туындаған өндіріс олқылығын 1960 жылы Америка есепшісі (септатист,статистика-неміс сөзі statistik, латынша status – состоянке дел, іс жағдайы) шығарған заңымен бағалауға болады.Оның мәні жұмыссыздықтың қалыпты жағдайынан бір пайызға ауытқуы өндірістің белгілі мөлшерінің ауытқуына әкелді: $\frac{V_t - V^*}{V^*} \cdot 100\% = K_o (U_N - U_T)$: мұндағы V_t – ағымда ІЖӨ: V – толық жұмысбастылықжағы ІЖӨ; K_o – Оукен еселігі ($K_o=2-3$) U_n – жұмыссыздықтың табиғый деңгейі; U_t – жұмыссыздықтың ағымдағы деңгейі.

Сонымен, жұмыссыздыққа байланысты қоғам жұмысшы күшін сәйкес келетін салаға бөліп, ұзақ мерзімдегі жалпы өнімнің өсуіне ықпал жасаса, оның құны қысқа мерзімді өндіріс құлдырауына тең.

6.5. Еңбек нарығының әрекеті.

Жұмысбастылық пен жұмыссыздық өндіріс пен өндіретін өнімге қалай әсер ететінін көрейік . Жұмысқа ықласы мен қоғам ұсынған еңбекақы деңгейі өзара қалай байланысты, тәжірибеге негізделген Оукен заңында не барлығы екендігін баяндайық. Аталған мәселелерді талдау үшін еңбек нарығының әрекетін жіктейік. Алдымен еңбекке сұраныс пен ұсыныстың неден тұратынын еске түсіру қажет. Ол үшін еңбек нарығының кішіэкономикалық талдауына жүгінеміз.

Еңбек ерекше тауар, сондықтан басқалардан өзгешелігі еңбек нарығында айырмашылық туындатады. Ол еңбекке сұраныс пен ұсыныс құралуының өзгешелігі.

Еңбек ұсынысы. Жеке адамдардың жұмыс атқаратын уақыты мен күшін нарықтағы еңбек ұсынысы дейді. Әркім, жұмыс күшінің иесі игілік саналатын бос уақыты мен қиыншылық туғызатын жұмыс уақытын таңдауына мүмкіндігі болады. Ширығу еңбек ақымен, табыспен теңеледі, оны керегіне жұмсайды. Жеке адамның демалыс пен жұмыс уақытын онды таңдауы үшін тұтынушының әрекетін зерттейтін көрсетіштерді пайдалануға болады, ол қаржы тапшылығындағы ең қажеттісі. Бұл жағдайда қажеттілік екі әдіспен көрсетіледі. Тұтынушы өлшемді бағамен сатылатын, тұтынатын тауарларды іріктеу мен бос уақытпен R, жұмыс уақытымен салыстырады. Бірінші жағдайда, жеке адам үшін бос уақыт игілік болып саналатындықтан, екі игіліктің берерін таңдайды (демалу мен жұмыс істеудің берері). Екіншіде жұмыстың берері мен қиыншылығын салыстыру. Еңбекақы бос уақыт пен жұмыс істеген уақыттың бағасы.

Табыстың, еңбек нарығындағы ауыстырудың нәтижесі. Қаржы мен уақыт шектелуінде құндылық қасиетінің жоғарылығына байланысты әркім жұмыс уақытының оңдылығын таңдайды.

Еңбек бағасы өзгергенде екі әсер байқалады: жұмыс ауыстырудың әсері, табыстың әсері. Жұмыс ауыстырғанда соның әсерінен алынған тауардан тұтынудың өзгеруі, ол табыстың ықпалынан тұтынудың азайып, көбеюі.

Еңбек нарығына байланысты салыстырмалы түрдегі қымбат бос уақыттың арзан тауарға айналуы. Ол көп жұмыс істеуге тырысады, өйткені көп игілік табуға мүмкіндік болады. Басқа тауарлардағыдай ауыстырудың тиімділігі игіліктің құнына байланысты, жұмыс ауыстырғаннан түскен қосымша пайда игілік арзандаған сайын берері көп. Табыстың өсуі бос уақытты пайдаланып, оның қысқыруына байланысты. Сонымен, жұмыс ауыстыру мен табыс жұмыс уақытын онды пайдалануға әсер етеді. Сатып алу мүмкіндігі бар еңбекақының өсуі еңбек ұсынысының өзгеруіне әкеледі. кіші экономикалық деңгейде жұмысты ауыстырудың әсері табыстан жоғары, еңбектің жалпы ұсынысының сызығы онды икемдік көрсетеді.

Кәсіпорынның еңбекке сұранысы. Нарықтың екінші жағы (біріншісі ұсыныс) еңбекке сұраныс. Осыған байланысты өндіріс жүргізу үшін кәсіпорын жұмысшыларды жалдау, неге сұранысындағыдай еңбек көлемін тартады, әрбір жұмысшыға неге еңбек ақы төлеуге мәжбүр, дайын өнім еңбек нарқына қалай әсер етеді деген мәселелерді білу қажет.

Еңбекке сұраныстың ерекшелігі. Еңбекке сұранысты жеке адам емес, кәсіпорын жасайды. Сондықтан мұндағы басты мәселе кәсіпорынның әрекеті мен алдына қойған мақсаты. Кәсіпорын шығаратын өнімге қарағанда еңбекке сұраныс одан туындайды, соған сәйкес экономика алдымен халықтың тауар мен атқарылатын қызметке деген қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталғандықтан, жұмыс бұл жерде молшылықтың белгілі бір деңгейіне жетуіне қажетті жағдай деп санау керек. Тұтынушылардың сұранысындағы

тауарлардың саны мен сапасы арасында, тығыз байланыс бар, оны өндіруге жұмсалатын, жалдайтын еңбектің де сапасы арасында қатынас бар. Мұндағы екі нарықтың айқасуы нарық құрылымының жұмыс істеуіне ерекшелік береді. Кәсіпорынның еңбекке сұранысының негізгі мақсаты шығынды азайту. Демек, жалдайтын еңбек пен оған төлейтін ақша өндірістің басқа шығындарымен салыстырғанда арзандау болып, өнімді өндіруге мүмкіндігінше аз қаражат жұмсалғаны абзал. Басқа сөзбен айтсақ жұмсалатын еңбек пен басқа қорлар тиімді өнімдер шығаруға қолайлы болуы тиіс.

Еңбекке сұранысты қанағаттандыру жұмысшылардың ақшалай табысын қамтамасыз етіп, қоғамдағы жұмысшы күшін туғызудың негізі болып, олардың қажетті тауар мен керегін жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Сондықтан еңбекке сұраныс туғызу әлеуметтік мәселеге жатып, табысты қозғап, үкіметтің экономикалық саясатына кіреді. Бұл кәсіпорынның еңбек нарығындағы әрекетіне қосымша шектеу туғызады.

Еңбекке сұраныстың туындауы. Еңбекке сұраныс кәзіргі қоғамдағы күрделі әлеуметтік – экономикалық, көп жағдайларға тәуелді жұмыс. Еңбек нарығы толықтай сұраныс заңына бағынады.

Еңбек сұранысына әсер ететін мәселелер;

1 – кәсіпорын өнімінің сұранысына бағаның икемділігі. Еңбек пен өнім сұраныстарының арасында тікелей байланыс бар. Өнімге сұраныс сондағы өндірістегі еңбек етуді туындатады. Кәсіпорынның өнім сатуының өсуі қосымша түсім береді, оның бөлігі қосымша жұмысшылар жалдап, өндірісті кеңейтуге жұмсалады. Ақырғы өнімге неғұрлым баға икемді болса, соғұрлым кәсіпорынның өндірісін ұлғайтуға ынтасы зор, демек еңбек сұранысына икемдік жоғары.

2 – еңбек өнімділігінің көлемі. Кәсіпорынның еңбекке сұранысы мен еңбек өнімділігінің арасында тікелей байланыс бар. Саладағы жұмысшылардың еңбек өнімділігі жоғары болса, соғұрлым оған сұраныс көп, өйткені еңбек өнімділігіне байланысты өндіретін өнім көбейеді, түсетін түсім артады.

3 – еңбек өнімділігіне ықпал жасайтын мәселелер:

-еңбек бірге қолданылатын жұмыстар.

-өндірістегі жұмыстарды жүргізуді жетілдіру;

-пайдаланылатын еңбектің сапасы

Айтылған үш мәселе тікелей әсер етеді, өйткені еңбекпен атқаратын жұмыстар мен оның жүргізілуі жетілдіріліп, еңбек сапасы жоғарыласа еңбек өнімділігі артады

4.Қор ауыстырудың берері. Еңбектегі қолданылатын қорлардың бірімен екіншісінің ауыстырылуы, оған сұранысты өзгертеді. Ауыстыратынның бағасының жоғарылауы ауыстырылатынның сұранысының азаюына апарады, еңбек сұранысын көбейтеді.

5.Өзара толықтыратын қорлардың бағасы. Толықтыратын қорлардың бағасы еңбекке сұранысқа қарсы әсер етеді. Өйткені толықтыратын қордың

бағасының өсуі оның сұранысын азайтады, демек еңбекке сұранысты да кемітеді.

6. Өндіріске ықпал жасаушылардың икемдігі. Қор бағасы өзгергенде жалдайтын еңбек мөлшерін азайтып, көбейтуге байланысты шешім қабылдағанда, өндірістегі ауыс-күйістің бағасының икемдігі есептелінеді. Өндірісте ауыстырылатын қор неғұрлым икемді болса, соғұрлым арзанға түсетін қорды қымбат еңбекпен ауыстыру оңай. Сондықтан еңбекке сұраныс та икемделеді. Егер өндірістегі қорды ауыстыру қиындаса немесе мүмкін болмаса (Леонтьевтің өндірістік қызметіндегідей), еңбекке сұраныс өзгермейді.

7. Кәсіпорынның жалпы шығынындағы еңбек шығынының үлесі. Кәсіпорын шығынындағы еңбек жұмсау неғұрлым көп болса, соғұрлым еңбекақы үлесінің ықпалы артады. Сондықтан оған тәуелділікті көрсетіп, қызметкерлерді қысқарта бастайды. Еңбекке сұраныс икемделеді. Сонымен, еңбек шығыны өскен сайын, оған сұраныс икемделеді.

8. Еңбек нарығындағы теңдік. Еңбекке ұсыныс сұранысқа теңгелгенде нарықта теңдік пайда болады. Оған еңбек ақы мөлшері ықпал етеді. Ұзақ мерзімдегі заңдылық: еңбек нарығындағы теңдік жұмысбастылық көлемін көрсетеді, жұмысбастылықтағы теңділік экономикадағы өндірістің өнім мөлшерін анықтайды, өндіріс шығынын төлеу, табысты жұмсауға ризашылық бағаның ұзақ мерзімге сақталуын анықтайды. Еңбек нарығы кішіэкономикалық теңдікке жаңа бөлім қосады.

5.6. Еңбек нарығындағы мемлекет. Елдегі жұмыссыздық деңгейін мемлекет қалай қысқартады?

Кейінші уақыттағы жұмыссыздықта оны экономиканың сұранысы шешеді: қаржы немесе қаражат саясаты.

Дәстүрлі жұмыссыздық еңбек нарығына мемлекеттің араласуын азайтуды көздейді. Төменгі еңбек ақы заңын шеттетуге, кәсіпшілікте жұмысшыларды жалдап, босатуды жеңілдетуге, еңбек жағдайын қадағалауды азайту сияқтылар еңбек ұсынысының сұраныстан артуын қысқартатын әсер етуші шаралар.

Үлкен экономиканың заманауи бағытында жұмыссыздықтың табиғи деңгейіне ықпал жасауды ұсыныс экономикасы деп атайды.

Жұмыссыздықтың табиғи деңгейін қысқарту үшін жекелердің жаңа жұмыс іздеуіне ынталылығын көтеріп, жұмыссыздық пен бос уақыттың артықшылығын азайтуды қарастырады. Оған төмендегідей шаралар көмектесуі мүмкін:

1. Табыс салығын азайту. Ондайда жұмысшылардың қолына тиетін ақшасы көбейіп, керегіне жаратады. Еңбекақыдағы бұл өсім жұмысқа шығу ынталылығын арттырады.

2. Жұмыссыздыққа берілетін жәрдем ақыны қысқарту. Кей жағдайда жәрдем ақы алатын еңбек ақыға теңеліп, кейде одан да артып, жұмысқа ынталылығын азайтады. Ал, жәрдемақы аз болса жұмыс іздеушілік көбейеді.

3. Кәсіпкершіліктегі әлеуметтік салықтардың қысқаруы. Қазіргі кәсіпкерлікте таза пайдаға салынатын салықтан басқа, мемлекетке қомықты мөлшерде әлеуметтік салықтар төлеу көрсетіледі, мысалы келешек зейнетақыға төлем, денсаулық сақтауды қамсыздандыру, т.б. Кез- келген салық кәсіпорын үшін шығын, сондықтан аз жұмысшы алып, төмен еңбекақы төлеуді ұсынады. Салықтың салмағын азайтып, өндірісті кеңейтуге тырысып, жеке жұмысшылардың тәжірибесі мен мамандығын пайдалануды ойластырады.

4. Еңбек нарығының басымшылығымен мемлекеттің күресі. Жұмысшылар төмен еңбекақы алып жұмыс істеуге жиі келіседі, бірақ жұмыс берушілер кәсіподақтың жоғары талаптарына сәйкес келісім шарттарда еңбек ақыны көтеруге мәжбүр. Бұл жұмыскерлердің жұмыс жағдайын жақсартып, еңбек ақысын көтергенімен, жалпы экономикада табиғи жұмыссыздықты жоғарлатып, еріксіз жұмыссыз қалуға апарады. Егер еңбек нарығында жекелеген үлкен кәсіпорын жұмысшылар жалдаса, еңбекақы бәсекелестік деңгейден төмен болды. Мұндайда төменгі еңбек ақы табиғи жұмыссыздықты көтереді, өйткені білікті жұмысшылар басқа еңбекақысы жоғары жұмысты тосып жұмыссыздар қатарында қалуды таңдайды.

Мемлекет еңбек нарығындағы басымшылықты жояды, бұл еңбекақысы әркімге жұмысшыларды пайдалануға мүмкіндік береді.

5. Қайта даярлау (оқыту) бағдарламаларын жасап, қолдану. Жұмыскерлердің белгілі бөлігі мамандығы ескіріп жұмыссыз қалады. Қайта дайындау жекеменшіктерде аз және қымбат. Қосымша мамандық алуға мемлекеттің көмегі басқа салаларға ауысуға байланысты жекелегеннің шығынын азайтып жұмыссыздықты қысқартады. Жұмыс іздеуге орай хабарлама беруді ұйымдастыру да мемлекеттің көмегі.

Пысықтау сұрақтары:

1. Экономикадағы ,белсенді халық туралы ұғым.
2. Жұмысшы күшіне жатпайтындар кімдер?
3. Жұмысшы күшіне жататындарды атаңыз.
4. Жұмыссыздарға кімдер жатады?
5. Халықарлық еңбек ұйымдастыру (СХСҰ) сарапшыларының тәсілдері
6. Еңбек қорының айналымын сызыңыз.
7. Еңбек қорының айналымындағы қосылу шығару көрсеткіштері.
8. Жұмысқа қатысу деңгейінің өрнегін (формула) жазыңыз.
9. Жұмыссыздар деңгейінің өрнегі.
10. Жұмыссыздықтың табиғи мөлшері, көрсеткіштері (өрнектері).
11. Табиғи жұмыссыздық түрлері.
12. Кезеңді, көне жұмыссыздық.
13. Жасырын, классикалық жұмыссыздық.
14. Кеинсиан жұмыссыздығы.
15. Технологиялық жұмыссыздық.
16. Жұмыссыздық түрлерін атаңыз.
17. Табиғи, таңдауға байланысты жұмыссыздық.

18. Құрылымға байланысты кезеңдік жұмыссыздық.
19. Маусымды, классикалық жұмыссыздық.
20. Кейінсинандық , технологиялық жұмыссыздық.
21. Жұмыссыздық салдары мен басымдылығының бөліктері.
22. Жұмыссыздықтың жағымды жағдайы.
23. Жұмыссыздыққа мәжбүрлілік.
24. Жұмыссыздыққа мәжбүрлікте туындайтын өндіріс олқылығы.
25. Еңбек ұсынысы.
26. Қаржы тапшылығындағы қажеттілік.
27. Еңбек бағасының өзгеруіндегі әсерлер.
28. Кәсіпорының еңбекке сұранысы.
29. Еңбекке сұраныстың ерекшелігі.
30. Еңбекке сұраныстың мақсаты.
31. Еңбек сұранысына әсер ететін мәселелерді атаңыз.
32. Баға икемділігі, еңбек өнімділігі.
33. Еңбек өнімділігіне ықпал жасайтын мәселелер.
34. Қор ауыстырудың берері, қорлардың бағасы.
35. Өндіріске ықпал жасаушылардың икемдігі
36. Еңбек шығынының үлесі.
37. Еңбек нарығындағы теңдік
38. Жұмыссыздықтағы Кейінсинанн уағызы, ұсыныс экономикасы.
39. Жұмыссыздықты қысқартудағы мемлекет шараларын атаңыз.
40. Табыс салығын азайту.
41. Жәрдем ақыны қысқарту.
42. Әлеуметтік салықтарды қысқарту.
43. Еңбек нарығындағы басымшылықпен күрес.
44. Мамандықты қайта даярлау.

VII-тарау. Экономикалық өсім және дәуір

7.1. Экономикалық өсім. Ұзақ мерзімдегі ІЖӨ көбеюін экономикалық өсім дейді. Экономикалық көрсеткіштердің бір бағыттағы өзгерісін (тренд-ағылшын сөзі trend)- экономика жылжуының бір жақтылығын оның өсімі көрсетеді. Әрбір өткен мерзімде көрсеткіш ауытқып отырады. Ұзақ мерзімде, жүздеген жылдарда экономикалық өмірдің өскендігін байқауға болады. Экономикалық өсім нақтылы ІЖӨ қозғалысын сипаттайды. Ағымдағы өндіру мүмкіндікке сай болмауы мүмкін , сондықтан экономикалық өсімді байқатпайды. Өсім нақтылы көрсеткіштермен байланысты , соған орай елдің қаншалықты байығанын , қаншама өсім, көрсетілетін қызмет өскендігін білу керек. Егер ІЖӨ құндық өсімі болса, ол бағаға байланысты , экономикалық өсімге жатпайды. Экономикалық өсім уақыт өткен сайынғы жалпы өндірудің көлемін көрсетеді. Ол қоғамның өндіріс құралдарын өндіруге қордың бөлігін жұмсағанда ғана болады. Оған неғұрлым көп бөлінсе, соғұрлым экономикалық өсім жоғары. Екінші жағынан бүгін өндіретін өндіріс өніміне

қордың бөлінуі азайып тұтынатын тауар мен қызмет көрсетудің мүмкіндігі шектеледі. Сонымен экономикалық өсім қоғамда қордың бөлінуін көрсетеді: бүгінгі тұтыну ма, жоқ әлде ертеңгі өсу ме? Мұндай таңдауды экономикалық өндірістік мүмкіндігі ретінде сызып та көрсетуге болады. Онда экономикалық өсімді тек тұтыну дүниесімен, жалпы экономикадағы өсімді, ұзақ мерзімдегі жалпы ұсынысты бейнелейді. Сонымен экономикалық өсімнің әртүрлі бейнелеулерінен таңдап, оның жүргізілуін тереңірек зерттеп экономикаға әсерін бағалайды.

Экономикадағы өсім жалпы өндіріс көлемінің көбейгендігін көрсетеді. Сондықтан өсу мөлшерін ІЖӨ өзгерісіне қарап бағалайды: $g_V \frac{V_t - V_{t-1}}{V_{t-1}} \cdot 100\%$,

мұндағы g_V -экономикалық өсімнің қарқыны; V_t -ағымдағы нақты ІЖӨ, V_{t-1} өткен зақыштағы нақты ІЖӨ. Егер $g_V > 0$ болса экономикалық өсімнің оңды жағдайын $g_V < 0$ өсімнің кері болуын, $g_V = 0$ өсімнің болса болмағандығын көрсетеді ІЖӨ өсу қорына өзгергенде, яғни $a_{g_V} / a_e = 0$, немесе $g_V = const$ болса тұрақты экономикалық өсім дейді, ондайда экономика тұрақты бірқалыпты.

2003 жылғы салым банкнің «Coldman Sachs» мәлімет беру Бразилия, Россия, Индия, Қытай дүниежүзілік экономикада келешегі молырақ ел санаған. Жобаға байланысты жүз жылдықтың ортасына қарай қазіргі экономика озықтарының алтауын (АҚШ, Германия, Франция, Ұлыбритания, Италия, Жапонияларды) жинақты көрсеткіш бойынша басып озатын көрінеді. Қытай, АҚШ 2041 жылы, Индия, Жапонияны 2032 жылы басып озады делінген.

ІЖӨ жылжуы экономикадағы жалпы өнімді көрсетеді, оның ішінде өндіріс құралдары мен әскер шығыны бар, олар елдің жағдайын көтеруге қатыспайды. Оның үстіне халық саны әрқилы елдердегі өндірудің бірдейлігі нақты жағдайды көрсетпейді. Сондықтан елдің нақты жағдайын көрсететін көрсеткіш әр адамға келетін ІЖӨ, сол арқылы экономикалық өсімді талдауға болады. 2008 жылы Бразилияда 18 мың, Индияда 16 мың, Қытайда 14 мың, Ресейде 12 мың доллар болған. Экономикалық өсімнің қосымша көрсеткіші ел өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы. Олар ақша табысы, төменгі өмір деңгейі, елдің шығын (жұмсау) құрамы Ресейде 2007 жылы барлық табыстың 10% кәсіпкерліктің 70,4% еңбекақыдан, 10,9% әлеуметтік төлемнен, меншігінен 6,7% басқадай табыс 2%. Ақша табысы мен жиғанының 69,7% тауар сатып алу мен қызмет көрсеткенге төлем, міндетті төлем мен әртүрлі жарна 12,5%, жылжымайтын мүлік сатып алу 3,3% құнды қағаз 14,6%

Өндіріс жағдайларының (көші-қонға байланысты еңбек қорының көбеюі, негізгі қорлардың өсуі, жаңа қазба байлықтарын ашу, т.б) молаюына орай болған экономикалық өсім жай (экстенсивті-сандық) саналады, еселеп (интенсификация-француз сөзі intensif, латын сөзі intencio-напавнение, усиление) еңбек өнімділігі, қордың сонылануы, ғылыми-жетістіктерді пайдаланып өсу болады. Экономикалық өсімнің негізгі үлгісі 1957 жылы шығарған американ экономисі Роберт Солоудың үлгісі.

Аз көлемдегі қорда өндірістің берер санаулы өнімі өте үлкен, қор көбейгенде өнім аз. Мұндай қатынасты көптеген нақты экономикадан көруге болады.

Жан басына есептелетін қорды сақтау үшін құйылатын салымнан жиналған ақша көп болса қордың көбеюіне мүмкіндік береді. Керісінше жағдайда қор азайып, өсім ақырындайды. Ақша жинау өлшемі өзгергенде қор мен тұтыну өзгереді. Қор көбейсе тұтыну шамалы, керісінше тұтыну көбейсе қор азаяды. Жан басына тұтынудың толық қанағаттандырылуы қар жинау мен экономикалық өсімнің алтын заңы.

Солоу үлгісінің талдауына байланысты қалыпты жағдайда бір жұмысшыға келетін қор тұрақты болса, шығаратын өнім де тұрақты. Ұзақ мерзімді экономикалық өсім ақша жинау мен қордың тозу үлесінің өлшемдеріне байланысты емес, бірақ қалыпты жағдайға жету үшін өтпелі кезеңде өнім мөлшеріне ықпалын тигізеді. Қалыпты жағдайдағы қор жинақтау, тозу мөлшеріне, халықтың өсу қорынына байланысты.

Қазіргі кезде жан басына шаққандағы табыс деңгейімен, экономикалық өсімнің қарқынымен елдер әрқилы. Мұндай жағдай әрқашан сақтала ма, дамытын елдердің өмір деңгейі дамыған елдерге жете ме, (конвергенция – латын сөзі *convergens*- сходвація) айырмашылықтары азал ме? Солоудың экономикалық өсімдегі үлгісі ғылыми деңгейде бағалауға мүмкіндік береді. Қор жинау, тозу мөлшері, елдің өсуі, өндіріс әдісі бірдей болған жағдайда ондағы бір адамға келетін қор да бірдей болуы керек. Бастауында қор деңгейі аздардың өсу қарқыны жоғары болады. Демек, олар алдыңғыларды қуып жетіп, айырмашылықтарын азайту дүниежүзілік экономикада байқалады. Солоудың үлгісіне байланысты әр адамға келетін қордың мөлшеріне байланысты табысы да әрқилы. Кедей елге қордың құйылуы байға қарағанда көп болғандықтан экономикалық өсімді тездетеді.

7.2. Экономикалық өсімге ықпал жасаушылар. Экономикалық өсімге әсерін тигізетін мәселелер төмендегідей:

- еңбек қорының саны мен сапасы;
- негізгі қорлардың саны мен сапасы;
- табиғи қорлардың саны мен сапасы;
- өндіріс құралдарының өсуі;
- қоғам құрылымына (институт- уставление, учреждение, наставления, указания латын сөзі) сай экономиканы ұйымдастыру.

Солоудың үлгісінде елдің өсуі экономикалық өсімнің жоғарғы қарқынымен сабақтас, өйткені жаңа өндіруші жұмысшылар келеді. Бірақ адам саны өз алдына экономикалық өсімнің қарқынын сипаттайды. Саны көп елге дамыған (АҚШ, Жапония), дамушы (Ресей, Қытай, Индия), кедейлер (Индонезия, Бангладеш) де жатады. Солоудың үлгісіне қарсы мәліметтер бар. Мысалы, дамыған елдерде халықтың өсу қарқыны төмен, жылына 1% аспайды. Кейбір елдерде халық саны кеміген. Экономикалық өсімге байланысты есептеу мәліметінде (статистика неміс сөзі *statistic состояние*

дел латынша status-жағдайды көрсету) дүниежүзілік экономикада екі мәселе бар.

Біріншіден, халық саны сандай да, салыстырмалы да экономикалық өсімнің басым әсер етушісі саналмайды. Әрине ,аз халқы, өсімталдығы төмен елде дамудың жоғарғы қарқынына жету қиын, дегенмен халықтың көптігі өз алдына өсімді қамтамасыз етпейді.Қазіргі кезде қарапайым өсуден қарқынды өсу басым, ол экономикадағы адам санына көп тәуелді емес.

Екіншіден, экономикалық өсім жалпы жұмысшы санынан гөрі, бөлу құрылымы мен еңбек қорының сапасына байланысты. Мәліметтерге қарағанда дамыған елдерде экономикалық өсімнің қозғаушысы саналатын өндірісте көпшілігі жұмыс істейді. Ал, дамитын , кедей (Африка, Сахараның оңтүстігінде, Оңтүстік Азияда) елдерде дәстүрлі,еңбек өнімділігі төмен ауыл шаруашылығында көпшілігі еңбек етеді. Дамыған елдерде кейінгі елу жылда халық санының өсуі қысқарып, кәрілік меңдеп келеді, ал дамитын елдерде керісінше. Еуропа мен Солтүстік Америкада орта жас 35-41, Латын Америкасы мен Таяу Шығыста 23-28, Африкада 16-18. Дамыған елдерде жасы ұлғайғанда экономикалық өсімге қиындық туғызғанымен (зейнеткерлік жүйесіндегі күйзеліс), кемелене келгендердің еңбек өнімділігі жоғары, сапалы. Жалпы халықтың жартысы балалар мен жасөспірімдер болғанда тәжірибесінің жоқтығынан , біліктілігінің төмендігінен еңбек өнімділігі мардымсыз, демек экономикалық өсім де төмен.

Елдегі экономикалық өсімді қамтамасыз ететін еңбек қорының сапасын сипаттау үшін адам қорының негізгі мағынасын (концепсия –латын сөзі сонсертір -генеральный земысы) қолданады. Адам қоры (капитал-француз, ағылшын сөздері capital, латын сөзі capitalis-главный ,табыс әкелуші)-елдегі жиналған білім, іскерлік, мамандықтағы тәжірибе.

Адам қорының құрамы:

1. Халық орналасуының (демографический, демография-грек сөзі demos-народ ,ел grapho –пишу, жазамын) қоры:

- елдің өсу мүмкіндігі;
- адам қорының жағдайы

2.Білім беру қоры:

- кәсіби білім берумен елді қамту;
- кәсіби білім беру жүйесіндегі мамандар қоры;
- оқу орындарындағы мамандар шығару;
- кәсіби білім беру жүйесіндегі қор жағдайы

3.Еңбек қоры:

- халықтың жұмысбастылық жағдайы;
- еңбек етудің нәтижесі;
- тұрғындардың кәсіби білімділігінің деңгейі

4.Ғылыми-зерттеу қоры:

- ғылыми –зерттеу мүмкіндігі;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелілігі
- ғылыми-зерттеу жұмыстарының қор жағдайы, қаржыландыру

5. Әлеуметтік мәдени қор:

- тұрғындардың тұрмыс жағдайының деңгейі;
- тұрғындардың ұнататын тұтынуы;
- тұрғындарды әлеуметтік-мәдени орындармен қамтамасыз ету маңызы.

Экономикалық өсімге ықпал жасайтын екінші мәселе негізгі қорлардың саны мен сапасы. Әр елдегі негізгі қорларды салыстыру күрделі, оның берерін жоғарғы деңгейдегі бәсекелестік қабілетімен бағалауға болады. Дүниежүзілік бәсекелестіктің салыстырмалы (индекс-латын сөзі index – указатель, список относительный показатель) көрсеткішіне қарап елдің ұзақ мерзімдегі экономикалық өсімнің жетістігін бағалауға болады, ол бірден (өсім жоқ) жетіге (өсімге ең қолайлы жағдай) дейін.

Негізгі қорлар жеке кәсіпкерліктің бәсекелестігіне жауап береді, олар еңбек өнімділігіне қажетті экономикалық жағдайды бағалайды. Мұндайда ең жоғарғы баға бір, төменгі қатынастырылған елдің ең соңғысының реті 2000 жылы ол 127 болған, 2007 жылғы мәлімет бойынша жеке кәсіпкерліктің салыстырмалы (индекс) көрсеткішінде АҚШ-1, Германия-2, Нидерланд-7, Жапония-10, Ұлыбритания-11, Қазақстан-72, Қытай-57, Индия-31, Түркия-46, Киргизия 116, Эфиопия 117, ең ақырғысы 127

Екі көрсеткіште (дүниежүзілік, жеке кәсіпкерлердің бәсекелестігі) экономикалық дамудың бағытын дәлелдейді, дамыған елдер экономикалық өсім мен жұрттың өмір деңгейінің жоғарлауына қажетті еңбек, өсімтал негізгі қорлар иеленуде. Тұрақты экономикалық өсімге жетуге негізгі қорлардың шешуші маңызын көптеген зерттеулер көрсетуде. ІЖӨ өсуінде еңбек қоры мен қорлардың жалпы өнімділігінен қор салымы 2-2,5 есе берері көп.

Қазіргі кезде тұрақты экономикалық өсімді негізінен қамтамасыз ететін өндіріс құралдарының (техника-грек сөзі *techné*- искусство, совокупность средств) өсуі. Оның үш түрін айырамыз; еңбек пен қорды аз жұмсау (нейтральный екеуін бірдей) еңбек үнемдеу, қорды үнемдеді.

Экономикалық өсімге әсерін тигізетін мәселенің бірі жер мен табиғи қорлар. Өндіріске ықпал жасайтын бұл қорлардың ерекшелігі олардың сондай шектеулілігі орны болмайтындығы пайдалануға жарамды бұл қорлардың шектелуі жан басына есептейтін өнім өндірісінің азаятындығында. Егер өндіріс құралдарының өсуі аталған ол қылықтан болса, өсу оңды болады, әйтпесе өсімнің қатал кедергісіне айналады.

Мемлекет әсері. Қазіргі заманда экономикалық өсімді ынталандыруда мемлекеттің атқаратын жұмысы артып келеді. Экономикалық саясатты пайдаланып мемлекет елеулі жетістіктерге жеттіп өнім қарының көтеріп, қоғамның жағдайын жақсартуы мүмкін.

Саясаттың негізгі шаралары: байлар мен ірі кәсіпорындардың табыс салығын азайту, салым салудағы саясат, үнемдеу (жинау) мөлшерін жоғарылату, ғылым мен өндіріс құралжабдықтарының өсуі, адам қорын жинақтау.

Экономикалық өсімге ықпалын тигізетін мәселенің бірі экономиканың бөлімдерінің ұйымдастыруын жетілдіру, ол кәсіпкерлікті тудырып, қолдау

жасау, оның үкіметпен қарым-қатынасын қамтамасыз ету, жұмыстағы жаңалықты ынталандыру. Кәсіпкерлікті ашып, қызметін жүргізуді жылдамдату. Экономикалық еркіндік беру, мемлекеттік экономикалық орындардың жұмысын жақсарту (білімді, таза, жұмысына берілген мамандар т.б.), үкіметтің саясатқа берілгендігі. Экономиканы дұрыс ұйымдастыру жоғары нәтижеге жету мүмкіндік береді.

7.3. Экономикалық өсімнің берері. Экономикалық өсім экономикаға көптеген жақсы жағдай туғызады. Ең негізгісі өндірісті дамытуға мүмкіндік береді, қорытындысында елдегі тұрғындардың өмір деңгейін көтереді. Көптеген әлеуметтік, мәдени жобалар, түбегейлі білім дамуы, кедейшілік мәселесін шешу-барлығы экономикалық өсімнің арқасында қол жететін жағдайлар.

Экономикалық өсімнің өзіндік шығындары бар. Біріншіден, экономиканың жылдам өсуіндегі шығынның ауысуы (альтернатива – француз сөзі *alteinative*, латын сөзі *atter* один из двух, екіншісі бірі), ол елдің бүгінгі тұтынушының қысқаруы. Өсім үшін елдің ағымдағы тұтынуын азайтып, қажетті салымды көбейтеді. Ертеңгі өсімді арттыру үшін бүгінгі тұтынуды қаншаға азайту экономикалық қана емес, әлеуметтік – саяси мәселе.

Екіншіден, негізгі қорлардың берерінің азаюын есепке алу керек. Экономикалық өсім өндіріске ылығы жаңа қорлардың көлемін тартатындықтан қор өсімінің берері азаяды. Алғашқы салымның экономикалық өсімі кейінгісінен жылдамырақ.

Үшіншіден, экономикалық өсіммен қатар жағымсыз жағдайлар да бар. Ол қоршаған ортаны ластауы, өндірістің, тұрмыстың қалдықтарының өсуі, құрал-жабдықтарды пайдаланудан туындайтын қауіптің көбеюі, табиғат күйзелісінің болуы, табиғый қорлардың жылдам азаюы, қала халқының шоғырлануы, тасымалдау, оның жағдайларының мәселесі, әлеуметтік ширығудың, оның халыққа ауыртпалығының өсуі, қылмысты істердің жаңа түрлерінің дамуы.

Төртіншіден, экономикалық өсімнің нәтижесінде әлеуметтік теңсіздік күшеюі мүмкін. Табыс бірдей бөлінбейді. Ол әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің жетілмеуінен, денсаулық сақтау, білім алу жағдайларын (инфраструктура – латын сөзі *infra-* под, структура) әлсірету, зейнетақы төлемінің жетіспеушілігінен.

Бесіншіден, экономикалық өсімге орай өндіріс жұмысында жұмыссыздық пайда болады. Жаңа жұмыс әдістері, қолданылатын жаңа құрал-жабдықтар, өндірістің күрделілігі жаңа мамандарды қажет етіп, мамандығы ескіргендер жұмыссыздыққа мәжбүр болады.

7.4. Экономикалық белсенділіктің айналымы (циклы – грек сөзі *kuklos* – круг)

Экономикалық өсім жоғарғы өндірудің өзгерісін сипаттайды. Әр мезгіл ағымдағы нақтылы ІЖӨ мүмкіндігінен өзгеше болады. Ағымдағы өндіру өзгерісі жұмыс белсенділігінің айналымын тудырады. Жұмыстағы белсенділік айналымы экономикалық өзгерісті көрсетеді, экономикалық жағдайдың қысқа мерзімдегі ай, тоқсан, жылдағы өзгеруін сипаттайды.

Жұмыстағы белсенділік айналымы төрт кезеңнен тұрады:көтерілу(подъем-boom), төмендеу (спад-кризис-грек сөзі krisis- поворотный пункт) (slowdown, czitsis, tzoug) , тоқтау (репрессия- репрессауио латын сөзі - zepzessaliat – унрживать, осранвливать) жандану (отивление, zecotezy).

Бірінші кезең экономикалық белсенділіктің ең жоғарғы деңгейіне сәйкес, экономикадағы жұмысбастылық мүмкіндігінен жоғары, жұмыссыздық табиғый деңгейінен төмен , ағымдағы ІЖӨ өндіру мүмкіндігінен жоғары, жылдамдатылған, жоғары құнсыздануға жылжиды. Экономиканың қызуы экономикалық белсенділіктің тосыннан, шұғыл төмендеуімен аяқталады. Экономикалық күйзеліс басталып, кәсіпорындар жабылады, жұмыссыздық өседі, өндіру мүмкіндігінен төмендейді.Жұмыстағы белсенділік ақырына жеткенде экономика тоқтайды. Өндіріс қуаты ең төмендегі деңгейде, жұмыссыздық жоғары, құнсыздану қысқармайды.Экономика қозғалысының кезеңді болу себебі неде? Өйткені жалпы сұраныс ұсынысқа сай емес,жалпы шығын өндіріске лайық емес. Үлкенэкономикадағы теңдік сұраныс пен ұсыныстың маңызын анықтаушы. Жұмыстағы белсенділік кезеңдері кәсіпорын, үкімет,тұрғындар арасындағы мәселелер болғандықтан өсу мен төмендеудің себептерін білу маңызды мәселе. Экономикалық ойдың көптеген мектептері оған әрқилы жауап береді.Кейбір экономиктер өсу кезеңін маңызды ойлап тапқыштықпен байланыстырады, мысалы темір жол, қоспалы нәрсе (синтетика – француз сөзі syntnegis -соединение),олардың пайда болуы тұрақты емес.Басқа көзқарастарға қарағанда кезеңдік сыртқы жағдайларға байланысты, соған одан кейінгі бейбітшілік жағдай. Экономистердің тағы бір тобы өзгеріс ақша- қарыз өрісіндегі жағдайлар анықтайды дейді, ақша көлемінің көбеюі. Кейбір қисыншылдар(теоретика)бір-біріне қарама-қарсы . Мысалы, кейбіреуі капиталистік экономика табиғый түрде теңелуге тырысады, өйткені үкімет экономикаға араласпаса жұмысбастылық пен бағаның ауытқуы болмас еді десе, басқалары жаңаша өндіру , қордың жеіспеушілігі, еңбек өнімділігіндегі әдістерімен байланыстырады.Бұл екі ойды жақтаушылардың екеуі де мемлекеттің экономикалық саясаты –реттеу, бөлісу,ынталандыруды туғызу-пайда бермейді, зиянын тигізетінін айтады. Үшінші көзқарас та бар, қазіргі экономикалық жүйесе тұрақсыздық лайық, толықсу бар, сондықтан экономика дұрыс бағытта жылжу үшін, мемлекеттің араласуы қажеттілік дейді.Бұл ұлы тоқырау уақытымен байланысты. Тағы бір іліми бағдар бойынша белсенділіктің айналымы экономикалық жүйеге тән. Пайда көп болғанда кәсіпорындар өндірісті кеңейтуге мүмкіндігі бар, қосымша жұмысшылар жалдап алады. Бұл біртіндеп барлық экономикаға жайылады. Осыған байланысты жұмыссыздық қысқарады,соңында нарықтағы жұмысшылардың талабы жоғарылап, еңбекақысы көбейгендіктен кәсіпорынның пайдасы азаяды. Жұмысшыларды шығарып, жұмыссыздардың деңгейі көтеріліп,еңбекақыларын азайтып, тиімділік деңгейін қалыпқа келтіреді. Жалпылама жұмыстан шығару өндіретін өнімге сұранысты азайтады, демек экономиканың төмендеуіне

апарады. Осыдан кейін құбылыс қайта басталып, жаңа кезең басталады. Экономикалық кезеңдердің ұзақтығы әрқилы, тарихта бір жылдың он екі жылға дейін созылғандары бар.

Белсенділік айналымының себептері туралы бір қорытындыға келмеген оған әсер ететін мәселелерді екі топқа бөледі:

Ақшаға байланысты (монетарные-монета-латын сөзі moneta-ақша белгісі)

1. Қарызды үнемі көбейту, қысу;
2. Мемлекеттің экономикалық саясаты ретінде ақша көлемінің өзгеруі;
3. Ақша өзгерісінің ауытқуына байланысты халықаралық байланыстың әсері;
4. Құнды қағаз нарығының өзгерісі

Ақшасыз:

1. Жетіспейтін жалпы сұраныстың кезеңмен пайда болуы;
2. Негізгі қорлардың кезеңмен артық өндірілуі;
3. Құрылымдағы сәйкесіздіктің кезең сайын туындауы;
4. Үнемі қордың артық жиналуы
5. Қару жаракты жаңаланды, кезеңді жаңашылдық;
6. Сұраныстың маусымды ауытқуы;
7. Сату, сатып алудың ауытқуына байланысты халықаралық байланыстың әсері, сату теңдігі;
8. Ұзақ мерзімге пайдаланатын тауарлардың артық өндірілуінің қайталануы;
9. Салым күтудегі толқын (күту, көңіл қалу);
10. Келешекті бағалаудағы жиі кездесетін қателіктер, экономикалық жағдайды жүргізудегі оның залалы;
11. Ауылшаруашылығы өндірісінің ауытқуы (егін шығындылығы);
12. Еңбек өнімділігіндегі өзгеріс;
13. Адам қорының өрісі;
14. мемлекеттің экономикаға үнемі араласуы, оның азайып, көбеюі

Ұзақтығына байланысты экономикалық белсенділіктің бірнеше түрлері болады.

Ең ірісі жүз жылдық. Кондратьевтың айналымы 40-60 жыл, онда жоғары, төмен экономикалық өсім болады, оның ұзақтығы шаруашылықтың әрқилылығында, өсуіне әртүрлі уақыт, қаражат керек. Көбінесе ұзақ мерзім көпір жол, құрылыс, жағдай туғызатын ғимараттар (инфраструктура латын сөзі infra-под, структура) салуға кетеді. Ол ұзақ уақыт пен көптеген қаражатты керек етеді.

Орта мерзімді айналым 15-20 жыл (С. Кузнецовтың зерттеуінше). Себебі жалпылама тұрғын үй, соған байланысты өндірістік ғимараттар, құрылысшылық жұмыс т.б ауыс-күйіс, көші-қонға орай жағдайлар туындайды. Қазіргі кезде Кузнецовтың айналымы жағдай туғызушылық (инфраструктура) ретінде қаралады. Мысалы, Жапониядағы жылжымайтын мүлікке баға өзгерісі, АҚШ-тағы ұзақ мерзімдегі баға көтерілуінің толқыны ұқсайды.

Жюглярдың 10-12 жылдық дәлелденген айналымы, құрал-жабдықтың тозуы, пайдаланатын қордың жалпылама жаңаруына арналған. Ол

айналымның үш кезеңін бөледі, қарқындауы, күйзелісі, жоюы, оған қаржы орнының қарызының ықпалын баса айтады. Экономикалық айналым ақша жұмсау жүйесіндегі заңды құбылыс ретінде қарайды.

Ең қысқа мерзімде айналым Китчиннің анықталуындағы 2-4 жылдық. Мұнда тауар, дүние заттың қозғалысы, қаржы орнындағы, көтерме бағадағы өзгеріс, ұзақ мерзімге пайдаланатын дүниелерді жаппай жаңалау көрсетіледі. Қысқа тасқынның мағынасы негізгі қорға нақты салымның көбеюі дүние мүліктің сұраныстан артуына апаратындығында. Бұл жағдайда салымға сұраныс төмендеп, өндірістің даму қарқыны ақырындайды.

Айтылған айналым мерзімдерінің кәсіпорынның қазіргі экономикалық ілімде кешігуі мәліметтің уақытында жетіспейтігінде.

Кейбір экономистер жыл ішіндегі кейбір тауарларға сұраныстың өзгеретіндігін маусыммен байланыстырады, жаңа жыл, мейрамдар, ауыл - шаруашылығы өнімдерінің күздегі жинауы, жаз, күздегі құрылыстың көбеюі, т.б

Экономиканың қандай жағдайда (конъютура – латын сөзі junctura – свезывать, байланыс) екенін анықтау үшін төмендегідей көрсеткіштерді пайдаланады:

1. Өндіріс жағдайының көрсеткіштері:

- ІЖӨ өзгерісі;
- Өнеркәсіп өндірісінің дамуы;
- Құрылыс жылжуы;
- Көлік тасымалдауының барысы;
- Өндіріс қуатын пайдалану
- Баға өзгерісі.

2. Өндіріс сұранысының көрсеткіштері:

- қор құю барысы(салым);
- қор құюдың өндірістегі құрамы;
- машине, құрал-жабдық сатып алудың үлесі;
- тұрғын үй құрылысының үлесі;
- мемлекет пен жеке меншік қор салымының қатынасы.

3. Қаржы жағдайының көрсеткіштері:

- ұлттық ақша құндылығы;
- өтем көлемінің деңгейі мен өзгерісі;
- беретін қарыз көлемі;
- бермекші қарыз жағдайы;
- қаржы орнына қарыздық берешегі;
- «нашар» берешектің деңгейі;
- қаржы саудасындағы (фоновне биржы) құнды қағаз құны;
- қаржы салыстыруы (индекс – латын сөзі index-указатель, список, салыстыру
- елдегі төлем теңдігінің жағдайы;

4. Тұрғындардың өмір деңгейінің көрсеткіштері:

- еңбек ақының сатып алу қабілетінің өзгерісі;
- тұрғындардың біреуіне келетін орташа табыс көлемі;

-жұмыссыздық пен жұмысбастылық деңгейі

Келтірілген көрсеткіштерге байланысты экономикалық айналымдарды үшке бөледі: дамудағы жоғарғы, төменгі межелер (көтерілу, құлдырау), дамуға қарсы көрсеткіштер, олар құлдырағанда өсіп, көтерілгенде азаяды, үшіншісі кезенді анық көрсете алмайды. Алғашқы екеуінің деңгейі басым, ұқсас, қалушы топтарды жіктейді. Дамуға қарсы көрсеткіштерге жұмыссыздық деңгейі, мемлекет көмегінің жалпы көлемі, кәсіпорынның дүние-мүлік қоры, мемлекет қаражатының жетіспеушілігі жатады. Кезенді анық көрсетпейтіндерге тауар мен қызмет көрсетуді сыртқа сату, зейнетақы төлемінің мөлшері, рұқсатқа төлем, басқадай (паушальный – емеіс сөзі раучае- целикам, суимарный) салықтар жатады.

7.5. Күйзелістің құны. Экономикалық айналымның ең күрделі бөлімі күйзеліс.

Үш мысал келтіруге болады. 1929 жылы бір күнде (29.10.29) АҚШтың қаржы нарығындағы құнды қағазы 10 млрд долларға төмендеп, 25 млн адам зиянға ұшыраған, өндіріс 20 жылға шегіндірілген, жұмыссыздар саны 17 млн адам болған, 2,5 млн адам баспанасыз қалған, т.б

1987 жылдың 19 октябрында («қара дүйсенбі») Лондонның қаржы нарығында салыстырмалы көрсеткіш 30% төмендеп қыруар зиян әкелген. Соның салдарынан Токионың қаржы нарығы бір күнде 17% Австарлия 28% жоғалтқан. Гонконгтің марылғы жабылған 1988 жылдың 17. Тамызында («қара сейсенбі») Ресей қаржы күйзелісіне ұшыраған үкімет құнды қағазын (облигация-латын сөзі obligatio – обязательно, қайтып сатып алу міндеті) алу мүмкіндігі жоқтығын жариялаған. Құнды қағаз сатып алған қаржы орындары зиянға ұшырап, ақшасы тартесе құнсызданған.

Бұл үш мысал адамзаттың экономикалық жұмысындағы көптеген күйзелістерінің елесі ғана, миллиондаған адам баспанасынан айырылып, өмірімен қоштасқаны қаншама.

Дүниежүзілік мәліметтерден күйзелістің залалын келтірсек:

- құнды қағаз құлдырауы 55%-дейін;
- жылжымайтын мүлік нарығындағы төмендеу 35%;
- мемлекеттің қарызының өсуі 86% ;
- ІЖӨ төмендеуі 23%;
- тұтыну 10% төмендеген;
- жұмыссыздықтың өсуі 7-11% құраған.

Күйзеліс, оның ұзақтығы әр елде арқилы 1930 жылғы ұлы тоқырау АҚШ-та 42 айға созылған. Қор нарығындағы құлдырау 3-3,5 созылады. Жылжымайтын мүлік қоры орташа есеппен алты жыл құлдырайды. ІӨЖ мен өнім өндірісі екі жыл төмендейді. Жұмыссыздық қысқармайды, жұмысбастылық төрт жыл бойы өспейді. Күйзелістен кейінгі экономиканың баяу өсуі орташа есеппен бір жыл, оның ең ұзағы Жапонияда 17 жылға созылған. ХХІ ғасырындағы ең терең күйзеліс 2008-2009 жылғы дүниежүзілік қаржы күйзелісі өндірісті үш-төрт есе қысқартқан.

Экономикалық күйзелістен өту мемлекеттің, экономикамен шұғылданушылардың қыруар шығынын қажет етеді. Көптеген шығындарды

сандай бағалау ерекше күрделі. Күйзелістен кейінгі экономиканы қалыпқа келтірудің жолдары бар. Мұндағы басты мәселе мемлекеттің саясаты, қаржы орындарындағы тұрғындардың салымын сақтандыру жүйелері сияқты шараларды қолдану тағы басқалары.

Пысықтау сұрақтары:

1. Экономикалық өсім деген не, ол нені көрсетеді?
2. Экономикалық өсімнің қарқынының өрнегі?
3. Экономикада келешегі молырақ елдерді атаңыз
4. Экономика озықтарын атаңыз
5. Ел жағдайын көрсететін көрсеткіш.
6. Экономикалық өсімнің қосымша көрсеткіші.
7. Экономикалық өсім түрлері.
8. Роберт Солоу үлгісі.
9. Экономикалық өсімге әсерін тигізетін мәселелерді атаңыз.
10. Дүниежүзілік экономикадағы екі мәселені талдаңыз.
11. Адам қорының құрамын атаңыз.
12. _____ « _____ 1,2 бөлігін сипаттаңыз.
13. _____ « _____ 3,4,5 _____» _____.
14. Экономикалық өсімнің 1,2,3 шығындары.
- 15 _____ 4,5 _____.
16. Белсенділік айналымы, кезеңдері.
17. Белсенділік айналымының себептері.
18. Ақшаға байланысты белсенділік.
19. Ақшасыз белсенділіктің 1-7 себептері.
20. _____» _____ 8-14 себептері.
21. Кондратьевтың айналымы.
22. Кузнецовтың айналымы.
23. Китчигиннің айналымы.
24. Экономиканың жағдайын көрсететін көрсеткіштерді атаңыз.
25. Өндіріс жағдайының көрсеткіштері.
26. Өндіріс сұранысының көрсеткіштері.
27. Қаржы жағдайының көрсеткіштері.
28. Өмір деңгейінің көрсеткіштері.
29. Экономикалық айналымдардың атауы(бөліктер).
30. Күйзеліс зиянына мысалдар келтіріңіз.
31. Дүниежүзілік мәліметтердегі күйзеліс мөлшері
32. Күйзеліс ұзақтығы, мысалдар.

Шетел сөздерінің қазақша мағынасы

1. Экономика (грек сөзі oikos- үй, шаруашылық, nomos-ереже, заң) шаруашылықты жүргізу.
2. Микроэкономика –кіші экономика.
3. Макроэкономика –үлкен экономика.
4. Инфляция(латын сөзі inflatio-вздутие) ақша құнсыздануы.

- 5.Банк (итальян сөзі banko-скамя) ақша орны.
- 6.Маркетинг (ағылшан сөзі market-рынок,)-өткізуші орын;
- 7.Инвестиция-қор салу.
- 8.Валюта(итальян сөзі valuta-стоимость, құны) ақша.
- 9.Формула(неміс сөзі formular, латын сөзі formula-форма, правило, түр, өрнек әдісі) –өрнек.
- 10.Экспорт (латын сөзі export-вывожу, шығарамын) сыртқа шығару
- 11.Акциздер (француз сөзі accise -косвенный налог на продажу товара) жанама салық.
- 12.Альтернатива (француз сөзі alternative, латын сөзі alter- один из двух)-салыстырмалы.
- 13.Индекс(латын сөзі index, указатель,список,показатель характеризующий изменение) өзгергіштік.
- 14.График-бейнелеу.
- 15.База(француз сөзі base, грек сөзі basis-белгілі мерзім) салыстыру мерзімі.
- 16.Дефлятор-салыстыру белгісі.
- 17.Экономикалық адам - Homo economicus- жан-жақты әрекеттенуші.
- 18.Оптимальный (латын сөзі optimus-наилучший) ең жақсы.
- 19.Вербальный –жинақтау.
- 20.Графический-сызумен бейнелеу.
- 21.Корпорация (латын сөзі corporatio-объединение) бірлескендер.
- 22.Интегральные измерители (integer-латын сөзі целый,обобщающий)-шекті өлшеу.
- 23.Агрерирование-тізбектеу.
24. Матрица-қалып.
- 25.Совокупный спрос-жалпы сұраныс.
- 26.Гипотеза (грек сөзі hypothesis-основание,предположение) негіз, тұжырым.
27. Гютила (ағылшын сөзі utility-полезность)-пайдалылық.
- 28.Конкуренция(латын сөзі concurrentic қақтығыс)бәсекелестік.
- 29.Форум- жиналыс орны
- 30.Индикатор (латын сөзі indicator-указатель,измеритель) –өлшеушілер, анықтаушы
- 31.Рейтинг(ағылшын сөзі rating-оценка значимости) бағалау.
- 32.Интеллектуальный (латын сөзі intellectus-ум) зиялылық.
- 33.Автономия (грек сөзі –antonomias-закон) өз алдына басқару.
- 34.Кредит (латын сөзі credit-он верит) қайтарам деп алған ақша, не соның құнындай дүние.
- 35.Иерархия (грек сөзі hierarchia- священная власть) деңгейлі жүйе.
36. стратегия – бағыт тәсілі.
- 37.Алгоритм- латын түрінен – послдовательнать провцей выжслительных операции есептеу реті.
- 38.Эксперт-латын сөзі expertus-опытный-анықтаушы.
- 39.СОПС-өндіруші күштерді зерттеу Кеңесі

- 40.Статистика –неміс сөзі statistic, латын сөзі status- составные дел, - мәселенің жағдайы.
- 41.Администрация –латын сөзі administratio-управление, руководство- басқарушы орын.
- 42.Гало тирующия- секіректеу.
- 43.Гиперинфляция-грек сөзі hyper-над, сверх, латынша inflatio-вздутие- шамадан тыс құнсыздану.
- 44.Инфляция- издержек қорлардың қымбаттауы
- 45.Импорт-ағылшын сөзі import, латынша importare-әкелу, сырттан(шетелден) әкелу.
- 46.Дефляция-ағылшын сөзі diflation, латын сөзі deflatio-выдувание,сдувание- үрлеу,өшіру,құнсыздануды басу.
- 47.Сенвораж -ақша шығару табысы.
- 48.Монета-латын сөзі moneta-металдан жасалған ақша белгісі.
- 49.Монетная политика-экономиканы басқаруда айналымдағы ақша мен ақша көлемінің тауармен қатынасы.
- 50.Фискальная политика- фикс латын сөзі fiscus-государственная азна -қаржы саясаты,мемлекеттің байлығы, дүние, ақша,құнсыздану кезінде жалпы ұлттық өнім алуға жұмсалады.
- 51.Облигация-латын сөзі obligatio – обязательство -қарызын төлеуге пайдалануға болатын құнды қағаз.
- 52.Банк- итальян сөзі banco- скамоя ақшамен жұмыс істейтін орын.
- 53.Менеджер-ағылшын сөзі manage-управлять-басқару.
- 54.Институциональные реформы- институциональная –латын сөзі institus – установление,учреждение, institution наставление, указание, реформа- француз сөзі reforme-пребразовываю,басқаруды қайта құру.
- 55.Бонусы- латын сөзі bonus- добрый, хорошии,дополнительное вознаграждение-қосымша ақы.
- 56.Мониторинг- латын сөзі monitor-напоминающий, надзирающий –бақылап отыру.
- 57.Сальдо- итальян сөзі saldo-расчет,остаток-қалдық.
58. saczifice satio -норма жертвы- -құрбандық мөлшері
- 59.Шоковая терапия- француз сөзі – узар,толчок -қатты қимыл, құрбандық.
- 60.Градуализм-бөлшектеу.
- 61.Тартегирование -сенімділік туғызу.
- 62.Биржа-неміс сөзі buzse , латын buzse – кошелок, жұмыс іздеу орны.
- 63.Фрикционная безработица уақытша, еңбек ақысын таңдап жұмыстан шығу.
- 64.Цикличная-цикл грек сөзі kyklos-круг-кезеңді.
- 65.Тренд-ағылшын сөзі trend-бір бағыттағы өзгеріс.
- 66.Экстенсивті-сандық
- 67.Интенсификация-француз сөзі intensive, латын сөзі intencio-напряжение, усиление- еселеп.
- 68.Конвергенция-латын сөзі convergens-сходящийся-кейін кету.

69. Концепция-латын сөзі *conceptio*-генеральный замысл-негізгі мағына.
70. Капитал-француз,ағылшын сөздері *capital*, латын сөзі *capitalis*-главный, табыс әкелуші-қор.
71. Демография- грек сөзі *demos*-народ, *grapho*-пишу-халық орналасуы.
72. Техника-грек сөзі *techné*-искусство,совокупность средств-өндіріс құралдары.
73. Альтернатива-француз сөзі *alternative*, латын сөзі *alter*-один из двух – ауыстыру.
74. Инфраструктура –латын сөзі *infra*-под, структура –жағдай туғызушылар.
75. Репрессия-латын сөзі *repressio*- удерживать, останавливать –тоқтау.
76. Кризис-грек сөзі *crisis*-поворотный пункт, ___ - төмендеу, тоқырау.
77. Синтетика-француз сөзі *synthesis*-соединение – қоспалы нәрсе.
78. Конъюнктура-латын сөзі *coniunctura*- связывать,байланысы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Р.Дарнбуш, С.Фишер. Макроэкономика. Алматы «Білім» 1997 ж
- 2.Н.М.Розанова. Макроэкономика. Москва, Юрайт, 2014
- 3.А.А.Ашимов , Ю.В.Боровский, Б.Т.Сұлтанов, Ж.М.Адилов, Д.А.Новиков, Р.А.Алшанов, А.А.Ашимов. Макроэкономический анализ и параметрическое регулирование национальной экономики. Москва,Физматлит,2011
- 4.Раизберг Б.А., Лозовский Л.Ш.,Старудубцева Е.Б.Современный экономический словарь.Москва, ИНФА-М, 1996
- 5.Г.Г.Мусабаев.Орысша –қазақша сөздік I, II том, Алматы,1978,1981
- 6.П.И.Гребенников, А.И.Леусский, Л.С.Тарасевич Микроэкономика Санкт-Петербург, Изд С.ПГУ Экономика и финансов, 1998 г
7. Е.В.Смирнова,Н.А.Тычина. Инструментарий комплексного экономического анализа устойчивого развития предприятия Ж.Экономический анализ №9, 2009 г
- 8.Р.Т.Дуламбаева, А.Е.Калиева. Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін талдау. Алматы, 2011. ҚазҰУ Хабаршысы №1(83)
- 9.Ю.И.Трещевский .Методология и методика экономического анализа конкурентоспособности региона. Москва,2009 ж. Экономический анализ теория и практика
- 10.О.Н.Беленов . А.А. Анучин Статистические модели и экономический анализ региональный конкурентоспособности.Москва, 2009 ж. Экономический анализ: теория и практика
- 11.Л.Ю.Филобокова. Методические подходы к оценке конкурентоспособности и предпринимательского риска в малом предпринимательстве. Москва,2009 ж.Экономический анализ теория и практика
- 12.Ж.Кайкен, С.Құрманбаев. Ауылшаруашылығы өнімдерін өндіруді жоспарлау.Семей, 2002
- 13.Ж.Кайкен,Т.Түсіпбеков . Экономиканы мемлекеттік реттеу.Семей,2003
- 14.Кайкен Ж.Б., Тойкин С.К.,Қожагелдинов Б.Қ. Әлеуметтік –экономикалық бағдарлау.Семей,2010
15. Кайкен Ж.Б., Сұлтанов С, Қалдыбаев М.М. Кәсіпорын экономикасы. Семей,2010
- 16.Ж.Б.Кайкен , А.М.Алимжанова, Б.Қ.Қожагелдыев . Бағаның туындауы.Семей,2011
- 17.Кайкен Ж.Б., Джандыбаев Т.М, Тойкин С.Х. Агробизнесті ұйымдастыру. Семей,2011
- 18.Ж.Б.Кайкен, Қ.Т.Нұралина, З.С.Джандыбаева. АӨК кәсіпорындарының экономикалық талдауы. Семей, 2012

Мазмұны

Кайкен Ж.Б Тахтаева Р.Ш Джандыбаева З.С

Кіші (микро) және үлкен (макро)
Экономикалардың талдауы.

Жауапты редактор, компьютерге терген

Үкенова Т.С

Баспаға берілген күні 17.04.2018 ж.

Басуға қол қойылғаны 20.04.2018 ж.

Баспа беті 5.2

Басылым 100 дана

Басу орыны: Семей қаласы

"Семей печать"

Гагарин көшесі 122

Тел: 56-62-18